

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің білім  
басқармасы  
«Геология барлау колледжі»  
КМҚК



КГКП  
«Геологоразведочный  
колледж» управления  
образования Восточно-  
Казахстанского  
областного акимата

**0704000 «Пайдалы қазба кенорындарын барлау мен іздеудің  
геофизикалық әдістері», 0701000 «Геологиялық суретке  
түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау»  
мамандықтарына арналған  
«Қазақ тілі мен әдебиеті»  
пәнінен базалық тірек конспектісі**

**Марканова Г.А.**

**0704000 «Пайдалы қазба кенорындарын барлау мен іздеудің геофизикалық әдістері», 0701000 «Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау» мамандықтарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен базалық тірек конспектісі**

Колледждің әдістемелік кеңесінде бекітілген

Әзірленген \_13.02.2017 ж.  
(мерзім)

**Семей қаласы, 2017 ж.**

Марканова Г.А. 0704000 «Пайдалы қазба кенорындарын барлау мен іздеудің геофизикалық әдістері», 0701000 «Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау» мамандықтарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен базалық тірек конспектісі – 76 бет

Базалық тірек конспекті оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес 0704000 «Пайдалы қазба кенорындарын барлау мен іздеудің геофизикалық әдістері», 0701000 «Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау» мамандықтарына әзірленген және I курс студенттеріне арналған. Ол құрамында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша II бөлімнен яғни қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінен тұрады, негізгі теориялық және тәжірибелік материалдар, сондай-ақ, құрамында бақылау сұрақтары мен тапсырмалары бар. Негізгі түсініктердің анықтылығына, олардың ерекшеліктері мен түрлеріне қысқа мерзімде жаңа ақпараттарды пайдалана отырып студент жауап бере алады және емтиханды сәтті тапсыра алады. Базалық тірек конспектісі студенттерге ғана емес, оқытушыларға да сабаққа дайындалу және оны өткізу кезінде тиімді.

## Мазмұны

р/с	Бөлімдер мен тақырып атаулары	бет
	<b>I бөлім - қазақ тілі бойынша</b>	<b>5-19</b>
<b>1</b>	Кіріспе.. Тіл-тарихи құндылық. Сөз мәдениеті Адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі	5
<b>2</b>	<b>Қазақ тілінің түп -тамыры</b> Қазақ тілі-түпкі түрін сақтаған байырғы тіл. Тұңғыш қазақ әліпбиі.	6
<b>3</b>	Қазақ тілі-қазақ халқының ұлттық тілі.Елбасының «Тәуелсіздік толғауы»	7
<b>4</b>	Қазақ тілі-кемелденген тіл. Тілдің грамматикалық дамуының көрсеткіштері	7
<b>5</b>	<b>Әдеби тілдің стильдік тармақтары және олардың айырым белгілері.</b> Сөйлеу тілі туралы түсінік.Қазақ әдеби тілінің белгілері Сөйлеу тілі және оның айырым белгілері.Сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері.	8
<b>6</b>	Кітаби тіл және оның айырым белгілері.монологтың түрлері: Сипаттау, баяндау, пайымдау Орфографиялық нормалар. Орфоэпиялық нормалар.монологтың түрлері:	9
<b>7</b>	Сөз сапасы. Сөз байлығы ұғымына енетін лексика-фразеологиялық ,морфологиялық, синтаксистік жүйелер. Сөз тазалығы. Әдеби тіл мен диалектизмнің арақатынасы.	11
<b>8</b>	<b>Бақылау жұмысы .</b>	13
<b>9</b>	Сөз бедері және стиль(Көркем әдебиет, публицистика, ресми іс қағаздары	13
<b>10</b>	<b>Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас.</b> Тілдік қарым-қатынас туралы түсінік. Әлеметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі.(Амандасу, қоштасу, құттықтау, көңіл айту, тілек айту, бата беру)	14
<b>11</b>	Қаратпа сөз әдебі. Қаратпа сөздерді қолданудың мақсаты. Ресми қатынасқа тән сипаттар.	15
<b>12</b>	Сөз мәдениеті және шешендік өнер. Шешендік сөз: дәстүр мен жаңашылдық. Шешендік сөзге қойылатын талаптар.	16
<b>13</b>	Шешендік өнердің тарихы. Шешендік сөздің көріктеуіш құралдары. Тілдің бейнелеуіш құралдары: айшықтау, риторикалық сұрау, қайталау, градация, метофора, салыстыру, эпитет, теңеу т.б	17
<b>14</b>	<b>Пікірталас мәдениеті.</b> Пікірталас түрлері: әңгіме және «Дөңгелек үстел»,пікір алмасу, ойталқы, ойкөкпар, сөзталас, пікірсайыс, айтыс. Пікірталас мәдениетінің талаптары.	19
<b>15</b>	<b>Бақылау жұмысы .</b>	19
	<b>II бөлім – қазақ әдебиеті бойынша</b>	<b>20-75</b>
<b>1</b>	<b>XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдебиеті.</b> <b>Жалпы шолу.</b> Абыл Тілеуұлы «Арғымақ атта сын болмас» жыр-толғауы мен «Қырымның қырық батыры» дастаны <b>Д.Бабатайұлы</b> «Еспембет» дастаны	20
<b>2</b>	<b>М.Өтемісұлы</b> «Менің атым-Махамбет», «Тайманның ұлы Исатай» <b>С.Аронұлы</b> «Бөрілі менің байрағым»,»Ту алып жауға шапсаң сен», «Датқалар» өлеңдері ,»Сүйінбай мен Қатаған айтысы»	26
<b>3</b>	<b>XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеті.</b> <b>Жалпы шолу.</b> <b>Қ.Күржіманұлы</b> «Есқали сұпыға айтқаны», «Осы күні жолдас болдым сексенменен» өлеңдері. «Адай тегі» дастаны <b>М.Мөңкеұлы</b> «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қарасай-Қази»	27
<b>4</b>	<b>М.Ж.Көпеев</b> «Хал-ахуал», «Ғибратнама», «Сарыарқа кімдікі» өлеңдері «Гүлшат-Шеризат» дастаны <b>Ш.Бөкеевтің</b> өмірі мен шығармашылығы «Қайран жерім», «Құйрық атып құлия». «Қосаяқ» өлеңдері, «Қашқын» поэмасы	28
<b>5</b>	<b>XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеті.</b> <b>Ш.Уәлиханов</b> «Ыстықкөл күнделігі», «Жоңғар очерктері», «Қазақ халық поэзиясының түрлері» <b>Ы.Алтынсарин</b>	29

	«Залым төреге», «Азған елдің билері», «Азған елдің хандары»	
6	<b>А. Құнанбаев</b> «Өлсем орным қара жер», «Сегізаяқ». «Ескендір» дастаны 5, 7. 19-шы кара сөздері	32
7	<b>Ш. Құдайбердиевтің</b> өмірі мен шығармашылық жолы, лирикасы. «Жастарға», «Дүние мен өмір» өлеңдері, «Еңлік-Кебек» дастаны	36
8	<b>Әнші-сазгер ақындар Б. Қожағұлұлының</b> өмірі мен шығармашылығы. «Жамбас сипар», «Ләйлім шырақ» <b>Ақансері Қорамсаұлы</b> «Жайықтың ақ түлкісі» <b>Әсет Найманбаев</b> «Қор болмас зерек адам ақылы бар», «Арғынмын, атым Әсет арындаған», «Тоты», «Адамның жасы жөнінде»	38
9	<b>XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет</b> <b>А.Байтұрсыновтың</b> өмірі мен шығармашылығы. «Маса», «Анама хат», «Жиған-терген», «Қырық мысал» жинақтары	38
10	<b>Міржақып Дулатовтың</b> «Қазақ жерлері», «Шәкірт», «Таза бұлақ». «Бақытсыз Жамал» романы <b>Жүсіпбек Аймауытовтың</b> өмірі мен шығармашылығы	40
11	<b>Мағжан Жұмабаевтың</b> өмірі мен шығармашылығы, лирикасы. «Жазғы таң», «Толқын», «Туған жер», «Сен сұлу», «Шолпы өлеңдері»	42
12	<b>Бақылау жұмысы</b>	42
13	<b>Сұлтанмахмұт Торайғыров</b> өмірі мен шығармашылығы, «Туған еліме», «Оқып жүрген жастарға», «Сарыарқаның жаңбыры». «Қамар сұлу» романы	44
14	<b>Спандияр Көбеевтің</b> өмірі мен шығармашылығы, ағартушылық қызметі <b>Сәбит Дөнентаевтың</b> өмірі мен шығармашылығы	45
15	<b>Сәкен Сейфуллиннің</b> өмірі мен шығармашылығы. «Нұра», «Біздің жігіттер», «Сыр сандық», «Шаһит <b>Бейімбет Майлиннің</b> қазақ әдебиетінде алатын орны. Әлеуметтік лирикасы. <b>Ілияс Жансүгіровтың</b> өмірі мен шығармашылығы, лирикасы.	47
16	<b>М. Әуезовтың</b> «Абай жолы» романы, драмалық шығармалары «Абай жолы»- ғасырлық туынды.	54
17	<b>Ж. Жабаев.</b> «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» дастандары <b>Сәбит Мұқановтың</b> өмірі мен шығармашылығы, өлеңдері, поэмалары «Сұлушаш»	57
18	<b>Ғ. Мүсіреповтың</b> өмірі мен шығармашылығы. «Қазақ солдаты» романы <b>Ғ. Мұстафиннің</b> өмірі мен шығармашылығы	59
19	<b>Қ.Аманжолов</b> «Ақын өлімі туралы аңыз», <b>Ә.Тәжібаев</b> «Портреттер», «Монологтар»	61
20	<b>Қазақ поэзиясының дамуы</b> (С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев өлеңдері).	66
21	<b>М.Шаханов</b> «Желтоқсан жаңғырығы», «Түсінісу теоремасы», <b>М.Мақатаев</b> «Қайран Қарасазым-ай» өлеңдері	67
22	<b>1960 жылдардан осы кезге дейінгі әдебиет</b> <b>Прозаның дамуы</b> (І. Есенберлин, Қ. Нұрпейісов, Т.Ахтанов, Х.Есенжанов)	70
23	<b>Ш.Мұртаза</b> «Қара маржан», «Қызыл жебе», <b>С.Жүнісов</b> «Ақан сері», <b>Қ.Жұмаділов</b> «Дарабоз»	72
24	<b>Ә.Кекілбаев</b> «Аңыздың ақыры», «Бір шөкім бұлт», <b>М.Мағауин</b> «Тазының өлімі», <b>О.Бөкеев</b> «Біздің жақта қыс ұзақ» Әдеби жанрлар. Әдебиет танытушылар	74
25	<b>Бақылау жұмысы</b>	75
	Оқушылардың білімін бағалау көрсеткіштері	75
	Әдебиеттер мен оқу құралдарының тізімі	

## 1-сабақ.

Кіріспе. Тіл-тарихи құндылық. Сөз мәдениеті Адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі

Өмір, тіршілік адамдардың бір-бірімен араласуын, қарым-қатынас жасауын қажет етеді. Адамдардың қарым-қатынас жасайтын, түсінсетін негізгі құрал құралы – тіл. Дұрыс қарым-қатынас жасау үшін әр адамның сөйлесе білуі керек. Сөз , сөйлесу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыруы тиіс. Енді адамдардың арасындағы қарым – қатынас деген ұғымды қалай түсінуге болады?

Қарым – қатынас деген адамның отбасымен, өскен, араласқан ортасымен, елімен, жерімен, дәстүрлерімен және мәдениет қазынасымен етене әрі жанды байланысы. Адамдардың әдептілік нормалары тұрғысынан бір- бірлерімен өзара араласуларын, ауыс-түйістерін, байланысын білдіреді. Қарым-қатынас адамдардың ішкі жан дүниесінің сырқы көрінісі, олардың күнделікті өмір тіршілігіндегі бейнесін жасаудағы іс- әрекет.

Жақсы қарым-қатынасты жасауды білу және солай әрекет ету – әрбір адамның міндеті. Жақсы қарым-қатынас дегеніміз - - адамның бойындағы ең әдемі қасиеттердің өмірдегі көрінісі.

Жақсы қарым-қатынастар адам бойында өткінші болмайды. Ол адам бойында қалыптасып, бірге жасайды. Ал ол үшін кісінің әуелі әдептілік негіздерін бойына сіңіру шарт. Өйткені әдеп болмай, жақсы қарым-қатынас та болуы мүмкін емес. Әдеп– сөйлеудегі, пікірлесудегі мәдениет тірегі.

Бұдан түйетін қорытынды, жақсы қарым-қатынас жасау – әдептілікті, мәдениеттілікті, сөйлеу білу, сөйлесе білу мәдениет меңгерудің қажеттігін көрсетеді.

Жеке адам мәдениеті деген - адамның ойлау қабілеті, өзінің және айналасындағылардың әрекеттеріне , болмысына талдау жасай білу қабілеті.

Мәдениет – адамның рухани және материалдық , интеллектілік пен сезімдік қасиеттері айқын аңғарылатын белгілерінің жиынтығы.

Ендеше мәдениет сөзінің аясы кең, мағынасы сан тарау. Соның ең негізгісі - тіл мәдениеті. Тіл, сөз – егіз ұғым.

Мәдениеттің туы – тіл, ол адамзаттың мұратымен астасып жатады. Әр ұлттың тілі сол ұлтпен бірге пайда болған, дамып отырған. Сондықтан да , өз тарихына, ұлттың дәстүріне, туған жеріне, туған тіліне қамқар көзбен қарап, қадірлей білген адам ғана мәдениетті болады.

Сөз мәдениеті - үндестіріп дұрыс айту, сауатты жазу , сөздерді орнымен қолдану.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңының 1 тарау, 4-бабында не туралы айтылған?
2. «Сөз мәдениеті» тақырыбына мәтін жазыңыз.

### **Бақылау тапсырмалары.**

1. « Тіл - тарихи құндылық» деген тақырыпқа мәтін құрыңыз .
2. Сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құрыңыз: Мемлекеттік тіл, орта білім, құқық, үйрену, арнайы пәндер, жағдай жасау.

## 2-сабақ

### Қазақ тілінің түп - тамыры

Қазақ тілі-түпкі түрін сақтаған байырғы тіл. Тұңғыш қазақ әліпбиі.

Қазақ тілі – қыпшақ тілдер тобындағы ең бай және көркем тіл. Қазақ тілі – түркі тілдер тобына жататын көне тілдердің бірі. Қазақ тілі түркі тілінің «Қыпшақ-ноғайлы тілдері» деп аталатын тобына жатады.

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тарихы бойында басқа түркі халықтарымен қонысы, саяси-шаруашылық жағдайы жағынан да тығыз байланыста болып келгені сияқты, оның тілі де сол халықтар тілімен өте жақын қарым-қатынаста болды.

Бұл жағдайлар көне замандардан басталатын жазу түрлерінің , жазба нұсқалардың түркі халықтарының барлығына да ортақтығын, оларды қалыптастыруға, дамытуға олардың барлығының , да солардың ішінде біздің бабаларымыздың да шама-шарықтарына өз үлестерін қосқандығын байқатады. Сондықтан да олар қазіргі түркі халықтарының, солардың ішінде қазақ халқының да жазу тарихын , жазба нұсқалары тарихының бір кезеңі, көне замандық белгісі ретінде танылады. Осыған орай қазақ тілі туыстық сипаты жағынан да , ұқсастық белгілері жағынан да «түркі тілдері» деп аталатын топқа қосылады. Типологиялық белгілері жағынан басқа түркі тілдері сияқты қазақ тілі де жалғамалы (агглютинативті) тіл деп есептеледі.

Түркі тілдер тобына енетін тілдер:

1.қазақ 2. әзербайжан 3.қырғыз 4. өзбек 5.татар 6.түрікмен 7.чуваш  
8.қарақалпақ 9.түрік 10.башқұрт 11.якут(саха) 12.тува 13. хакас 14.алтай 15.  
құмық 16.қарашай-балқар 17.гагауз 18.ұйғыр

Осылардың ішінде бір-біріне жақын көне қыпшақ –ноғайлы тілдері:

1.қазақ 2.ноғай 3.қарақалпақ 4.қарашай-балқар 5.қырғыз 6.татар 7.башқұрт  
8.құмық.

Түркі тілдерінің туыстығы олардың лексикалық мағынасынан, дыбыстық жүйесінен, грамматикалық құрылысынан нақты байқалады. Сонымен қатар түркі тілдерінің әрқайсысына тән фонетикалық, лексикалық, грамматикалық өзгешеліктер де болады. Ондай өзгешеліктерді қазақ тілін басқа туыстас тілдерімен малыстыра отырып та байқауға болады. Басқа түркі тілдерінде **б,ғ,г** дыбыстары келетін орындарда қазақтар **у, к, қ** дыбыстарын қолданады. Мысалы: аба – ауа , тағ – тау, гелді – келді; **ш** дыбысы келетін біраз сөздерде қазақтар **с** дыбысын қолданады. Мысалы: баш – бас , таш-тас; **и** дыбысы келетін жерде қазақ тілінде **ж** дыбысы айтылады.Мысалы: иаш-жас, иол-жол, иыл- жыл; Түркі тілдерінде – **лар** қосымшасы Үндестік заңы бойынша өзгермейді, қазақ тілінде өзгереді. Мысалы: маллар- малдар, атлар-аттар.

### Бақылау сұрақтары.

1. Қазақ тілі туралы өз ойыңызды жазып беріңіз.
- 2.Тіл туралы 5-6 мақал-мәтелдер жазыңыз.
3. «Төте жазу. Тұңғыш қазақ әліпбиі» тақырыбына мәтін құрастырыңыз.
- 4.Қазақ тілінде пайдаланылған алфавиттер туралы диалог құрастырыңыз.

## 3-сабақ

Қазақ тілі-қазақ халқының ұлттық тілі.Елбасының «Тәуелсіздік толғауы»

**Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі**

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі . Қазақ тілі өткірлігімен бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандарып, ұғымына қонымды, жүрегіңе тиімді. Қысылтаяң жағдайда қайрап, егеп, сөзз тапқанға қолқа жоқ дегендейін ерге, елге медет болып, адам түгіл жағдайдың көмеіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл деп Б.Момышұлы айтқандай тіліміздің тамыры тереңде жатыр. 22-қыркүйек-Тілдер мерекесі. Осы ұлы дүбірлі той республика көлемінде аталып өтуде. Тіл – біздің мемлекетіміздің , ұлттық өркендеуіміздің тірегі. Паустовскийдің «Ана тіліне немқұрайлы қарау , өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз» деп айтқан пікірде үлкен мағына бар.

Ж.Аймауытов 1918 жылы «Абай» журналында шыққан мақаласында былай деген: «Естеріңізде болсын, қара халықтың мәдениетті болуынан, мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын Баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек...басқа ұлт тәрбиесінде кеткен бала ұлт қызметкері бола алмайды». Шынында да , бүгінде әр түрлі деңгейдегі лауазымды адамдарымыз аз емес. Бірақ солардың бәрі де ұлт мүддесін қорғап отыр ма?... »

Тіл- әрбір ұлттың сезімінің , ойының бейнесі. Қазақ халқы – сөзге шешен, ойы ұшқыр,мақалдап сөйлейтін халық.Кез-келген дауды атақты билеріміз бір ауыз сөзбен шеше білген. Осынша жылдар бойы жеңілмей келе жатқан тіл. Ендеше ана тіліміз қазақ тілінің мерейін көтеру болашақ ұрпақ сіздердің еншілеріңізде.

#### **Бақылау сұрақтары.**

1. «Қазақ тілі - қазақ халқының ұлттық тілі» тақырыбына мәтін жазыңыз.
- 2.Тәуелсіздік – халқымыздың басты құндылығы. Елбасының барлық қазақстандықтарды тәуелсіз Қазақстанның игілігі мен көркеюі үшін еңбек етуге, қоғамымыздың жалпы құндылықтарын: Бейбітшілікті, Келісім мен Бірлікті бағалауға және нығайтуға, ұлттық дәстүрлерімізді сақтауға және дамытуға шақыратындығы сондықтан » берілген сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыз.

#### **4-сабақ**

#### **Қазақ тілі-кемелденген тіл. Тілдің грамматикалық дамуының көрсеткіштері**

*Қазақ тілінің грамматикасы туралы алғашқы мәліметтер Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргиз-казахского наречия» (1860–61) деген еңбегінде айтылады. Бұл – қазақ тілінің кейбір ерекшеліктерімен таныстыруға арналған тұңғыш еңбек. Кейін М.А.Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (1875),П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» (1894, 1897),В.В.Катаринскийдің«Грамматика киргизского языка» (1897), т.б. еңбектер жарық көрді. Қазақ тілін таныстыру мақсатын көздеген, сол тілдің негізін түсіндіруге тырысты.*

19 ғ-дың 2-жартысында**40-қажуық сөздік**жарық көрді.

Бұл сөздіктер Ресей империясына қараған халықпен қарым-қатынас жасауына көмектесу мақсатын көздеген. Ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңнің өзі:

*а) қуғын-сүргінге дейінгі кезең (1912–29);*

*ә) қуғын-сүргіннен кейінгі кезең (1930–88) болып екіге бөлінеді.*

Қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасып, дамуы А.Байтұрсыновтың есімімен тығыз байланысты. Оның қазақ тілі оқулығы ретінде жазған «Тіл-құрал» атты еңбегінде, мақалалары мен баяндамаларында тіл білімінің өзекті мәселелері сөз болады.



Байтұрсыновтың оқулықтары, мақалалары грамматика саласының қалыптасуына негіз болды. «*Ғалым сөз жүйесі мен түрлері*», «*Сөйлем жүйесі мен түрлері*» деп атаған оқу құралдарында қазақ тілінің *морфология, синтаксис салаларын арнайы зерттеп, оқушыларға түсінікті және жеңіл тілмен жеткізе білді*. Осы еңбектер арқылы сөз тіркесі, сөйлем, бастауыш, баяндауыш, зат есім, етістік, толықтауыш, т.б. атаулар қалыптасып, тұрақталды. Байтұрсынов сөзжасам туралы да еңбектерін жазды. Ол лексикология және лексикография саласында еңбек етті.

**Байтұрсынов** тілге қатысты зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, есімше, көсемше, т.б. атауларды ойластырды. **Ж.Аймауытовтың, Кеменгеровтің** мақалаларында жергілікті тіл ерекшеліктері, кейбір сөздердің **этимологиясы сөз болды**. Осы жылдары орта мектеп пен пед. уч-щелерге арналған грамматикалық ғылыми еңбектер, сөздіктер басылып шықты. **1946 ж.** Қазақстан ғылым академиясы құрылды. Академия ғылыми-зерттеу жұмыстарын жан-жақты жүргізілуіне, мамандардың көптеп даярлануына жағдай туғызды. 1960–70 жылдар аралығында көптеген монографиялар жазылды. Фонетика мәселелерін салыстырмалы түрде зерттеу, ғылым, көркем әдебиет, мерзімді баспасөз тілдерінің, әдеби тіл тарихының, тіл мәдениеті, орыс тілі мен қазақ тілін салыстыра қарастыру мәселелері, т.б. қолға алынды. **1930 жылдан** бастап *салыстырмалы фонетика* саласы пайда болды. Бұл салада Жұбанов көп еңбек етті. **1930–40 жылдардан бастап** сөз таптары мен олардың жекелеген категориялары туралы арнайы еңбектер көптеп жарық көрді. **1940 жылдан бастап** синтаксистің жекелеген мәселелері зерттелді. Қазақ тіліндегі жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің түрлері анықталды, жақсыз сөйлемнің, құрмалас сөйлемдердің сыр-сипаты ашылып, ауызекі сөйлеу тілінің синтаксисі туралы мәліметтер берілді. Қазақ тілінің ғылыми курсы **1954 ж.** «*Қазіргі қазақ тілі*» деген атпен жарық көрді. **1962 ж.** фонетика мен морфология тарауларынан құралған «Қазіргі қазақ тілі», **1967 ж.** морфология, синтаксис салаларын қамтыған «Қазақ тілінің грамматикасы» атты **екі томдық** басылып шықты. Ал **1980 ж.** сөзжасам морфологиядан бөлек бөлініп шықты. Сонымен қатар синтаксис саласы да едәуір дамыды. Қазақ тіліндегі сөздердің байланысу тәсілдері, сөздердің орын тәртібі зерттелді.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Сөйлеу тілі туралы туралы жазбаша мәтін құрастырыңыз
2. Қазақ тілі туралы диалог құрастырыңыз.
3. Берілген сөздерден 5-6 сөйлем құрастырыңыз: *ашу, болса, көп, ақылдан, ақыл, ашу, кетер, ашудан, көп, ақыл, кетер, болса.*

### **5-сабақ**

#### **Әдеби тілдің стильдік тармақтары және олардың айырым белгілері.**

Сөйлеу тілі туралы түсінік. Қазақ әдеби тілінің белгілері Сөйлеу тілі және оның айырым белгілері. Сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері.

Сөйлеу тілі — күнделікті қарым-қатынаста пайдаланатын әдеби тілдің бір түрі. Сөйлеу тілі белгілі бір жағдайда сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланысты болады. Ал ауызша сөйлеуде еркіндік басым келеді. Үйреншікті жағдайда адамдар емін-еркін сөйлейді. Сондықтан күнделікті тұрмыста жиі жұмсалатын дағдылы сөздер мен сөз тіркестері қолданылады. Сонымен бірге сөйлеу тілі жазбаша түрде де қолданылады деген пікір бар (жекелеген адамдардың хат жазысу, күнделік

жүргізу т. б.). Сөйлеу тілі мен кітаби тіл арасындағы айырмашылықтар көптеген факторлар (бейресми жағдайда, дайындықсыз өтуі, сөйлеуші және тыңдаушы жақтардың болуы т. б.) әсерінен туындайды. Өмірдің барлық саласында сөйлеу тілі кеңінен пайдаланылады, бірақ қарым-қатынас жағдаятына байланысты оның атқаратын қызметі және тілдік құралдардың пайдаланылуы бірдей болмайды. Сондықтан сөйлеу мәнері де әртүрлі болады. Сонымен бірге сөйлеу тілінде интонация, сөз екпіні, ым, дене қимылы үлкен қызмет атқарады. Ым мен дене қимылы сөйлеу үстінде белгілі бір нәрсенің көлемін, түрін т. б. бейнелеуді (мысалы, ұзындығы мынандай—дене қимылы—сала құлаш жылан көрдім), құптау, мақұлдауды (бас изеу), шақыруды (қол бұлғау), қорқытуды (қолын аузына апару) т. б. білдіре алады. Кітаби тіл секілді, сөйлеу тілінің қалыптасқан нормалары бар. Оның өзіндік ерекшеліктері тілдің барлық деңгейінде көрінеді. Дыбыс жүйесінде, мысалы, бір дыбыстың орнына басқа бір дыбыстың айтылуы (анаң қара), дыбыстарды түсіріп айту, (кеп-келіп, босын-болсын), дыбыстың созыңқылығы (ке-ре-мет!) т.

б., морфологияда кейбір морфемалардың түсіріліп айтылуы (барам-барамын, барад-барарды), синтаксисте сөздердің орын тәртібінің еркін болатындығы (Іштеме шығар ма екен осы көптен! Ғ. М.) т. б. Сөйлеу тіліне тән белгілерді кездестіруге болады. .

Әдеби тіл туралы түсінік.

Қазақ әдеби тілі - қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қолданылады, мәдени жұртшылықтың бәріне ортақ нормасы бар, ауызша және жазбаша түрде қызмет ететін тіл. Қазақ әдеби тілі қоғамдық өмірдің білім мен ғылым саласында, құқықтық қатынас саласында, бұқаралық ақпарат саласында, әдебиет пен өнер саласында, тұрмыстық қарым-қатынас саласында қызмет етіп, тілдік ұжымның қарым-қатынас қажетін өтейді. Осымен байланысты қазақ әдеби тілінің бес түрлі стильдік тармақтары қалыптасып сараланған: 1.білім мен ғылым саласында - ғылыми стиль, 2.құқықтық салада- ресми стиль, 3.әдебиет пен өнерде - көркем әдебиет стилі, 4.бұқаралық ақпарат саласында - публицистикалық стиль, 5.тұрмыстық қарым-қатынаста - сөйлеу тілі стилі.

**Бақылау сұрақтары.**

1. Монологтың түрлері: сипаттау, баяндау, пайымдау, олардағы кітаби тілдің қолданылу сипаты туралы мәтін құрастырыңыз.
2. Досыңыздың мінезін, сырт келбетін сипаттаныз.

## 6-сабақ

Кітаби тіл және оның айырым белгілері.монологтың түрлері: Сипаттау, баяндау, пайымдау

Орфографиялық нормалар. Орфоэпиялық нормалар.монологтың түрлері:

**Монолог** – (гр. *monos* - дара, гр. *logos* - сөйлеу) кейіпкердің көпшілікке қарата немесе өзіне арнап айтқан сөзі, толғанысы, өсиет-уағызы.

**Монолог** – сөз өнерінде кейіпкердің ішкі жай-күйін, толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылатын тәсіл. Монологтың ерекшелігі бір адамның ойы, сөзі көрініс табады. Сахналық Монологта кейіпкер өзімен-өзі сырласқандай болып, тыңдаушы не көрерменнен жауап күтпейді. Абайдың “*Болыс болдым, мінеки*” өлеңі лирикалық монолог болса, Алтай (“*Сұлушаиш*”), Қоңқай (“*Ақансері – Ақтоқты*”) репликалары эпикалық, драмалық монологтарға мысал бола алады. Монологта

кейіпкердің ой-тұжырымдары айтылып, оның жай-күйі айқын аңғарылады. Монологты ғылыми тұрғыда интраперсоналды сөйлеу деп те атайды. Монолог сөйлеудің жанрлық сипатына байланысты, қызметтік-коммуникативтік жағдайға қатысты (хабарлау, пайымдау, үгіттеу, т.б.) кейіпкердің төл сөзі, ғылыми баяндама, насихаттық сөздер болып бөлінеді. Мәтінде монолог диалог үлгісінде де, диалогпен араласып та келе береді. Соңғы жағдайда диалогтық, монологтық сөз кестелер іараласып, әрекеттесіп қолданылады.

**Монолог** – сөйлеуші өз ойын бір, бірнеше, көп адамдарға арнап айтатына уызша сөйлеу әрекеті.

Монолог тек қана ауызша сөйлеу ыңғайында бола бермей, жазбаша түрде де кездеседі. Екі жағдайда да (ауызша және жазбаша) негізгі ерекшелігі – бір адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы. Монологтың өзіне тән байымдау, синтаксистік құрылым, лексикалық бірліктерді (единицаларды) таңдап жұмсау, бір шама жинақы пікір сияқты өзгешеліктері болады. Бұл аталған белгілердің сөйлеу немесе жазу жанрларына байланысты (көркем монолог, шешендік сөз, тұрмыстағы әңгіме т. б.), функциональдық-коммуникативтік қызметіне қарай (сипаттау, баяндау, әңгімелеу, сендіру т. б.) әртүрлі монологтар көрініс береді. Жанрішілі қайырмашылықтар (автор сөзі, кейіпкерлер тілі, ғылымы баяндама, үгіт-насихат мақсатындағы сөз т. б.) монологтың стилистикалық ерекшіліктерін танытады. Кейбір ғалымдардың пікірінше, монологтың белсенді болуы (риторикалық сұрақтардың жиі ұшырасуы, аудиторияға тікелей қарата сөйлеу дәстүрі т. б.) оны "диалогтандыра түседі", яғни адресаттарды (тыңдаушылар мен оқырмандарды) сөйлеуші немесе жазушы өзінің ойына етене араластыра алады. Монологтың бір көрінісі ретінде көркем шығармада, әсіресе, прозалық дүниедегі авторлық баяндау, бір жағынан, әдеби тілді ауызекі сөйлеу тіліне бір шама жақындатса, екінші жағынан, тыңдармандар мен оқырмандарды оқиғаға араластырып жіберетін ұлы сөз зергерлері де бар. Демек, монолог туралы сөзболғанда, тек көркем әдебиеттегі мысалдарды келтіру біржақты болады. Ғылыми баяндамада да, көпшілік алдында сөйлегенде де, екеу, үшеу ара сөйлескенде де, монологтың шебер құрылуы арқылы тыңдармандарымен диалог құрып кететін шешендер де болады. Монологта сөйлеушінің басты **мақсаты** – тыңдаушыға хабарды мүмкіндігінше **анық** жеткізу.

Әрбір тыңдаушының келіп түскен хабарды қабылдау, түсіну, қорыту сапасы түрліше болғандықтан, сөйлеуші түрлі лингвистикалық құралдарды, тәсілдерді қолданаалады.

Оларға мыналар жатады:

- Қаратпа сөз және т.б. толықтырылған жай және құрамалас сөйлемдер;
- Риторикалық сұрақтар;
- етістіктің 1 жағы көпше түрі (оқимыз, қарастырамыз);
- байланыстыру құралдары (біріншіден, сонымен, яғни, қорытаайтқанда), сонымен қатар қайталаулар т.б.

**Абай қарасөздерінде қолданылуы**

Абайдың «Қарасөздерінде» монолог мол ұшырасады. *«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір, бірталай өмірімізді өткіздік...»* (Біріншісөз). *«Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды*

*шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» (Бесіншісөз). «Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды - бірлік, ыры салды - тірлік», - дейді, бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады - білмейді» (Алтыншы сөз). Жеке өз аузынан айтылған пікір болғанымен, Абайдың әр «қарасөзі» жалпыхалықтың, қалың жұртшылықтың ойын білдіріп, үлкен ғибратты түйін жасайды. Осындайда кейіпкер ойы мен автор ойының бір жерден шығып отыратынын байқау қиын емес. Автор ойы мен кейіпкер ойының тұтастығы Абай өлеңдерінде де ерекше көзге түседі: «Жігіттер, ойын арзан, күлкі кымбат, Екі түрлі нәрсе зой сыр мен сымбат...» «Ішім өлген, сыртым сау, Көрінгенге деймін-ау, Бүгінгі дос – ертең жасу, Мен не қылдым, япырма-ау?!» Монологтың тек қана бірінші жақтан немесе үшінші жақтан айтылуы шарт емес, жақ түрлерінің қай-қайсысы да келе беруі әбден мүмкін. Ұлы ақынның өлеңдерінде екінші жақтан айтылатын монологта аз орыналмайды: «Сен мені не етесің? Мені тастап, Өнер бастап, Жайыңа Және алдап, Арбап, Өз бетіңмен сен кетесіңірген..» Абай шығармаларында монолог елеулі стильдік қызмет атқарып, автор ойын оқырманға тиімді жеткізудің бір тәсілі ретінде қолданылған.*

### **Бақылау сұрақтары.**

1. «Тілдік норма - әдеби тілдің ең маңызды элементі» тақырыбына мәтін жазыңыз.
2. Стыльдің қандай түрлері бар?

### **Тапсырмалар**

1. Тілдік норма және стиль туралы мәтін жазыңыз
2. Қазақ әдеби тілі туралы диалог құрастырыңыз.
3. Берілген сөздерден 5-6 сөйлем құрастырыңыз: *ашу, болса, көп, ақылдан, ақыл, ашу, кетер, ашудан, көп, ақыл, кетер, болса*

## **7-сабақ**

Сөз сапасы. Сөз байлығы ұғымына енетін лексика-фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелер. Сөз тазалығы. Әдеби тіл мен диалектизмнің арақатынасы.

Сөз мәдениеті, жазу, сөйлеу әдеби, ерекшеліктері дегенде назарға алынатын тұс — тілдің тазалығы. Жазу мен сөйлеуде әдеби тіл нормасына жатпайтын, тіл көркемдігін бұзатын артық-ауыс сөздерді қолданбау қажеттігін барлығымыз білеміз.

Әдеби тіл — өңделген, сұрыпталған, сол тілде сөйлеушілердің барлығына түсінікті тіл. Ендеше белгілі бір тілде таза жазу, сөйлеу дегенде, ойға қажетті сөзді таңдауда оның қолданыс сипатына, сөйлеуші халық тіліне алыс-жақындығына қарай аламыз. Тілдің қызметі халықтың қоғамдық-өндіріс, қоғамдық-саяси, сондай-ақ рухани байлығын көрсете, аша алуында.

Тіл тазалығы айтар сөзге, ашар ойымызға пайдасы шамалы, қажеті мәнсіз, орны белгісіз сөздермен әуестенбеуді талап етеді. Басқа тілден енген сөздерді мүлде сөздік қордан да шығарып тастай алмаймыз. Десек те, оны қолданудың орнын, ретін тапқан жөн. Әрине, көркем әдебиетте белгілі бір ортаның ерекшелігін ашу үшін қаламгер басқа тілден енген сөздерді, диалектілер мен варваризмдерді пайдаланады. Бірақ, бұның өзі — шығарма шырайын ашса ғана мақсаттың өтелгені.

Сөйлеу мен жазуда тілдік норманы сақтау қажет.

Лексикалық норма: сөздің тура және ауыспалы мағына жасау мүмкіншілігін;

—морфологиялық норма: сөзге қосымша жалғау ретін, сөзден жаңа сөз жасау ерекшелігін;

— синтаксистік норма: сөз тіркесу, сөйлем мүшелері орнын, инверсиялық өзгешелікті назарда ұстау десек, осы нормаларды білу, ұстаным ету сауатты да білімді, мәдениетті адамның ісі.

Сөз байлығы – оралымды тілге қойылар талаптың бірі. Айтушының сөзі тыңдарман қауымға тартымды болуы үшін сөз байлығы жақсы, сөздік қоры мол болуы тиіс. Адамдар сөйлегенде бос қайталауларға бой алдырып, сөз жұтандығын танытады, тілдің коммуникациялық сапасын күрт төмендетіп жібереді. Әрбір айтылған сөздің салмақты болғаны жөн. Құр бос ауаға айтылған сөздің еш қадірі жоқ. Ол айтушының сөз байлығының төмендігін көрсетеді. Әдемі сөйлеуді, дұрыс сөйлеуді тіл мәдениетін үйрену арқылы жетілдіруге болады. Сөздік қорын молайту үшін кітапты көбірек оқу керек, аса көрнекті қаламгерлерден, тіл нақышы келісті сөз зергерлерінен үйрену керек. Сөздің аса мол кені көркем әдебиетте жинақталған. Мысалы, М.Әуезовтің 20 томдық шығармаларында сөздің саны 30 мыңнан астам. Қара сөздің қас шебері М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында 16983 сөз қолданған. Мұндай деректі өзге де әйгілі қаламгерле тілі жайындағы статистикалық деректермен салыстырсақ, цифр сыры ашыла түседі. А.С.Пушкин өз шығармаларында 21197, У. Шекспир 15000 сөз қолданған. «Абай жолы» эпопеясында 1 және 2 рет қолданылған сөз саны – 8698, Пушкин шығармаларында мұндай жиіліктегі сөздің саны – 9301, Мамин-Сибиряқтың «Приваловтар миллионы» романында 11283 сөз қолданыс бар. 1,2 рет қолданылатын сөз саны – 7312.

Әрбір тіл сөзге бай. Сөздердің санын математикалық тұрғыдан санап, санын дәл айту мүмкін емес. Қазір ғалымдар тілдің сөздік қорын жуықтап айтады. Тіл байлығын олардың құрамында сөз саны емес, олардың қолданысы анықтайды.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Сөз сапасына әсер ететін тілдік шарттар туралы айтыңыз.
2. . Әдеби тіл нормасын сақтау, сөздерді талғап, саралап «таза» қолдану дегенді қалай түсінесіз.
3. Ұғымды, заттарды, құбылыстарды бейнелеп айту тәсілдеріне мысалдар келтіріңіз.
2. Сөз дұрыстығы ұғымын қалай түсінесіз.

## **8-сабақ**

### **Бақылау жұмысы.**

**Диктант, деңгейлік тапсырмалар.**

## **9-сабақ**

Сөз бедері және стиль(Көркем әдебиет, публицистика, ресми іс қағаздары)  
**Тілдік норма және стиль.** Әр тілдің өзіне тән төл заңдылығы бар. Сонымен бірге тіл-тілге ортақ заңдылықтар да бар. Тіл тарихын зерттеуші белгілі тіл білімпаздарының көрсетуінше, сондай заңдылықтардың бірі – кейбір сөздердің аяққы дауыстыны жоғалтып отыруы. Зерттеушілер бұл құбылысты тілдегі ашық буынды сөздердің шектен тыс көбейіп кетпеуі, сөздің дыбыстық жағынан ықшамдалуы тәрізді заңдылыққа байланыстырады. Тілдегі ашық буынды сөздер мен көпбуынды сөздердің қалыптасқан белгілі бір ара салмағы болуға тиіс. Егер

олардың ара салмағы бұзылса, бірінен екіншісіне ауысуы пайда болуы мүмкін. Ондайда ашық буын тұйық буынға, көп буынды сөз аз буынды сөзге айналу тенденциясы пайда болады. Тіл қолданысымызда жиі кездесетін варианттардың бір типін осы құбылысқа қатысты қарастыруға болады. Олар: *тәңір – тәңірі («иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар»)*, *сауыр – сауыры, беймаз – беймаза, дағар – дағара, көкпар – көкпары, қодық – қодыға, алхор – алхоры, баған – бағана, бидай – бидайы (жастықтың бидайысы), дабыр – дабыра, бекзат – бекзада, нысан – нысана, ертек – ертегі, шабдал – шабдалы, шаитараз – шаитаразы, заман – замана* т.б. Егер сөздіктердің біріне немесе күнделікті тіл қолданысымыздағы тәжірибемізге зер салсақ, осы варианттардың соңғы дауыстысыз түрі (*тәңір, сауыр, көкпар, шабдал* т.б.) қалыптасып, не қалыптаса бастағандығы байқалады. Бұлардың ішінде де мағыналық айырым, стильдік рең алып, дербес қасиетке ие болғаны не соған бейім тұрғандары да бар. Дабыр – «даң-дұң», «у-шу»: *Тыстан кірген суық пен көп кісінің дабырынан тынышы кеткен Ділде басын көтерді* (М.Әуезов). Дабыра – «даурықпа сөз», «дабыра қылу», «жұртқа жаю»: *Шырағым, мұндайдаулы мәселені сен жұрт арасына әзірге дабырақыла көрме* (С.Мұқанов).

Осы жарыспалы қолданыстардың қатарында стильдік рең алған вариантқа *заман – замана* сөзін жатқызуға болады. *Заман* – бейтарап стиль. *Замана* – кітаби стиль, көтеріңкі реңде жұмсалады: *замана келбеті, замана үні, замана талабы* т.б. Тілде белгілі бір ұғымның бірнеше сөзбен аталатыны бар: жазушы – *қаламгер, суреткер, егінші – диқан, мұғалім- оқытушы, ұстаз* т.б. Бұл – әдеби тілдің стильдік айырым жігін даралай түсетін белгілер. Олай дейтініміз сөздердің қолдану аясы, жұмсалу орны осындай мәндес сөздер арқылы саралана түседі. *Жазушы, мұғалім, оқытушы* сөздері әдеби тілдің барлық тармақтарына (стильдеріне) тән бейтарап сөздер болса, *қаламгер, суреткер, ұстаз* – публицистика, көркем әдебиет стиліне тән мазмұны көтеріңкі қолданыстар. **Мысалы**, ресми стильде *Жазушылар одағының мүшесі* деп айтуға болатыны белгілі де, осы ұғымды *Қаламгерлер одағының мүшесі* деп қолдану лайықсыз болар еді.

Елімізде ғылым, өндіріс, шаруашылықтың әр алуан салаларының қарқынды дамуы тіліміздің сөздік құрамына да әсер етті.

Тілімізде терминдер мен терминдік ыңғайдағы сөздер де көбейді. Тіпті баспасөз бетінде олардың тым жиі жұмсалуы, әсіресе **публицистика** (газет-журнал, радио, телевизия саласындағы тіл) стилінде терминдерге **экспрессиялық балама іздеу тенденциясын күшейте түсті**. Сондықтан болар, астықты алтын дән, көмір мен мұнайды **қара алтын**, малды **аяқты қазына**, теледидарды **көгілдір экран**, президентті **елбасы** т.б. деп атау дағдылы, **қажетті қолданысқа айналып отыр**. Бұларды термин сөздердің «қосарында» жүретін ерекше экспрессиялы сыңары деуге болады. **Бірақ**, жоғарыда аталғандай, экспрессиялы сөз қатарларын қызметіне сай жұмсамау әдеби тілдің стильдік нормасына нұқсан келтіреді, кей жағдайда тіпті өрескел әрі түсініксіз көрінеді (мысалы, ешбір адамның «*5 тонна қара алтын түсіріп алдым, бір қап алтын дән алдым*» деп сөйлемейтіндігі белгілі).

### **Бақылау сұрақтары.**

1. «Тілдік норма - әдеби тілдің ең маңызды элементі» тақырыбына мәтін жазыңыз.
1. Тілдік норма және стиль туралы мәтін жазыңыз.
2. Стильдің қандай түрлері бар?

## Тапсырма

1. Берілген сөздер мен тіркестерді оқып, жазылуы мен айтылуын салыстырыңдар, дыбыстық өзгеруінің себебін айтыңдар.

жазылуы: айтылуы:

жұмысшы жұмысшы

сөзсіз сөссіз

қыс бойы қыс пойы

ақ гүл ақ күл

## 10-сабақ

### Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас.

Тілдік қарым-қатынас туралы түсінік. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі. (Амандасу, қоштасу, құттықтау, көңіл айту, тілек айту, бата беру)

Тілдік қарым – қатынаста не? Адамзаттың бір-бірімен қарым-қатынасы тіл арқылы жүзеге асады. Адам көңіліне не әсеретеді? Сөз қатынасының қандай түрлері болады?

Адам көңіліне әсерететін сөйлеудегі ізеттілік, құрмет, құттықтау, кешірім сұрау, көңіл айтуд. б. сөздердің қарым – қатынастағы рөлі зор. «Сіз деген – сөздің сынығы, сен деген – сөздің анығы» қалай түсінесіздер?

1. Тілге сыпайылық үстеп, ізеттілікті білдіретін сөздерді атаңдар.

2. Үлкен мен кішінің арасындағы сыпайылықты білдіретін қаратпа сөздерді ата.

Тілдік қарым – қатынастың әлеуметтік сипаты мен жағдаяты.

Кез келген адам қоғам өмірінде белгілі бір әлеуметтік іспен айналысады, онда сол әлеуметтік ортаның өкілі болады.

Мысалы қоғамдық көлікке мінсе – жолаушы, дүкенге кірсе сатып алушы, үйге келгенде – ата – ана, ұмыста – маман, қызметкер. ( жас ерекшелігі, мекені, кәсібі, отбасындағы орны)

Сөздің ортаға байланысты қолдану жағдаяты, мәні деген ұғымға: сөйлеушінің тұрақты әлеуметтік белгілері, айнымалы әлеуметтік белгілері...

Адамдар арасындағы тілдік қарым- қатынасты екіге бөлеміз.

1. Әлеуметтік тұрмыстық қатынаста қолданылатын сөздер.

2. Іскерлік қарым – қатынасқа байланысты сөздер (ресми сөздер)

### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары.

1. Құттықтау жазыңыз.

2. Батаның түріне мысалдар жазыңыз.

## 11-сабақ

Қаратпа сөз әдебі. Қаратпа сөздерді қолданудың мақсаты. Ресми қатынасқа тән сипаттар.

Қаратпа сөз — сөйлемде айтылған ойдың кімге арналғанын білдіру не оған басқаның назарын аудару мақсатында жұмсалатын сөз немесе сөз тіркесі. Қаратпа сөз, сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, ерекше әуенмен айтылады, сөйлеушінің көңіл күйін, моральдықты білдіреді. Қаратпа сөз болатындар: жалқы есімдер, туыстық атаулар, эмоционалдық мәнді сөздер, көркем әдебиетте жан-жануар, жер-су атаулары т.б. Қаратпа сөз сөйлемнің басында келсе, одан кейін үтір, не

леп белгісі, ортасында келсе, екі жағынан үтір белгісі, соңында келсе, оның алдынан үтір қойылады.

Мысалы: Балам, жөніңді айтшы, бізді көрсен сәлем бер деп әкең айтып па еді, жоқ өздігіңнен істедің бе?— деді. (М. Әуезов). Сөйлей бер, ақ домбырам, дүмбірлеген (Жамбыл). Ау, қызғыш құс, қызғыш құс, Қанатың қатты, мойның бос (Махамбет). Қаратпа сөздерді А. Байтұрсынұлы "Тіл — құралында" бұратана сөздердің қатарына жатқызған.

Эмоция —экспрессиялық әсерге бай екен деп сөздерді талғаусыз кез-келген жерде қолдана беруге тағы болмайды. Екі бүктетіліп отырмаса да, кей ерлі —зайыптылар бірін-бірі шал, кемпір деп отырады. Шалың келді ме? Кемпірің қайда? Тәрізділерді әзілі жарасқан құрбылардың айтып отырғанын да ара-тұра естіп қаласыз. Мұндай сөздерді қолдану кейбіреуге тіпті тұрпайы көрінеді. Ал бейтаныс ортада, үлкен-кіші аралас отырыста, қоғамдық орындарда әлгідей «іш-тарта» айтылған сөзді араластырып сөйлеу жағымсыз эмоция тудырады. Ондайда үлкенді сыйламағандық, кішіні елемегендік деп түсінеді. Осы тәрізді бір алуан этикет сөздер ортамен есептесіп, санасып отыруды талап етеді.

Оқушылар, студенттер қадірмен ұстаздарына қарап ағай, апай деген сөздерді көп қолданады. Бұлар аты-жөнін білмеген кісіге айтылатын ресми қаратпа сөз сияқтанып кетті.

Халқымызда тағы сондай құрмет нышандары ретінде ер аттарының басқы буындарын қысқартып алып, оған- еке, ақа сөзін қосатынымыз бар: Әлеке, Жүмеке, Есеке, Мәке, Кәке, Жәке, Сәке сияқты қаратпаларды, әдетте тонның ішкі бауындай жақын, жасы үлкен адамдарға айтамыз.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары.**

1. Қаратпа сөз дегеніміз не?
2. Қандай сөздер қаратпа сөздің міндетін атқарады?
3. Қаратпа сөздердің тыныс белгілерін түсіндіріңіз.
- 5.«Балалар бүгін ата-аналар жиналысы болады» , «Сабағыңды жақсы оқы балам», «Мұғалімнің сөзін Саша мқұият тыңда» деген сөйлемдерден қаратпа сөздерді тауып, тыныс белгілерін қойығыз.
- 6.Қаратпа сөздермен үш сөйлем құрыңыз.

### **12-сабақ**

Сөз мәдениеті және шешендік өнер. Шешендік сөз: дәстүр мен жаңашылдық. Шешендік сөзге қойылатын талаптар.

**Шешендік сөз** немесе **шешендік өнер** - ежелгі Грекия мен Рим заманынан бермен қарай көптеген халықтардың мәдени, рухани, өмір тіршілігіндегі өнердің бір түрі. Шешендік сөздер ағып тұрған поэзия, тұнып тұрған философия.

**Шешендік** - ұшқыр ойдың қас қағымда тілге оралымдылығы, байламы; дер кезінде дәл мағынасын дөп басар бейнелілігі; мәнді, ойлы сөздердің мәйекті мақал мен мәтелге айналуы; дау-дамайда қазылық, мәмілегерлік; ара қатыста елшілік, жаугершілікте бітімгерлік; ұрпаққа, қалың қауымға өсиет.

Шешен (жетпаңдай, ділмар, айыркөмей, орақ ауыз, от тілді, сөзуар, тапқыр) - тілге жүйрік,сөз қисынын тауып айтатын халық қалаған сөз шебері.



Шешендік сөз мынадай талаптарға жауап беруі керек.

- Белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршы топ алдында ауызша айтылған сөз болу.
- Әңгіме өзегінің дәлелі (аргумент) болуға тиіс, соның арқасында тыңдаушыларға бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ойлантып, ақырында белгілі бір حرکتке ұмтылдыруды көздеуі қажет.
- Тыңдаушыларға жақсы әсер етіп, құлақ құрышын қандыратын, сүйсіндіретін эстетикалық қасиеті болуы игі. Шешендік сөз дәстүрінің қажеттігі ауызша сөйлеудің аясы, кеңіген сайын арта түсуде. Жиналыс, мәжіліс, құрылтайларда, пікірсайыс жиындарда, семинар, симпозиумдарда шешендік өнер өте қажет.

Қазіргі замандағы шешендік сөздердің түрлері бұл сөздердің мазмұнына қарай негізінен былайша ажыратылады.

- Әлеуметтік-саяси тақырыптағы шешендік сөздер, бұларға осы тақырыптарға жасалған баяндамалар, сөйленетін сөздер, митинг, конференцияда айтылатын сөздер, хабарламалар, баяндамалар, радио, теледидардан ауызша жүргізілетін саяси-әлеуметтік шолулар жатады.
- Академиялық шешендік, бұл топты жоғары оқу орындарында оқылатын дәрістер, ғылыми баяндама, хабарлама, шолулар құрайды.
- Сот ісінде қолданылатын шешендікке прокурордың айыптау сөзі, айыпкердің қорғану сөзі кіреді.
- Әлеуметтік тұрмыста жұмсалатын шешендікті мерейтойларда, салтанатты дастарқан басында айтылатын сөздердің "шешендік сөз" деген мәртебеге ие болу үшін оған қойылатын талаптардың бірі - оның ішінде көркем, әсерлі болуы. Ал көркемдік жалпы тілде, оның ішінде көркем әдебиетте, поэзияда жұмсалатын көріктеу құралдары мен тәсілдері арқылы жүзеге асырылады. Атап айтқанда, билер аузынан шыққан шешендік үлгілерде дәл өлеңдегідей өлшемді, жүйелі болғанымен, ұйқас ырғақ сияқты поэтикалық элементтер қатысады. Бұрынғы шешендік сөздерге тілге демеу, ойға дәлел ретінде мақал-мәтелдерді келтіру көріктеу амалдардың бірі болса, бүгінгі шешендердің аузынан шыққан сөздерде мақал-мәтелдерді келтіру көріктеу амалдардың бірі болса, мақал-мәтелдермен қатар, өзгелерден келтірілген сілтемелер орын алады.

**Бақылау сұрақтары.**

1. Шешендік сөзге қойылатын талаптар туралы жазыңыз.
2. Қазіргі замандағы шешендік сөздердің түрлері қалай ажыратылады?

### **13-сабақ**

Шешендік өнердің тарихы. Шешендік сөздің көріктеуіш құралдары. Тілдің бейнелеуіш құралдары: айшықтау, риторикалық сұрау, қайталау, градация, метафора, салыстыру, эпитет, теңеу т.б

Тарихы

Шешендік өнер көне Римде үлкен күшке ие болды. Цицеронның мәлімдеуінше, республикалық Римде сөз құдіретіне ие болған адамға тәңіріндей табынған. Олар "адамды даңққа бөлейтін екі қасиетті өнер бар: бірі - қолбасылық, екіншісі- шешендік" деп білген. Республикалық Рим мемлекеттік істерді халық жиындарында, сенатта, сотта ерікті әрбір азаматтың сөйлеу мүмкіндігіне ие болатындай жағдайда қараған.

Сондықтан Рим республикасының әрбір азаматына шешен сөйлеудің қыр-сырына қанығып өсу мемлекет істеріне араласу талабынан туындаған. Республикалық Рим үшін қоғамдық қарқынды өмір, сөз бостандығы шешендік өнердің кеңінен өрістеуіне жол ашты. Басқаша айтқанда "демократия -шешендік өнердің анасы". Бірақ Римде республикалық өкіметтің құлауы Римдік классикалық өнердің дамуына тежеу салды. Көне Рим шешендік өнерінің ұшар шыңы деп Цицеронды танимыз. Марк Тулий Цицерон -шешендік өнердің көне римдік теоретигі. Ол өзінің шешендік өнер қакындағы ұлы ойларын "Шешендік өнердің үш трактаты" ("Шешен туралы", "Брут", "Шешен") еңбегінде зерлеп қалдырды.

Қазақтардағы шешендік өнері

Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры – шешендік өнер. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына. Шешендік өнеріне ерте замандардан-ақ, үлкен мән берілген. Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді "риторика" деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, ел аузына қараған ойшылдары болған. "Риторика" ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. М.В.Ломоносовтың 1748 жылы басылып шыққан "Шешендікке қысқаша басшылық" атты еңбегі бұл өнердің Ресейде дамып, қалыптасуына түрткі болды.

Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII-XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV-XV ғғ.) есімдерімен қатысты қалыптасып, өркендей түсті. Шалғез, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV-XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді.

Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқалары – жыраулар толғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше.

Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: "Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын", – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған. Сондай-ақ, қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялағандардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жас өспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді.

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі – М.Әуезов. "Қазақ әдебиеті тарихы" (1927 ж.) еңбегінде "Билер айтысы" деген арнаулы тақырыппен шешендік сөздердің кейбір түрлеріне мысалдар келтіреді. Ауыз әдебиетінде алатын орны мен халықтық сипатына дәлелді ғылыми тұжырымдама береді. Ауыз әдебиеті мұраларын зерттеп, жинап, ерекше еңбек сіңірген ғалым-лингвист А.Байтұрсынов шешендік өнерді жеке

алып қарастырып, құнды пікірлер білдірді (1926 ж.). Шешен сөз, көсемсөз, дарынды сөз деп үш топқа бөліп, әрқайсысын қолданыс орнына қарай (саясатқа қатысты, сотта сөйлеу, қошемет сөздер, ғалымдардың ғылыми тақырыптағы сөзі, діни уағыз сөздер) іштей тағы беске бөліп, әрқайсысына қысқаша түсініктер, тың анықтамалар берген. Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

**Шешендік сөздерге тән ерекшеліктер**

1. Біріншіден, қазақ шешендерінің сөздері жазбаша емес, ауызша айтылып дүниеге келеді де, одан кейін бірден-бірге жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.
2. Екіншіден, айтыла келе бастапқы нұсқа қалып өзгертіліп отыруы мүмкін.
3. Үшіншіден, шешендік сөздер кейінгі айтушылар тарапынан қажетіне қарай өзгеріп қолданылып отырған. Шешендік сөз ақындар айтысы сияқты сөз тартысы дау үстінде, ел тағдыры талқыланған ұлы жиын кеңес кезінде, оңаша ой толғау не сұхбат, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет түрінде де өмірге келген.

Шешендік сөздер көбінесе түсінік сөзден басталады. Түсінік сөзде айтылмыш шешендік сөздің немен байланысты, қандай жағдайда туғандығы мен кім айтқандығы баяндалады.

Шешендік сөздің, айтылар ойдың негізі – мазмұн. Сөз нақтылы, нені айтса да сендіретіндей, иландырып қарсыласын мойындататындай дәлелді айтылған. Жазба әдебиетіміз дамыған кейінгі дәуірде шешендік сөздер саптан шыққан жоқ. Заманға сай жаңа мазмұн, жарасымды түр тапқан шешендік сөз нұсқалары көбейді.

**Бақылау сұрақтары.**

1. Шешендік сөздерге бірнеше мысал келтіріңіз. (қазақтың атақты билер, батырлар, ақын-жазушылардың сөздерінен)
2. «Шешендіктен не пайда, артында сөзі қалмаса...» - деген нақыл сөздің авторын айтыңыз.

#### **14-сабақ**

**Пікірталас мәдениеті.** Пікірталас түрлері: әңгіме және «Дөңгелек үстел», пікір алмасу, ойталқы, ойкөкпар, сөзталас, пікірсайыс, айтыс. Пікірталас мәдениетінің талаптары

- Пікірталастың түрлері
- Демократиялық қоғамның басты белгілерінің бірі не? (сөз еркіндігінің өріс алуы)
  - Бұл нені айтқын келсе, соны айту деу ме? (жоқ. Жеке ой пікірлері ұтымды, өзіндік көзқарасы қалыптасқан адамдарға, топтарға өзін танытуға мүмкіндік беру)
  - Өмірде адамдардың барлығы бірдей ойлай ма, бірдей көзқараста бола ма? (жоқ. Әр түрлі көзқарастан, әр түрлі ой туындайды)

Демек біз пікірталастың бірнеше түрі бар екендігін, олардың өзіндік мақсаты мен ерекшеліктері бар екенін білуіміз керек. Олар:

1-тапсырма. Издендіру сәті (Таңдау қиындылармен жұмыс жасау, таңдаған тақырыпшаларының мағынасын ашу)

Пікір алмасу-латын сөзі (discussio), беретін мағынасы "зерттеу", "талқылау", "талдау". Пікір алмасу көпшілік арасында өтеді. Мақсаты-әр түрлі қозғалыстарды салыстыра зерттей отырып, шындық пікірді көрсету, талас мәселенің шешімін іздеп табу. Пікір алмасу-дұрыстыққа көз жеткізудің ең тиімді тәсілі, өйткені қатысқандар көзі жеткендіктен де бір пікірге өздері келеді.

Ойталқы сөзі латын тілінен алынған (disputatio), мағынасы-"ой жүгірту", "жарыс сөз", "айтыс". Ойталқы ғылыми және қоғамдық мәні бар тақырыптардың төңірегінде көпшілік арасында өтетін сөз жарысы. Сөз жарысына қатысқандар белгілі бір пікірге тоқталады.

Пікірсайыс – көне гректің сөзі. (polemikos) мағынасы- "жаулық", "дұшпандық". Әрине бүгінгі мағынасы басқаша: бірдеңені талқылау мақсатында жиналыстарда, баспасөз беттерінде орын алатын сайыс. Мұнда қарсы жақты жеңіп шығу, өз пікірінде қалып, соны бекіту. Сайысшылар әлеуметтік мәселелерді шешеді, қоғамның дамуына жол бермей отырған кедергілермен күреседі.

Ойбөліс-француз сөзі (debat), мағынасы - "айтыс", "жарыс сөз". Ойбөліс-көпшілік алдында екі адамның не екі топтың бірдеңе туралы ой пікірлерін ортаға салуы.

Сөзталас-орыс сөз (прения), мағынасы бірдеңені, қандай да бір мәселені көпшілік арасында талқылау. Сөзталас, ойбөліс сияқты, баяндамаларды талқылағанда, хабарламалар жасағанда, жиналыстар мен конференцияларда орын алады.

Айтыс-қазақтың сөзі. Мағынасы-екі адамның, екі топтың арасында суырыпсалма өлеңмен кезектесе айтылатын сөз жарысы, өнер сайысы.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Пікірталаста жиі қолданылатын тәсілдер туралы жазыңыз.
2. Пікірталас мәдениетінің талаптары туралы жазыңыз.

## **15-сабақ**

### **Бақылау жұмысы .**

Диктант

### **Қазақ әдебиеті.**

#### **1-сабақ.**

### **XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдебиеті.**

**Жалпы шолу.** Абыл Тілеуұлы «Арғымақ атта сын болмас» жыр-толғауы мен «Қырымның қырық батыры» дастаны **Д.Бабатайұлы** «Еспембет» дастаны **18-ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген бұрынғы ақын-жыраулардың** дәстүрін жалғастырушылардың бірі-суырыпсалма ақын-Абыл Тілеуұлы. Ол Маңғыстауда туып-өсіп, бүкіл Атырау аймағына танылған ақын. Әкесі Тілеудің тұрмысы төмен болған.

Абыл Атырау аймағын, қарақалпақ, түрікмен елдерін аралап, өзі тұстас ақындармен өнер сайыстырған.

Бұрын әдебиетте Абылдың «Арғымақ атта сын болмас», «Ескерту» дейтін толғаулары ғана мәлім болатын. Ғалым Қ.Сыдықов 1965 жылы оның өмір жолын, тағы екі-үш толғауын Сәттіғұл ақыннан жазып алған. Абылдың табылған жырлар түгел дерлік 1967 жылы «Қазақ әдебиеті хрестоматиясында», 1972 жылы «Ақберен» жинағында басылып шықты.

Абылдың көп өлеңдері ұмытылған. Бізге жеткені оның өмірінің соңғы кезеңіндегі шығарған арнау ретіндегі толғаулар мен бірлі-жарым нақыл сөз, термелері ғана. Осы бар азды-көпті шығармаларына қарағанда, Абыл өз заманындағы әдебиетке айтарлықтай үлес қосқан талант иесі екенін байқаймыз.

Абылды өзінен кейінгі көп ақындар жақс білген, өздеріне ұстаз тұтқан. Мұрат, Нұрым, Қашаған, Ақтан, Сәттіғұл сияқты бір топ ақындар легі Абылдың талантына бас иген. Оның өлеңдері негізінен ауызша таралған. Алғаш баспа бетін көрген толғау-1924 жылы басылып шыққан «Арғымақ атта сын болмас» атты өлеңі.

Арғымақ атта сын болмас, Асқар тауда сын болмас,

Қиған қамыс құлақсыз. Бауыры болса бұлақсыз.

Азаматқа сын болмас, Ақ киікке сын болмас,

Арты болса тұяқсыз. Арты болса лақсыз.

Айдын көлде сын болмас, Жеті арнада сын болмас,  
Жағасы болса құрақсыз. Аяғы болса тұрақсыз.  
Тіршілікте артыңда із қалу керек деген ой айтады.  
«Сексеннің бізде келдік жетеуіне», «Отырған қарсы алдымда Қанымайым», «Қар жауар күн-түн оның қабағынан» атты шығармаларында хан-сұлтандардың теріс қылығын әшкерелеу, ел қамын жеу, ізгілік, адамгершілік мәселелері сөз болады.  
Өмірінің соңғы кезінде Баймағамбет, Қайыпалды сұлтандармен кездесіп, бетпе-бет айтқан батыл сөздеріне қарағанда, ол шындықты айтудан тайынбаған, хан алдында қасқайып тұрып, оның мінін көрсетуге батылы жеткен ақын. Баймағамбетке айтқаны:

Бопайдан туған әкең Айшуақ хан,  
Табаның таймай тұр-ау мінген тақтан.  
Дәлірек дажал сынды дәрежеңді,  
Деп жүрсің Құдай қорып, қыдыр баққан...

### **Дулат Бабатайұлы (1802-1871)**

Жаңа – ХІХ ғасырмен жарыса өмірге келген аса көрнекті ақын Дулат Бабатайұлының поэзиясында да қазақ халқы үшін қасіретті ғасырдың өмір шындығы барынша шынайы және көркем көрініс тапты.

### **Өмірбаяны**

Дулат Бабатайұлы 1802 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Аякөз ауданы, Сандықтас өңірінде туып, 1871 жылы дүние салған.

Жырау алғыр, зерек болып өседі. Жасында ауыл молдасынан оқып, арабша хат таниды. Дулат Бабатайұлының тікелей өзінің өмірбаянын немесе өмірінің белгілі бір кезеңін сипаттайтын туындылары аз. Әйтсе де жыраудың мінезі, ой-өрісі мен ақындық мұраты жайында шығармаларына сүйеніп, сенімді тұжырымдар жасауға болады.

### **Дулат "Айтқызбасымды айтқыздың" өлеңінде:**

Менің атым – Байғыз қарт,  
Көзге түсер сиқым жоқ,  
Орынсыз күлер күлкім жоқ,  
Есепсіз ұйықтар ұйқым жоқ.  
Көзге қораш бойым бар,  
Теңізден терен ойым бар,  
Шынардан биік санам бар,  
Атан өгіз ағызған  
Ақылдан алпыс салам бар.  
Қорған құрыш сөзім бар,  
Бұлттан өтіп, мұнарды  
Болжайтұғын көзім бар...  
Қайратымнан атым зор  
Белгілі атым өлемге.  
Қорашсынсаң денемді,  
Кеудем – ақыл сарайы,  
Кірем десең, кел, міне, – дейді.

Бұл – ақынның автопортреті. Мұндағы "көзге түсер сиқы жоқ", ел тағдырын ойлап, сирек күліл, аз ұйықтайтын, атағы алыстарды шарлаған кемеңгер, ақылы дария, сөзі алтыннан ауыр Байғыз қарт – ақынның өзі.

### **"Еспенбет" поэмасы**

Ақынның ел өмірінің ескі бір тақырыбына кұрып, жазба әдебиет үлгісінде шығарылған бұл поэмасы ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті үшін жаңалық еді. Поэма:

Еспенбеттей ер қайда?

Еспенбеттей ер туса,

Ер күтетін ел қайда? —

деген жолдармен аяқталады. Шығарма, міне, осы аңсардан, яғни ақынның күллі шығармашылығына ортақ елге тірек ер, көсем шықса, халық соның қасынан табылса деген идеядан туған. Хан-сұлтандар халқынан бөлініп, жатқа жағынған, батырлары "қазан бұзар үй тентекке айналған" заманда ер мен елдің бірлігі идеясын халықтың көкейіне жеткізіп, еңсесін тіктемек болған. Сол мақсатпен айбынды бейнелері халық жадынан өшпеген Ер Қосай, Қабанбай, Ақтамберді батырлар заманындағы қазақтардың, қалмақтарға қарсы бір шайқасын өзек етіп алып, батырлық дастан тудырған. "Еспенбет" поэмасы батырлар жырының үлгісінде жазылғанымен, онда, қиял-ғажайып оқиғалар, тылсым күштер, нанымсыз әсірелеулер атымен жоқ. Бас қаһарман Еспенбет те, оның Ақберте аты да, қалмақ, қазақ батырлары да – бәр-бәрі өмір шындығы аясында алынып, суреттеледі.

Жырау поэмасын бастаған жерден бас қаһарманын:

Ер Еспенбет кешегі

Ерекше ер деседі.

Тіл біткеннің шешені,

Топта бермес есені.

Үлгі айтса – көшелі,

Жауға шапса – көсемі, —

деп марапаттай таныстырғанымен,

Өзі болған жігіттен

Сұрама кім деп ата-анаң, — дегеніне қарағанда, Еспенбет қандай да бір, артықшылығымен ел көзіне түспеген, қарапайым ғана кісінің баласы. Міне, осы Еспенбет жас күнінде әке-шешеден бірдей жетім қалып, нағашысы Ер Қосайдың (тарихта болған адам, батыр) қолында, уақ елінде өседі. Қосай жиенді бөтен санамайтын қазақ салты бойынша да, "Еспенбеттей ұрпағын өте жақсы көргендіктен" де оған жетімдік көрсетпей өсіреді. Ер жеткенде таңдап жүріп қалыңдық айттырып, басына үй тұрғызып бермек ойда жүреді. Қазірде "тоқсан жасқа келіп, тұғырдан әбден түскенімен", Ер Қосайдай:

Елім десе, елеріп,

Жаннан мүлде күскен кер;

Бел шешпей жортып ел үшін,

Алты малта ас қылып,

Арпа суын ішкен ер.

Осындай кісінің бауырында өсіп, тәрбиесін алғаннан да болар:

Жатса, тұрса, Еспенбет

Тұлпар мінсем деуші еді.

Қару, сайман асынып,

Шөпті бұзсам деуші еді.

Алайда:

Туған елін ойласа,

Қалатын жасып, басылып.

Еспенбет он төрт жасқа келгенде "Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне" дегенді есіне алып, алыстағы ата жұртына кеткісі келеді. Нағашы атасынан еліне қайтуға рұқсат батасын сұрайды. Осы арада мына бір жайтқа назар аударған жөн. Еті тірі, сезімі сергек, талапты жасөспірімнің желі басында үйездеп тұрған енесінің белінен секіріп ойнап жүрген Ақбөрте құлынға қызығуында нышан бар:

Құйрығын шаншып алды да,  
Үш айналды желіні.  
Селеу жерге бас ұрды,  
Омырауының желінен.  
Құйындатып келді де,  
Ытқып түсті Ақбөрте,  
Енесінің белінен.

Құрбыларынан ойлы, намысы күшті, арманы биік Еспенбетті осы бір туысы бөлек құлын ерлік арманға жетелейді: өскенде Ақбөртеңі ат қып мініп, қару асынып, жау қайтаруды армандайды. Ал осы жеткіншек тағы да:

Жігерім болса жетемде,           Өнерім болса, еліме  
Еліме барып, ұл болсам.       Адал еңбек етсем деп;  
Жігерсіз болсам, жетесіз,       Болмаса өнер бойымда,  
Қойын бағып, құл болсам...   Қораш құл боп өтсем деп, –

ойлайды. Қандай адамдық адал, ақ ниет десеңізші! Ақынның кейіпкерінің осы сөздері арқылы бейнеленген биік эстетикалық-адамгершілік көзқарасы, халықтық демократизмі-туындының өн бойына көктей тартылып жатқан өзекті идеясы. Ер Қосай Еспенбеттің тілегін қабыл алып, қалауын сұрайды. Салт бойынша басына үй, алдына мал салып, қалыңдық әперіп қайтарайын дейді. Көпті көрген батырдың көрегендігі шығар, әйтеуір, "көп шөбере ішінде" Еспенбеттің "ерекше тілеп тілеуін", Құдайға жалбарынумен жүреді екен.

Шепті бұзар деуші едім,  
Жаудың туын құлатып;  
Сұлу сүйер деуші едім,  
Елден таңдап ұнатып;  
Тұлпар мінер деуші едім,  
Жалын желмен сылатып;  
Найза ұстар деуші едім,  
Сарағын жезбен қынатып;  
Түйғын құстай алыстан  
Тоят тілер деуші едім.

Мұндай игі сенім, асыл арман дана қарттың көкірегіне бекер ұяламаған ғой. Еспенбет нағашы атасы ұсынған байлықтың бәрінен бас тартып, жалғыз ғана Ақбөрте тайды қалайды. Бұл да жас ұланның жаны таза, арманы биік, дүниеге қызықпайтын парасаттылығын танытады. Ер Қосайды да емірентіп, мейірін түсірген жиенінің ел баласы болғысы келген мінезі, көп құрбыларынан ерекше ізгі қасиеті болса керек. Нағашы атасы Еспенбеттің қалаған Ақбөрте тайын беріп, әрі жиенінің біліп таңдағанына сүйсінеді. Батасын беріп тұрып, кемеңгер қарт былайша толғайды:

– Бірақ, балам, айтайын:	Қамалау да еліңнен,
Еліңе де барарсың,	Табалау да еліңнен;
Тірі болсаң, еліңнің	Өсіру де еліңнен,
Керегіне жарарсың.	Көшіру де еліңнен;
Дос та елден, жау да елден,	Абалау да еліңнен.
Алды-артыңа қарарсың.	Бақыт та елден қонады,
Дәулет те елден болады,	
Күндестік те еліңнен,	Елменен ер ержетіп,
Міндестік те еліңнен;	Емендей өсіп, толады.

Өмір шындығынан даналықпен қорытылған бұл терең ой өзінің мәнін әлі жойған жоқ, сірә, ешқашан жоя да қоймас.

Шынында да, нағашы атасы болжағандай жарбиып жалғыз тай мініп келген баланы еліндегілер кездеріне ілмей, Ер Қосайдың жиенін қара басын сопайтып, тай мінгізіп Қайтарған мұнысы қалай деп, алуан түрлі әңгіме қоздатады. Бірақ, Еспенбет оның бәрін құлағына ілмей, жүре береді. Сонымен үш жыл өтіп, Ақбөрте бесті ат болады. Сол кезде Жыл бұрын қайтыс болған Сәтімкүл деген атақты бидің көп халық шақырылған асы беріліп, аламан бәйге шаптырылады. Бәйгеге қосылған Ақбөрте алдымен келіп, бас бәйгеге тігілген 100 тайлақты жеңіп алады. Бірақ, "ердің сыйы – ортаға олжа салғаны" дегендей, бұл жолы да Еспенбет бәйгеге берілген жүз тайлақтан бір тайлақ та алмай, барлық олжасын қалың **сыбанның** ортасына салады. Өзінен атағы бұрын шыққан Ақбөртеге қызыққандар қоралап қой, үйірлеп жылқы беріп сұраса да, Еспенбет дүниеге қызықпайды, тұлпарын сатпайды.

Сөйтіп жүргенде, Қабанбай бастаған батырлар кеткен бір кекті қайтару үшін, қалмаққа қарсы аттанбақ болады. Мұны естіген Еспенбет те қару-жарақ асынып, "Ақбөртеңі баптайды".

"Басталар қашан соғыс" – деп:

Белін шешіп жатпады,

Түнде кірпік қақпады.

Ерлік қысқан кеудеге

Ішкен асы батпады.

Ақыры "шу!" десе, артынан шанды боратып, алдынан құйын оратып, бөкендей орғып" желдеткен Ақбөртесіне мініп, аттанған қалың қолға Еспенбет те ілеседі. *Бұл тұстағы Еспенбетті ақын: "алыстан тоят іздеген ер", "сұңқар", "орынсыз сөз сөйлемес батагей қарттай сінелі", міндетін "айтқызбай-ақ біледі", "сыр бермейді сырттанысып", "бейне арыстан түлегі" деп бейнелейді.* Осындағы жекпе-жекте ерекше назар аударарлық бір жай бар. Поэманың бас қаһарманы Еспенбеттің "алты жүз рет соғысқа кірген, алпыс алты айлалы", осы ұрыстың өзінде қазақтың жеті батырын мерт қылған қалмақ батырымен жекпе-жегі жойқын батырлардың, шын болат қару-жарақтардың, арыраған тұлпарлардың ғаламат шайқасы болуға тиісті еді. Оны қандай сұрапыл етіп суреттеймін десе де, Дулаттың ақындық қуаты, құдіреті жетер еді. Бірақ олай етпейді. Алып батырлардың бірін-бірі қалай өлтіргенін қызықтаудан даналық ұстамдылықпен бас тартады. Жырау үшін маңыздысы – елім деген ердің болғаны, оның жауын жеңіп, кегін қайтарғаны.

Қас қаққанша майданда

Айқасқан екі ер де жоқ.

Өлімге мойынсұнғандай

Аяқ-қолы кесілген.



Дене жатыр майданда                    Тіршілік пен өлімнің,  
Қылышпен басы кесілген.            Ұзақ дауы шешілген.

Ақын өлген жауды табалап, айызы қанатын сөз айтпайды. Тіпті "жау" да демейді, "айқасқан екі ер" дейді.

Ел үшін туған ерім деп,  
Бір топ келіп жыласты.  
Еліме қатер жауым деп,  
Өлгенін бір топ ұнасты.

Мұндай терең философиялық түйіндеу шапқыншылықты емес, елінің еркіндігі мен бейбіт өмірін көкसेген Еспенбет батыр бейнесінің табиғатынан туындаған. Ақын қазақ қолы мен қалмақ қолы кездескен көріністі де кемел ойлы ұстамдылықпен, шынайы суреткерлік тұрғыдан сипаттайды.

Қарсыласып екі топ,  
Іріктеді батырды.  
Қалмақ сорып барабан,  
Қазақ ұран шақырды.

Еспенбеттің топтан суырыла шыққан сәтінің суретінен оқырман оқиғаның қатысушысындай әсер алады. Арыстандай атылған батыр мен жолбарыстай ышқына ытырылған Ақбөрте тұлпар қаныңды қыздыра, көз алдына елестейді.

Топтан шығып жөнелді,  
Найзаға таққан шоқтай боп.  
Ақбөрте кетті құнтыып,  
Садақтан тартқан оқтай боп.  
Қанға сусап қалмақ тұр  
Обатұғын оптай боп.

Ұлы суретшінің талантына лайық жанды картина! Еспенбеттің ерлігінің арқасында қазақ жағы жауып талқандап жеңіп, кегін қайтарады, мол олжа түсіреді. Ел мүддесі мен намысын ойлаған ер Еспенбет бұл жолы да тоқпейіл әдетінен таймайды, еңбек сіңіріп тұрса да, көл-көсір олжадан ештеңе алмайды.

Ақын халыққа қамқор, елге тірек болам деген нағыз ер осы Еспенбеттей болу керек деп, оның батырлығын, ақыл-парасатын, дүниеге қызықпайтын қанағатшыл, мәрттігін өзінің замандастары мен кейінгіге үлгі етеді.

Поэма сындарлы құрылымы, суреттігімен ерекшеленеді. Оқиғаның желісі жинақы, мазмұны тартымды. Ұлы жырау талай-талай татымды ойларды, мазмұнды үлкен шеберлікпен туындының өн бойына еріп жіберген.

Туған ел, өскен жерден алыста жүрген намысты жастық асқақ арманы мен тәтті қиялын ақын мейлінше дәл берген.

"Ер – туыс, ит – тамаққа"  
Деген жоқ па бұрынғы?  
Туған ел, туған жерім бар,  
Туған елді көкседім,

Жат елде арман – өскенім... – дейді Еспенбет. Осындай ерді өсіретін жалпы қауым, ел жұрты екендігін айтып, ақын жастарға "әрқашанда еліңмен жұртыңмен бол" – дейді. Еспенбет поэмада тек алып күштің иесі ғана емес, сонымен бірге адал, ақ жүрек, кішіпейіл, көпшіл адам болып көрінеді. Еліне қайту, ерлікке әзірлену, батырға лайық ат

таңдау елдің кегін қайтару, сый-сияпат, олжаны алу-алмау сияқты: елеулі шешімдерді өз бетімен қабылдайды. Поэмада тек батырдың жеке тұлғасы ғана емес, сонымен бірге халық бейнесі қоса суреттеліп отырады. Ақын жорыққа аттанып бара жатқан қазақ қолын ерекше шабытпен, тапқыр да бейнелі теңеулермен әсерлі жырлайды.

Жөңкерілген қалың қол            Асқар белге ұқсайды.  
Жүйткіген желге ұқсайды.        Кенетінен ду етсе,  
Көрінісі кей кезде                Тас қопарып, тау бұзған  
Толқыған гүлге ұқсайды.        Аққан селге ұқсайды...

Мұнар түнеп, бұлт көшкен

Шығармадағы жау да осал емес. Жау батырын бейнелегенде ақын талай тапқыр, әсерлі теңеулер табады. Қалмақ батырын:

Қалмақ шықты майданға        Қайырымсыздығы – талайдың  
Шамасы елу жастағы,            Жонынан алған таспаны.  
Астына мінген мәнерлеп,        Кір басқан құлаш айдары,  
Мақпалдай қара қасқаны.        Аждаһадан кем емес  
Ерлігі елең қылмайды            Аузын ашқан айбары, –  
Бір өзінен басқаны.

деп, әлі жеткенді аямайтын жауыз, айлалы да айбарлы аждаһа кейпінде суреттейді де, Еспенбетті осындай жойқын пәлені жеңген алып батыр, ардақты ер ретінде бейнелейді. Көп арасында қоян жүрек қорқақ, ездерің де болатынын ақын жасырмайды. Батырлар ұран сала жауға ұмтылып, майдандасып жатқанда, өздердің тығылар жер таппай, қарадай шошып, үрейі ұшқандарын мысқылдайды.

Қалмақ соғып барабан,  
Қазақ ұран шақырды.

Айбаты өсіп ерлердің,  
Арыстандай ақырды.  
Иығы түсіп өздердің,  
Қоярға жанын жер таппай...

Арман көріп, аһ ұрды, –

деп, ерлік, ездік аралас майдан суретін алға тартады.

"Еспенбет" поэмасында ұлттық психология, салт-сана, тәрбие-өнеге үрдістері молынан көрінеді.

Поэма көлемі шағын болғанымен, мазмұны бай, бөтен сөз, бөгде шумақтардан таза жинақылығымен де ерекшеленеді. Елге қорған тұлғаны аңсаудан туған "Еспенбет" поэмасы – ХІХ ғасыр әдебиетінде елеулі орын алатын көркем туынды.

### **Бақылау сұрақтары. 1.**

1. Д.Бабатайұлы өлеңдері мен дастандарының тақырыптық-идеялық сипаты.
2. Ақын өлеңдерінің шеберлігіне мысал келтіру.
3. Дулат "Айтқызбасымды айтқыздың" өлеңінде өзін қалай сипаттайды?

### **2-сабақ.**

**М.Өтемісұлы** «Менің атым-Махамбет», «Тайманның ұлы Исатай» **С.Аронұлы** «Бөрілі менің байрағым», «Ту алып жауға шапсаң сен», «Датқалар» өлеңдері, «Сүйінбай мен Қатаған айтысы»

#### **Махамбет шығармалары**

Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға тақырлы. «*Мұнар күн*» жырында ол ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты. «*Ереуіл атқа ер салмай*», «*Ұлы арман*», «*Жайықтың бойы көк шалғын*», «*Атадан туған ардақты ер*» жырларында ақын алдағы күндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. «*Біртіндеп садақ асынбай*», «*Арғымақ, сені сақтадым*», «*Арғымақтың баласы*», «*Азамат ердің баласы*», «*Қара нар керек біздің бұл іске*», «*Еменнің түбі - сары бал*», «*Жалған дүние*», «*Еріскедей ер болса*», т.б. шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең әрі шынайы суреттелген. «*Халық қозғалса, хан тұрмайды тағында*» дейді ол отты жырларында. Ақын өлеңдерінің басты қаһарманы Исатай батыр. «*Исатай деген ағам бар*», «*Исатай сөзі*», «*Арғымаққа оқ тиді*», «*Тарланым*», «*Соғыс*», т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың көркем тұлғасы, адамгершілік, қайсарлық, тапқырлық қасиеттері жан-жақты сипатталды. Оның «*Жәңгірге*», «*Баймағамбет сұлтанға*» арнаған 106 өлеңдері патшаның жергілікті билеуші өкілдері хан-сұлтандарға қарсы жазылған, олардың бет пердесін ашатын жырлар болды. Ақын өлеңдерін дәстүрлі үлгіге негіздей отырып, түр, мазмұн жағынан байыта, жетілдіре түсті. Махамбеттің лирикалық өлеңдері, көбіне, толғау, жыр, терме үлгісінде жазылды. Исатайға арнаған өлеңдерінде жоқтау сарыны басым. Махамбет шығармашылығы қазақ поэзиясы жанрларының қалыптасуына (сатира, элегия, монолог, арнау, т.б.), стилінің дараланып, поэтикалық тіл құралдарының артуына, философиялық тереңдіктің орнығуына үлес қосты. Халық нақылына құрылған философиялық толғаулары мен жігерге толы ерлік жырлары, жауынгер рухты биік өлеңдері ақын шығармашылығын жоғары деңгейге көтерді. Махамбет жырлары дәуір шындығын бейнелеп, көтеріліс айнасы болып қана қойған жоқ, асқақ рух пен болашаққа деген сенімнің ерекше үлгісін көрсетті. Ақын жырларында орыс, араб, парсы сөздері көп кездесіп, шағатай тілінде жазылуымен ерекшеленеді. Махамбет жыраулық поэзия дәстүрін шебер дамыта отырып, қазақ өлеңінің табиғатын жаңартты. Махамбет шебер күйші де болған, оның 11 күйі «*Шашақты найза, шалқар күй*» деген атпен жарық көрді (1982). Ақын өлеңдерінің халық арасына тарауына Ш.Жарылғапұлы, Қуан ақын, кішкене Кобыланды, Кубала, Лұқпан, Мұрат, Ығылмандар әсер еткен. Алғаш «*Мұрат ақынның Тұмар қажы оғлына айтқаны*» деген жинақта (Қазан, 1908) Махамбеттің 100 жолдан астам екі толғауы басылды. Ғ.Мүштақ құрастырған «*Шайыр* яки қазақ ақындарының басты шығармалары» *жинағында* (Орынбор, 1911) Махамбет толғауынан үзінділер берілді. 1939 ж. Қ.Жұмалиев Махамбет өлеңдерінің жинағын шығарды. Ақынның 200 жылдық мерейтойы аталып өтіп (2003), 4 томдық жинағы жарық көрді.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Махамбет - от жүректі, батыр ақын.
2. Ақын өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкердің болмысы.

### **3-сабақ.**

#### **XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеті.**

**Жалпы шолу. Қ.Күржіманұлы** «Есқали сұпыға айтқаны», «Осы күні жолдас болдым сексенменен» өлеңдері. «Адай тегі» дастаны

**М.Мөңкеұлы** «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қарасай-Қази»

**Мұрат Мөңкеұлы (1843 - 1906 ж.ж)**

Мұрат ақын XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ақындардың ішіндегі ең көрнектілерінің бірі. Ол 1843 жылы қазіргі Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, Қарабау деген жерде туған. Мұрат жас шағында әкеден жетім қалып, ағасы Матайдың тәрбиесінде өседі. Болашақ ақын ауыл молдасынан оқып, зеректігі арқасында тез арада мұсылманша хат танып, арабша жазу үлгісін үйренеді.

1860 жылы жілікші ақынмен кездесіп, осы кезден бастап Мұрат айтыс өнеріне машықтана бастайды. 1863 жылы Бала Оразбен және Жаскелінмен айтысқа түсіп жеңіске жетеді. Сонымен бірге басқа да ақындар айтысына қатысады, олар: Қалнияз, Жантөлі, Тыныштық Шолпан. Осындай айтыс өнері Мұратты ақындар мектебінің өнері оны шындай түседі. Мұрат өзінің бірнеше толғауларын, тарихқа байланысты жырларын өмірге алып келген ақын. Ол өз Отанын жырға қосқан мына толғаулары: *«Жалғанышы фәни жалғанда» («Во времени обманном, бреном»)*, *«Әттең қапы дүние-ай» («Омир, суетный, скоротечный»)*, *«Өлім» («Смерть»)* ал қалған өлеңдерінде батыл, батыр, ержүрек жігіттерді, қалыңдық- қыз келіншектер, бүркітпен аңға шығу, сонымен бірге өмірдің қысқа екені туралы және де өмірдің құбылмалы сәттері көп деп өз өлеңдеріне қосқан.

Ақын өз өлеңдеріне кітап поэзиясын жырға қосқан ақындардың бірі. Соның бірі *«Үш қиян»*- бұл өлеңде ақын қарапайым халықтың тұрмыс-салтын, өзінің ішкі ойларын, арман мен үмітінде айтып, жырға қосқан ақынның бірі. Бұл жырда ақынның идеялық ойының өте әсерлі тұстары көп болды. Соның ішінде «Сарыарқа» күйінде халықтың басынан кешкен қиын заманды жырға қосқан.

*«Қарасай қазы» мен «Қазтуған» батыр туралы айтылып, қазақтың басынан кешкен қиын-қыстау кезеңді жырға қосқан. Бұл жырда батырлардың өз елін қорғаудағы жанын беруге бар екенін суреттейтін тұстар өте көп. Бұл өлең қазақ халқының психологиялық жағынан тілдің, мәдениеттің қалыптасуына бірден-бір ықпал еткен өлең жырдың бірі болды. Ол кісінің қойын дәптерінен табылған мына үш өлеңінде: («Оқудан қайтқан жігітке хат», «Еліне жазғаны», «Бір досқа». Біздің қазіргі күнімізге дейін Махамбеттің өлеңдерін осы өмірге алып кеген ақынның бірі.*

Мөңкеұлы Мұрат өзінің өлеңдерінде сонау ғасырдан келе жатқан қазақ елінің салт-дәстүрін есте ұстап, өзінің жырларына толық пайдалана білді. Сонымен бірге ол кісі қазақ әдебиетіне озық үлгі тастаған ірі тұлғалардың бірі болды.

*Мөңкеұлы Мұрат өзінің сол кездегі патша үкіметіне қарсы, қарпайым халықтың тұрмыс-тіршілігін, ауыр тұрмысын жырға қосқан ақын.*

Мөңкеұлы Мұрат бұрынғы кезең мен қазіргі кездің қоғамын ашып көрсете білген көзі ашық ақын-жыршының бірі болды.

**Мөңкеұлы Мұраттың еңбектері** «Мұрат ақынның Ғұар Қазыұлына айтқаны» (Қазан 1908ж), «Ақын» (1912 ж), «Мұрат ақынның сөздері» (Ташкент 1924ж), «Бес ғасыр жырлайды» (1989ж), «Алқаласа әлеумет» (1991ж) т. б. Мөңкеұлы Мұраттың шығармалары орыс тіліне аударылған.

Мұрат жас кезінен жиын-тойға үнемі араласып, өлең айтуға машықтана бастайды, ел ішінде «шешен, тапқыр бала» атанып жүреді. Көп ұзамай ол айтысқа да түседі. Мұрат айтыстың асқан шебері болумен қатар үлкен эпик ақын. Оның шығармаларындағы

қайшылықтары мен қателіктеріне байланысты дарынды ақынның творчествосы соңғы кезге дейін **жөнді бағаланбай келеді.**

Мұрат Мөңкеұлы 1906 жылы 63 жасында, Жайық бойындағы Өрлік поселкесінде қайтыс болады.

**Мөңкеұлы Мұрат шығармаларын зерттегендер:** Х. Досмұхамедов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, А. Тоқмағанбетов, Б. Омарова, Қ. Мәдібаев, Қ. Жұмалиев.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Мөңкеұлы Мұраттың еңбектерін атаңыз, негізгі тақырыптық-идеялық сипаты неде?
2. Қ.Күржіманұлының қандай еңбектері бар?

### **4-сабақ.**

**М.Ж.Көпеев** «Хал-ахуал», «Ғибратнама», «Сарыарқа кімдікі» өлеңдері «Гүлшат-Шеризат» дастаны **Ш.Бөкеевтің** өмірі мен шығармашылығы «Қайран жерім», «Құйрық атып құлия». «Қосаяқ» өлеңдері, «Қашқын» поэмасы

Шәңгерей - XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақ жазба әдебиеті өкілдерінің бірі. Батыс Қазақстан облысының қазіргі Орда ауданында, Жасқұс құмында – Хан ордасында дүниеге келген. Атақты Жәңгір ханның немересі. Сейіткерей Шәңгерей бес жасқа келгенде қайтыс болады. Бірақ ауқатты ортада жетімдік көрмей өсіп, оқып, білім алады. Өнерге, өлең сөзге жас кезінен әуестенеді. Ордадағы медреседе, одан кейін училищеге түседі. Кадет корпусында оқып, орыс тілін үйренеді, мәдениетімен, әдебиетімен танысады. Самар губерниясында бітімші сот болып біраз жыл жұмыс істейді. Бірақ әкімшіл биліктің зорлығын, парақорлығын, алдамшылығын көріп, қызметін тастап еліне келеді. Орданың Көлборсы деген жерін меншіктеп, сәулетті үйлер, мектеп, медресе, мешіт салғызады. Сол мектепте туыстарының балаларын оқытып, білікті мұғалімдерді жұмысқа алады. Шәңгерей өз мекенінде оқшау өмір сүріп, аңшылықпен айналысты, саятшылық өнерін қызықтады. Ол әдебиет, өнер, ғылымға қызықты, бағалады. Орыс классиктерін, Лермонтовты, Гогольды сүйіп оқыды. Өзінің Мальцев деген суретші досына шеберхана ашып береді. Қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен Оралда «Қазақстан» газетін шығаруға қаржылай көмек көрсетеді. Шәңгерейдің бай кітапханасы болған. Газет, журнал, ғылыми әдебиеттерді жаздырып алып оқыған.

Шәңгерей Бөкеев «Қара мұрт» атты роман, «Сұрау-жауап» атты көлемді әңгіме жазса керек, бірақ олар сақталмаған. Шәңгерейдің шығармалары өмірдің әр түрлі жағын қамтыған. Мысалы, жастарды оқуға, ғылыммен шұғылдануға шақырады. Бұрынғы өмір сүрген билер, хандар, ерлердің қайтып оралмайтынын жазады, кез-келген тірі жанның ажалдан құтылмасын, хан тұқымдарының билігінің шектеле бастағанын түсіндіреді. Бөкеев өмірдің қоғамдық шындығынан гөрі табиғатты, сұлулықты, әсемдікті жырлаған. Өлеңдерін көбіне махаббат, достық, саятшылық өнері жайында арнаған. Саятшылық өнерін жігіттіктің, жігерліктің белгісі деп санаған. Шәңгерей шығармашылығының басты ерекшелігі тұспалды бейне жасап, сол арқылы өлеңдерінің негізгі тақырыбын аша білуі.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Шәңгерей Бөкеевтің өмірі, өлеңдеріне тоқталу
2. М.Ж.Көпеев «Ғибратнама», «Сарыарқа кімдікі» өлеңдерінің идеясы не?

### 5-сабақ.

**ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ әдебиеті. Ш. Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі», «Жоңғар очерктері», «Қазақ халық поэзиясының түрлері» Ы. Алтынсарин «Залым төреге», «Азған елдің билері», «Азған елдің хандары»**

Ш. Уәлиханов саяхатшы болуды армандаған. Ең басты арманы Орта Азияны зерттеуде болды. Батыс Сібірде адъютант қызметін атқарып жүріп, Орта Азияның тарихын, этнографиясын және жағрапиясын зерттей бастаған. Жиырма жасында Қазақстанның орталығын, Жетісу мен Тарбағатайды аралап, «Қазақстандағы шамандықтың қалдығы» еңбегін жазды. Шоқан Қырғыз елін зерттейді, Жоңғария тарихымен танысып, «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Ыстықкөл сапарының күнделіктері» атты еңбектерін жазады. Осы еңбектерін орыс ғалымдары мақтап, оны «Қазақ тақырыбына жазатын орыс жазушысы» деп атаған. Шоқан өлеңдерінің құрылысын да зерттеген кейбір қазақ өлеңдерінің құрылысымен орыс ғалымдарын таныстырған. Қазақ өлеңдерін ол беске бөлген: жыр, жоқтау, қара өлең, қайым өлең және өлең.

Шоқанның еңбектерін П. Семенов Тянь-Шанский аса зор бағалаған, кейде Шоқанмен ақылдасып отырған. Ресей тарапындағы Қашқарияны Шоқан ең бірінші зерттеген. Шоқанның өмірі мен ғылыми шығармашылық қызметінің аса елеулі кезеңі өмірінің соңғы жылдары болатын. Денсаулығы нашарлап, Питербургтен еліне қайтар алдында ғылыми саяхаттары жайлы еңбектерін жариялайды. 1865 жылы сәуірде өкпе ауруы қозып, өмірден кетеді. Оның сүйегі Алтынемел тауының баурайында Көшен жерінде қойылады. Шоқан өлімінен кейін оның орыс достары көптеген шығармаларын басып шығарады. Нағыз шын айтса Уәлиханов үздік адам, ондай адамдар күнде туа бермейді. Нағыз қайталанбас тұлғалардың бірі – Шоқан Уәлиханов.

### **Ы. Алтынсариннің өмірі, ағартушылық қызметі, өлеңдері..**

Ы. Алтынсарин 1841 жылдың 20 қазанында қазіргі Қостанай облысының Замобол ауданында туған. Ол адамның әкесі ерте өліп, атасы Балқожаның тәрбиесінде болған. Балқожа Ыбырайды орыс-қазақ мектебіне жаздырып қойыпты. 1850 жылы сол мектеп ашылғанда түскен 30 қазақ баласының бірі Ыбырай болған. Сөйтіп мектепті 1857 жылы «өте жақсы» деген бағамен бітіреді. Кейін ол адам тілмаштық қызмет атқарады. Біраз жыл өте сала, мектеп ашу мақсатымен көптеген қазақ жерінен білім ордаларын ашады. Сонымен қатар, ол адам өлеңдер, әңгімелер т.б жазған. Оның «Кел, балалар, оқылық» өлеңі жастарды оқуға, білім алуға шақыру үлгісінде жазылған. Өнер-білім бар жұрттар «өлеңінің тақырыбы да ғылымға-білімге арналған».

Ақын «Кел, балалар, оқылық» өлеңі арқылы бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бар қызығы тек қана байлықта деп ұғатын өнер, оқу, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді.

Ыбырай: «Өнер – білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудағы мақсат екенін кеңінен аша түседі. Өлеңнің негізгі идеясы – қараңғы қазақ қауымына озық

мәдениетті елдердің үлгі-өнегесін көрсету еді. Ыбырай атамыз сол кездегі қазақ балаларының білімді болғанның мақсат етті.

Соңғы өлеңдерін Ыбырай хандарды, билерді, байларды мінездеуге құрады. Мысалға, олардың өзі мен төмендерге жасайтын әділетсіздігін «Жарлыдан алып, байларға сыйлап берсе керекті» паракорлығын «Қорадағы малыңа төре берсе керекті» сараңдығын «Бермек түгілі бейшараны масқара қылса керекті» деп суреттейді.

Ыбырайдың «Өзен», «Жаз» деген өлеңдері табиғат көріністерін суреттеуге арналған. Оқырмандардың көңілін табиғаттың сұлу көріністеріне аудару арқылы ел сүю, жер сүю, отан сүюге тәрбиелейтін патриоттық өлеңдер. Екі өлеңде де табиғат көрінісін жалаң алмай, халық өмірінің тіршілігімен байланыстыра көрсетеді.

Ыбырайдың әңгімелері еңбекті сүюге, оқу-өнерге ұмтылуға, Отанын, елін сүйетін патриоттық сезімге, талапты, жігерлі, кішіпейіл болуға баулиды. Жалқаулықты, қиянат жасауды, надандықты сынап, жас ұрпақтың ондай әдеттерден аулақ болуына жол көрсетеді.

Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде Ы.Алтынсарин ең кішкентай жәндіктердің өзінің тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді: Қарлығаш, өрмекші ғұлы жоқпысының, сен де еңбек ет, босқа жатпа дегісі келеді.

«Әке мен бала» әңгімесінде айтылатын ой – кейде адам баласы аз нәрсені қамсынып, оған көңіл бөлмейді, аз жұмысты қиынсынып, бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі дейді. Бұл – жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан-ақ бойкүйездікке, жалғаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесін ерекше көтерген.

«Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімелері Ыбырайдың өз дәуірінің өзекті мәселелерін реалистік үлгіде көтеріп, суреттеуге ұмтылғанын көрсетеді. Қазақ қоғамының таптық сипаты мен дамуының прогрестік беталысын жазушы дәл байқап, реалистік образдар арқылы бейнеледі.

Ыбырайдың әдебиет саласындағы негізгі еңбегі балаларға арналған.

### **Ы.Алтынсариннің әңгімелеріндегі еңбек тақырыбы.**

Ы.Алтынсариннің әңгімелері, өлеңдері еңбекке, ақылға, жақсылыққа тәрбиелейді. Оның көптеген әңгімелері үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді.

Ыбырай жастарды еңбекті сүюге, Отанының патриоты болуға, жақсылыққа, жамандықтан алыс болуға тәрбиелейді.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде кішкентай жәндіктің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргенін, олар балаларды үлгі етеді. Құмырсқаның өзі өмір үшін еңбек етіп, өзіне азық тасиды.

«Әке мен бала» әңгімесінде – аз жұмыстан қашпа, көп жұмысқа тап боласың, еңбек ет, еріншек болмау керектігі туралы үгіттейді. Мұнда мынандай бір әңгіме сипатталады.

Баласы мен әкесі егістен келе жатып жерден бір сынып қалған тағаны көреді. Әкесі баласына: «балам мына тағаны ала салшы, керек болып қалады» деп айтады. Баласы бұл сынып қалған тағаны не қылмақсыз деп жүре береді. Әкесі тағаны өзі алады. Қаланың шетінде бір темірші ұста бар екен. Әкесі темірші ұстаға тағаны 3

тиынға сатады. Үш тиынға әкесі бір орамал толы шиіе алады. Шетінен бір-бірден жей береді. Баласына қарамай, андатпай жүре береді. Біраз жерден соң, бір шиені алып жерге түсіреді. Артынан келе жатқан баласы қызығып, жерге түскен шиені алып аузына салады. Біраздан соң тағы да екінші, үшінші, төртінші рет жерге түсіреді, баласы иіліп жей береді. Оны байқаған әкесі баласына «Көрдің бе, жаңа жерде жатқан тағаны иіліп те алуға еріндің. Ал шиені жерден алу үшін жерге қарай бір емес, он рет еңкейдің. Бұдан бұлай есінде болсын, аз жұмыстан қашсаң, көп жұмысқа тап боласың дейді, азға қанағат ет, көптен құр қаласын» - дейді әкесі. Бұл шығарма ерінбеуге тәрбиелейді.

«Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде бай баласы байлықпен үйінде жерден бір шөп жұлмаған, ал кедей бала үйінде ата-анасына көмектесіп, іні-қарындасына көмектесетіндігі айтылған. Бай баласы мен жарлы баласының бір күн бойы басынан кешкендері, қандай қиындықтан өткендігі туралы сөз қозғайды. Кедей баласының тапқырлығы, ақылдығы туралы жазылған.

Тағы бір Ыбырайдың жақсы әңгімесі бар. Оның аты: «Аурудан алған күштірек» деген шығармасы. Онда баланың қанша ауруы, сырқаты болса да анасын қиналтпау үшін, қабақшылтындығы туралы айтылады.

Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын бүкіл қазақ баласы біледі. Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

#### **Бақылау сұрақтары.**

1. Ы.Алтынсарин өлеңдері мен әңгімелерінің мазмұны мен идеясы қандай?
2. Жазушы шығармаларының негізгі тақырыптары қандай?
3. Ы.Алтынсарин өлеңдері мен әңгімелерінің тақырыптық-идеялық сипаты неде?
4. Ы.Алтынсариннің өмірі туралы не білесің?
5. Педагог жазушының қоғамдық қызметі туралы не айтасың?
6. Ыбырай ашқан мектептер, Ыбырай жазған оқулықтар туралы.

#### **Бақылау тапсырмалары.**

1. Ы.Алтынсарин өлеңдері мен әңгімелерінің идеялық- тақырыптық сипаты.

#### **Бақылау сұрақтары.**

1. Ш. Уәлиханов кім?
2. Ш. Уәлиханов қайда оқыды, қандай қызметтер атқарды?
3. Шоқанның қандай зерттеу, саяхаттары бар?
4. Қазақ даласының «Еуропаға ашылған терезесі» деген пікірді кім айтты?
5. Шоқан және Ф.М. Достоевский достығы туралы не білесің?

#### **Бақылау тапсырмалары.**

1. Ш. Уәлихановтың азаматтық, ғалымдық жолы.
2. Қазақ даласының «Еуропаға ашылған терезесі»

### **6-сабақ.**

**А. Құнанбаев** «Өлсем орным қара жер», «Сегізаяқ». «Ескендір» дастаны 5, 7. 19-шы қара сөздері

«Қазақтың бас ақыны – Абай» осы сөзді 1913 жылы Ахмет Байтұрсынов айтқан. Осы атпен «Қазақ» газетінде жарияланған мақаласында ол абайдың шығармашылығын бағалап, «одан асқан бұрынғы – соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ» - деп жазды.



Абай қазақ әдебиеті тарихында шындықты жан-жақты көркем суреттей білетін тұңғыш суреткер ақын болып табылады. Шығармаларында өз тұсындағы қазақтың қоғамдық өмірінің халық тіршілігінің қайшылықты және көркем бейне табады. Ол өз заманында халықты толғандырған күн тәртібін қоя білді. Елді сол жолда бірігіп, оқу, өнер жолына ұмтылуға шақырады. Жазу өнерінің қарапайымдылығы мен табиғилығы жағынан Абайға ешкім тең келе алмайды. Оның өлеңдері «қиыннан қиысып», «айналасы жұп-жұмыр тегістігімен» ойға, сезімге құйылып ұялайды. Қазақ әдебиетінде өлең сөздің қоғамдық күшін, көркемдік қуат көтеруге арналған бағдарламаны да Абай жазды. Абай қазақ өлеңінің тақырыптық шеңберін кеңейтті, өмірдің қиындығы мен адам еңбегін жырға қосты.

Абай өз өлеңдерінде ән де шығарып таратқан. Оның әндерінде заман ауыртпалығын тартқан адамның мұң-зары да, сүйіскен жастың шынайы сезімі де, ақынның көңіл күйі де айқын көрінеді. Ол Татьяна әнімен қазақ әйелінің мұңлы сезімін жария етті. Шығыс, батыс, орыс әдебиеттерін оқып, үйренеді. Сөйтіп, рухани өсіп, байыған Абай демократтық, ағартушылық бағытта қызмет еткен ұлы таланттар тобына кіреді.

Абай жолын алдымен өз айналасындағы шәкірттері – Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ақылбай мен Мағауия Абайұлдары ұстанып, кейін ол кең өрісті даңғылға айналады.

Тек қазақ әдебиеті ғана емес, тіліміз жақын туысқан елдері әдебиеттеріне (қырғыз, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт т.б.) де Абай әсері күшті болды.

### **Абай Құнанбаевтың ғылым-білім туралы өлеңдері, табиғат лирикасы.**

Қазақтың ұлы ақыны Абай жас кезінен ерекше көзге түскен. Ол жас кезінен бастап өлең жаза бастаған. Ең алдымен ауыл молдасында хат таниды да, он жасында Семейде оқиды. Абай тек қазақ әдебиетін оқып қоймай, шығыс және орыс әдебиетімен терең танысады. Ең алғашқы өлеңдерінде Шығыс ақындарын сынаудан бастайды. Ол көптеген тілдерді меңгереді.

Абай сонымен қоса ағартушылық бағытта көптеген өлеңдер жазады. Оның ағартушылық бағыттан ең алғашқы өлеңдері «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» деген өлеңдері еді. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде қазақ балаларына деген өсиеті, қазақ балаларына насихаты болатын. Бұл өлеңде «ғылым» деген сөзді қайталай отырып, әрбір адамның талпынатын арманы – ғылым болуы керектігін түсіндіреді. Яғни, ғылымға берілуін және ғалым болу жолдары туралы әңгімелейді. Жастарға деген жанашырлығы білінеді. Яғни жастарға жастық шағынды босқа өткізбеуін және мына жалған дүниеде бес нәрседен қашық болуын және нелермен немесе кімдермен дос болу керектігі жайлы насихаттайды.

Яғни бұл бес нәрсе деп отырғаны ол өсек, өтірік айтпау, өмірде мақтаншақ әрі еріншек болмауын қалап және ол бұл бес нәрсені дұшпан ретінде қарайды. Ең адал әрі таза жол – ғылым жолы деп білді. Абай ғылым жолын ұстаған ескі жолмен жүре алмайды дейді. Яғни бұл әрқашан ғылым дамып отырады дегені болатын. Ол ғылым жолын ұстаған жас қараңғы және надан қауымнан өзгеше болуын қалайды.

### **Абайдың өнер жайлы өлеңдері, әлеуметтік азаматтық лирикасы.**

Бұл кезде жазған өлеңдерінде Абай озық мәдениетті насихаттаумен қатар, әлеуметтік азаматтық санасы өскен, халықтың үлкен қайраткері дәрежесінде көрінеді. Оның өлеңдерінен анық еңбекші халық мүддесін қорғаған азаматтың үні естіледі. Өзі ел билеуші тап арасынан шықса да, тарихи дамудың бет алысы мен қоғамдық шындықты

түсінген ол еңбекші шаруаға шындап бет бұрғанын байқатады. Оларды «елім», «жұртым», «халқым» деп дос тұта сөйлейді. Осы бетбұрыста Абай сол халықты жүдетіп, шаршатып отырған ұнамсыз әрекет-мінездерді, олардың ішкі сырын үлкен шеберлікпен ашатын психолог ақын ретінде танылады. Заманы мен өзі өмір сүріп отырған ортаның кемшілік-қайшылықтарын өткір және әділ мінеп, сынайды.

Бұл сарын әсіресе Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп аталатын өлеңінде анық байқалады. Мұнда өз халқының басындағы қайғы-мұңды көріп дерттеніп, «Қалың елі - қазағының» қазіргі халіне қинала сөйлеген ақын бар. Ел ұйытқысын бұзған, оның берекесін кетірген әкімсымақтарға деген оның ызасы да мол.

Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?

Деп, ол ел ішіндегі адамгершілік жағынан да, мінез-құлық жағынан да татымсыз топты бөліп көрсетеді.

«Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңінде ақын осы идеяны тереңдете отырып, елдің сорына біткен неше түрлі қу мен сұм адамдардың жиренішті кейпін жасайды. Олар – «Сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсе қызар жалмауыздар», ұсақ пәлекор мінезділер.

Осы сыншылдық үлгі Абайдың «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» тәрізді өлеңдерінде де анық көрінеді. Алдыңғы өлеңде ақын ел ішінде өріс алған алдамшылықты, аяр мінезді шенейді. Сөз, өнегелі іс қумай, пайда қуған байлар мен саудагерлердің, бектер мен құдатамырдың әрқилы бейнелерін жасайды. Ал соңғы өлең ел ішіндегі еңбексіз өмір кешетін жалқауларға арналады. Ақын шаруаға қыры жоқ, ел қыдырғыш адамдардың күлкілі портретін жасайды.

### **Абайдың қара сөздері, поэмалары, аудармалары.**

Абайдың үш поэмасы бар. Олар «Ескендір», «Масфұт», «Әзім әңгімесі». Соңғысы аяқталмаған.

Бұл поэмалардың бәрі де Абайдың бұрынғы шығармаларындай қазақ өмірінің шындығын суреттеуге құрылмаған, шығыс халықтарының аңыз, ертегілері сюжетіне дастан үлгісінде жазылған. Поэмаларының мазмұнында уақиғалары шағын, көлемдері аз келеді. Ал аңыздары Абай ақын өзіне қажет, ұстаздық, тәрбиелік ой-мақсаттарға бейімдер, халыққа үлгі етуді ойлаған.

«Масфұт» поэмасында ақылы мен парасаты мол адамның мінез-құлқын, адамгершілігін баршаға үлгі етеді. Поэманың түпкілікті идеясы әйелді қоғамның ерлерге тең мүшесі деп тану, оның әлеуметтік орнын бағалау жағына көп көңіл бөледі. Ол әйелмен достықты қадыр тұтады. Ер мен әйел теңдігін жақтайды. Ал «Әзім әңгімесі» - «Мың бір түн» ертегісінен алынған бір уақиғаның өлеңмен жазылған түрі. Мұнда халықты алдап жүрген адамдардың

Абай поэмаларының ішіндегі ең елеулісі де, ақынның гуманистік ой-пікірін терең танытатыны да «Ескендір» поэмасы. Бұл поэма шығыстыа «Ескендір Зұлқарнайын» деген атпен, ал Еуропада «Александр Македонский» деген атпен белгілі. Ескендір тақырыбын Еуропадан басқа шығыстың Фирдоуси, Науаи, Жәми, Низами сияқты ақындары жыр еткен. Алайда Абайдың пікірі дәлірек, яғни жоғарыда айтып өткен ақындардың үлгісіндей емес, әсіресе дүние жүзін жаулап алу барысында жүргізген саясаты сынай баяндалады.

Абайдың қара сөздері.

Абай атамыздың қара сөздеріндегі түпкілікті ойы мыналар: діни ағымдағы пікірі, білімділікке, мейірімділікке, жалпы адам бойынан кейіп, жалпы бір сөзбен айтсақ, оның бойындағы барлық жақсы қасиеттеріне шолу жасайды.

Және тек қана бұл емес, өзінің көрген-білгендерін, өмір сабақтары туралы ойларын, осыдан туындайтын даналық, философиялық түйінділерін баян етеді.

Абайдың оқырманға ой тастап, толғанған мәселесінің бірі – адамның адам болуға үйренуі, естелікке ұмтылуы, кәсіпке мойынсуы жайларын.

Абай қара сөзінде мақал – мәтелдерін де мазмұны мен шығуы жағынан сынап талдайды. Өмір сабағының түйіні мақал-мәтелдің жастарға тәрбиелік, өмірлік мәнін түсінген ақын оның теріс тәрбиелейтін үлгілерін ашып көрсете білді. Ол: «Мал – адамның бауыр еті», «Өзіңде жоқ болса, әкеңде жат», «Елдің малы елді, еріккенде қолда», «Малдының беті жарық, малсыздың беті шарық» т.б мақал-мәтелдерді мысалға алады да, оған былай дейді:

«Бұл мақалдардан не шықты? Мәлім болды: қазақ білім үшін, қызмет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалай табарын білмейді екен, бар білетіні малшыларды алдап алмақ, яғни мақтап алмақ, бермесе жазалауды да ұят деп есептемейді екен».

Абайдың қара сөздері оның демократиялық-ағартушылық ісін жандандыра түседі. «Қара сөздер» Абайдың соңғы туындыларына жатады.

### **Абай аудармашы.**

1880 жылы Лермонтовтың «Бородино» өлеңдерін аударған. «Бородино» өлеңдерін Абай қазақшаға дәл түпнұсқаға жақын етіп аударған. Бірақ бұл өлеңнің алғашқы шумақтары сақталған.

1889 жылы «Евгений Онегиннен» үзінділер аударды. А.С.Пушкиннің «Евгений Онегині» Абайға тіпті жақын келді. Абай Лермонтовтан бас-аяғы 27 шығарма аударды. Олар: «Демоннан», «Боярин Оршадан», «Измайл-Бейден», «Вадминен» және т.б үзінділер аударған.

Лирикалық өлеңдерінен «Теректің сыйы», «Қарасам, қайғарар жұрт бұл заманғы», «Тұтқындағы батыр», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Жалғыз жалау», «Жартас», «Дұға», «Альбомнан», «Менің сырым», «Жігіттер емес оңай», «Босқа әуре болып келдің бе мұнда», «Қараңғы түнде тау қалқып» (Лермонтов оны Гетеден аударған).

Өлеңдерін Лермонтовша бастап, өзінше жазады: «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «эм жабықтым, ән жалықтым».

90 –шы жылдардың аяқ кезінде Абай Крылов мысалдан көбірек аударған. «Емен мен шілік», «Қазаға ұшыраған қара шекпен», «Жарлы бай», «Есек пен бұлбұл», «Бүркіт пен қарға», «Шегіртке мен құмырсқа», «Әншілер», «Алақойлар», «Түлкі мен қарға», «Есек», «Бақа мен өгіз», «Піл мен қанден» мысалдарын аударған.

«Түлкі мен қарға» мысалында мақтаншақ адамдардың түлкі секілді құларға мазақ болуын көрсетеді. «Шырылдауық шегіртке» кейде «шегіртке мен құмырсқа» деп беріліп жүрген мысалда ертеңгісін ойламайтын жалқауларды күлкі етеді. Абай Крылов мысалдарын қазақ ұғымына сай үлгіде аударды.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Абай қандай ортадан шықты, оның ақындығы мен адамдық бағытына кімдер әсер етті?

2. Халық ауыз әдебиеті және батыс әдебиеттің ықпалы.
3. Абай қазақ өлеңінің құрылысына қандай жаңалықтар енгізді?
4. Абайдың поэмалары және қара сөздері.
5. Абай – аудармашы

### **Бақылау тапсырмалары**

1. «Қазақтың бас ақыны – Абай» (эссе жазу)

### **7-сабақ.**

**Ш. Құдайбердиевтің** өмірі мен шығармашылық жолы, лирикасы. «Жастарға», «Дүние мен өмір» өлеңдері, «Еңлік-Кебек» дастаны

### **Шәкәрім – философ ақын.**

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ әдебиеті тарихында Абайдан кейінгі ақын, ғұлама – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шәкәрім бұрынғы Семей облысы, Абай ауданындағы Шыңғыс тауының бөктерінде дүниеге келді.

Өзінің «Мұтылғанның өмірі» атты ғұмырнамалық өлеңінде өзі 5 жасында ауыл молдасынан сабақ алғанын жазады. 7 жасында өлеңге деген өзінің зеректігін таныта бастайды. Абай Шәкәрімді өз қамқорлығына алады. Ол өз білімін жетілдіре түсу үшін орысша үйренеді. Шәкәрім жас кезінде ән-жыр жазып, саятшылық құрумен өте жиі айналысады. Абайдың берген кеңестерімен ән, өлең жазумен машықтана бастайды. Шәкәрім өз бойындағы өрді аша бастайды.

Шәкәрім жиырма жастан асқан соң ел басқару істеріне араласады. Жиырма үш жасында болыс болып сайланады. Болыс болған кезінде өзінің еріксіз істеген әрекеттерінің дұрыс болмағандығын еске ала отырып жазады. Шәкәрімнің ел ісіне араласуы, оның өз шығармашылығына өте үлкен үлесін әкеліп тигізуі.

Ақынның алғашқы өлеңдері махаббат тақырыбына арнау болды. Ақын Абай өлеңдерінен өзіне мысал ете отырып жазды. Абайдың ықпалымен өнерге тене жақындай түсті. Философия дін негізінде өте көптеген еңбектерді оқиды.

Шәкәрім өлеңдерінде басқа ақындардан ерекшелігі, оның өлеңдері өз заманымен қоса біздің заманымызға дейінгі негізгі тақырыптарын аша білді. Абай өлеңінде өз заманының мұң-мұқтажын жоқтаса, Шәкәрім біздің заманымызға дейін жалғасып келе жатқан қиындық пен ауыртпалықты сипаттаған. Қазақ халының ішіндегі болған келеңсіздіктерді өзінің өлеңіне басты мәселе етіп қарастырған. Шәкәрім өз өлеңдерінің нақты буыны етіп «Оятқан ерте мені Шығыс жыры» деп өзінің өнеге мектебін нақтылайды. Абай секілді Шәкәрім де екі жаққа бірдей көз сала білді. Ол шет ел ақындарының еңбектерін ынтамен оқиды. Хожа Хафиз, Физули, Науаи еңбектерін өте жақсы көреді. Осы ақындардың барлығынан өз өлеңіне арқау ете отырып, өз өлеңдерінің басты мақсатын айқындай түседі. Шәкәрімнің өлеңдерінде Шығыс әдебиетімен байланысын айқын көруге болады. Адамгершілік көркемдікпен насихаттауы тәжірибесінде «Бояушы сиыр», «Ақылшы торғай», «Епті тышқан» өлеңдерінде айқын болымдылықпен жеткізеді.

Шәкәрім іздену үстіндегі өзін толғандырған қоғамдық философ Шопенгауэрдің еңбектерін барша ынтасымен оқиды, осы дүниеге, өмірге сын көзқарасын, пікірін білдіреді. Орыс ақындарының, Түрік поэзия ақындарынан өз өлеңдерінің өте үлкен арқауы ретінде алады. Шәкәрімнің әдеби философиясы өте бай. Оның шығармашылығы жанры жағынан әртүрлі. Кеңес дәуіріне дейін-ақ «Мұсылмандық шарты», «Қазақ

айнасы» өлеңдер жинағы шыққан болатын. Шәкәрім Құдайбердіұлы идеялды мақсаты жағынан демократтық – халықтық, гуманистік-ағартушылық және философиялық бағытты ұсынады. Оның адами құндылықтарға негізделіп жазылған шығармалары философ ақын екенін көрсетеді.

### **Шәкәрім поэмалары, оның маңызы.**

Шәкәрім қалдырған бай мұраның ішінде «Қалқаман - Мамыр», «Еңлік - Кебек» поэмаларының өзіндік орны бар. Бұл поэмаларға ақын қазақ жұртында ертерек заманда болып өткен оқиғаларды арқау еткен. Кейіпкерлері тарихта болған адамдар, жер-су атаулары да нақты. Бұған қарап тарихи поэма деуге болмайды. Поэмалардағы тарихи деректер оқиғаның қашан, қай жерде болғанын таныстыру мақсатында алынған. Қалқаман мен Мамыр жайындағы қазақ ортасындағы әңгіме Шәкәрімге айрықша ой салған. Ақын ғашықтар басындағы трагедия мен ел басындағы әлеуметтік жағдайды шеберлікпен ұштастырады. Поэманың сюжеті XVIIIғасырдың алғашқы ширегінде Жоңғар шапқыншылығы қарсаңындағы халық тұрмысының бір көрінісіне құрылған. Бұл – қазақ халқының өміріндегі ең бір қасіретті кезең, «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының тұсы еді. Ақын оқиғаның қай кезде, қай жерде болғанын поэманың басында-ақ айтып береді.

Өткен іс ойға күңгірт, көзге танық,

Көрмесе де білгенге бәрі анық.

Мың жеті жүз жиырма екінші жыл

Қазақтың Сыр бойында жүргені анық...

Бұдан әрі ақын дастандағы оқиғаға араласатын Әнет баба, Қалқаман, Мамыр және басқа кейіпкерлермен таныстырады. Қалқаман мен Мамыр арғы тегі бір аталас жандардың ұрпағы. Мамырдың әкесі – Мәмбетей руынан шыққан бай. Мамыр ұл орнына тәрбиеленіп, еркекшора болып өседі. Астына ат мініп қарына құрық іліп, жылқы бағады. Сөйтіп жүргенде Мамыр мен Қалқаман жылқыда жүріп сөйлеседі. Екі жас арасындағы сезім ұшқыны осы арада басталады. Кейін ұлғайып, ғашықтыққа ұласады. Қалқаман қызды алып қашып, ағайын арасында үлкен дау туады.

Қыз жағы ешқандай бітімге келіспейді. Екі жасты өлтіру талабын қояды. Жігіт жағы мұндай жазаға қарсы болады. Ақырында Мәмбетейдің батыры Көкенай Мамырды атып өлтіреді де, Қалқаманның да өлтірілуін талап етеді. Әнет бабаң амалсыз: «Қалқаман жүйріс атпен шауып өтсін, Көкенай сонда атсын» деп шешеді. «Егер оғы дарымаса Қалқаманды одан әрі мазаламайық» дейді. Көкенайдың оғынан жеңіл жараланған Қалқаман опасыз еткен безіп, Бұхар жақтағы нағашыларына кетіп қалады.

Поэмада Қалқаманның батырлығы суреттелмейді, бірақ оның іс-әрекетінде батылдық бар. Мамырды алып қашуы, поэма соңында басқа жаққа кетіп қалуы – оның әділетсіздікке қарсы күрестің белгісі еді. Шәкәрім Мамырдың қазақ қыздарына тән ақылы мен биік парасатын, сезімталдығы мен тапқырлығын Қалқаманмен жылқыда жүріп тілдесуінен-ақ байқатады. Ол сабырлық мінезімен жігітке бірден уәде бермейді. Бірақ үмітін де үздірмейді. Кейін болар іс болғаннан кейін, ажал оғының алдында айрықша батылдық көрсетеді.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмаларының маңызы.

3. Шәкәрім – философ ақын. Шәкәрімнің «Мен жетелеп өлемін, өрге қарай қазақты», «Қазағым, қам ойлан» өлеңдерін талдау.

### 8-сабақ.

**Әнші-сазгер ақындар Б. Қожағұлұлының өмірі мен шығармашылығы.** «Жамбас сипар», «Ләйлім шырақ» **Ақансері Қорамсаұлы** «Жайықтың ақ түлкісі» **Әсет Найманбаев** «Қор болмас зерек адам ақылы бар», «Арғынмын, атым Әсет арындаған», «Тоты», «Адамның жасы жөнінде»

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақтың әнші – ақындарының көрнекті өкілдерінің бірі – Ақан Қарамсаұлы.

Ақан 1843 жылы қазіргі Көкшетау облысының Айыртау ауданында Қоскөл деген жерде туған. Шын аты – Ақжігіт екен, ата-анасы еркелетіп, Ақан атандырып жіберген. 13 жасында әкесі Ақанды діни мектепке оқуға береді. Бірақ ұғымтал, сергек ойлы бала дүмше молданың шалдыр-шатпағына көнбей, оқуды тастап кетеді. Одан кейін Қызылжар қаласында Уәли дегеннің медресесінде екі-үш жылдай дәріс алған.

Ақынның өзгешелігі ит жүгіртіп, құс салып, аңшылық құрған. Маңайына әнші, палуан, түрлі өнерлі жастарды жинап, өнер жолына түскен. Қара торғай деген қыран құсы, Базар ала деген жүйрік иті болған. Әндері лирикаға толы, сөзі өткір, халық оны «сері» деп атаған. Ақанның әнге салып айтқан өлеңдері «Сырымбек», «Үш тоты», «Балқадиша».

«Мылтық пен мергеншілік» өлеңінде аңшылыққа құмар, мылтық атуды өнер еткен адамның психологиялық суретін жасайды. Өлең үш бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде – жақсы мылтықтың қандай болу керек екендігі айтылады, екінші бөлімде – аң атқан мергеннің көңіл-күйін суреттейді, үшінші бөлімде – аң ату кезінде мергеннің ішкі сезімі айтылады.

Өлеңдері: «Балқадиша», «Мылтық пен Мергеншілік», «Құлагер», «Заман адамы», «Жақсының өзі өлсе де сөзі өлмейді». «Сұм заман өткір жанды қор қып баққан».

Әндері: «Сырғақты», «Сырымбет», «Балқадиша», «Көкжендет», «Маңмаңкер», «Құлагер».

### Бақылау сұрақтары.

1. Ақан Серінің өмір жолы мен шығармашылығындағы ерекшеліктер
2. Біржал салдың қандай еңбектері бар?

### 9-сабақ.

#### XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет

**А.Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы.** «Маса», «Анама хат», «Жиған-терген», «Қырық мысал» жинақтары

Ахмет Байтұрсынов 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысының Торғай жерінде дүниеге келген. Ол өз қолымен жазған өмірбаянында: «Мен Торғай уезінің Тосын болысындағы №5 ауыл қазағының баласымын. 1886 жылдан бастап, 1891 жылға дейін екі класстық Торғай орыс-қазақ училищесінде оқыдым. 1891 жылдан 1895 жылға дейін Орынбор орыс-қазақ мектебінде оқыдым. 1895 жылдан бастап Торғайдың әр жерінде, әр түрлі бастауыш училищелерде, ауылдық мектептерде істедім» - деп жазған екен.

Ахмет Байтұрсынов қазақ тілі мен әдебиетін зерттеген ғалым. Ол ең алдымен қазақ балаларына арналған әліппе жазды. Әліппе «оқу құралы» атпен 1912 жылы Орынборда басылады. Сонымен қатар ол мектепте қазақ тілін пән ретінде оқытатын оқулық жазады. Оны «тіл құралы» деп атап, 3 кітап етіп жазады. Бұл оқулықтан қазақ тілінің фонетикалық және драматикалық құрылымын талдап жазады. Ахмет Байтұрсыновтың әліппеге арнап жазған кәтаптары «Тіл – құрал», «әдебиет – танытқыш», «Оқу құрал», балалар әліппесі; Әліппе, «Сауат ашар». Ересектер әліппесі. Ахмет Байтұрсыновты қазақ әліппісінің атасы деп бекер атамаған. Ахмет Байтұрсынов бұл кітаптарды қазақ халқының сауатын ашып, білімді халық болсын деп жазған.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан аса зор үлесі – 1923 жылы басылып шыққан «Әдебиет танытқыш» атты әйгілі еңбегі. Ахметтің осы кітапта тұңғыш рет қазақ тілінде түзген анықтамалар мен терминдері уақыт өтсе де өз құнын жойған емес. Кейінгі жазылған әдебиет теориясы жайлы зерттеулердің көбі осы еңбекке сүйенеді.

### **«Маса» өлеңдер жинағы.**

Ахмет өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте бұқараның жүрегіне қозғау салар, ұйқысынан оятар қаруы - өлең сөз деп түсінді. Қазақ халқының тағдыры, бүгінгісі мен ертеңгісі Ахмет поэзиясының өзегі болды. Ол өзінің ағартушылық, демократтық, гуманистік идеяларын халқына поэзиялық тілмен жеткізуді қалады.

Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдер жинағының «Маса» деп аталуы да тегін емес. Ол ұйқыда, саясаттан тыс жатқан халқының құлағына маса секілді ызыңдап келіп оятуды ойлады.

Ызыңдап ұшқан мынау біздің маса,

Сап-сары аяқтары ұзын маса.

...Үстінде ұйқтағанның айнала ұшып,

Қаққы жел қанаттары бұзылғанша,

Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызыңдаса?!

Ақын арманы – «адамдық диханшысы» болып халқына қызмет ету.

Адамдық диханшысы қырға шықтым,

Көгі жоқ, көгалы жоқ қорға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге құл халықтың...

Бұл үзіндіде үлкен мұратты білдіріп тұр. «Көгалы жоқ, көгі жоқ» деп отырғаны сусыз қырда диханшы болу, адамдықтың тұқымын» ең – бұл оңай шаруа емес. Оның үстіне халқы еріксіз, біреуге құл болса... Автор осы қиын міндет жолына басын тігеді. Ақын өзі өскен ортаға, қазақ қоғамының қалпына сын көзімен қарап, көңілін жүдеткен, күйіндірген көкейкесті шындықты ашына сынады.

«Маса» жинағы 1911 жылы Орынборда басылып шыққан. «Қырық мысал» 1909 жылы Петербургте басылып шыққан. Бұл мысалдарда тұтас халықтың әлеуметтік мәні бар тақырыптар (отаршылдық, әкімшілдік, зорлық пен зомбылыққа қарсы халық санасына қозғау ұялатып, қайрат пен жігерге, намысқа шақыратын) қозғалады. Бұған «Қасқыр мен тырна», «Ала қойлар», «Қасқыр мен қозы», «Андарға келген індет» т.б жатады.

## **Бақылау сұрақтары.**

1. Ахмет Байтұрсыновтың «Маса», «Қырық мысал» жинақтарына тоқталу
2. «Қазақ әліпбиінің атасы – Ахмет» екенін дәлелдеу

## **10-сабақ.**

**Міржақып Дулатовтың «Қазақ жерлері», «Шәкірт», «Таза бұлақ». «Бақытсыз Жамал» романы Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы**

Міржақыптың ақындық даңқын қазақ даласына таратқан – «Оян, қазақ!» жинағы. Бұл кітап татар, башқұрт оқымыстыларының назарын да аударды. Ақынның бұл өлеңін кімге арнағаны, не айтпақ болғаны кітаптың сыртында жазылған:

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал парам боп,  
Қазағым, енді жату жарамас-ты, -  
деген бір шумақ өлеңінен танылады.

«Оян, қазақ!» деген сөзі оның биік идеялық мақсаты, басты рухани нысанасы.

Ақын қазақ халқын оятамын деп маса болып шыққан А. Байтұрсыновқа қосылып, ұйқыда жатқан қазақ жұртына ой салмақшы. Ақынның А. Байтұрсыновқа қосылып, маса болып ызындап қазақ халқына ой салғанымен, олар қазақ жұртын мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін ашып, бізде адам баласымыз, тыныш жатпай, әрекет етуіміз керек. Өзіміздің дүниеден қажетті ақымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, орысша оқып, өнерлі болайық – деп жазған. Бұл сөздердің астында бірталай ой жатыр. Мысалы мына мақалды алатын болсақ:

Міржақып Дулатов өз өлеңдерінде қазақ неліктен жеке ел болудан қалды деген сұраққа жауап іздейді. Ақын алдымен халық тағдырын ойлау, оның мүддесіне қызмет ету - әрбір саналы азаматтың басты парызына назар аударған. Оның:

Міржақып, неге отырсың қалам тартпай,  
Бәйге алмас болғанымен жүйрік шаппай.  
Шаманды қадари – хал көрсетсеңші,  
Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай, -

деуі – тек өз атына ғана айтылған сөз емес, жиырмамыншы ғасырдың көзі ашық жастарына арналған сөз. Осыдан әрі ақын туған халқының өз алдына ел басып, өзін-өзі билеген, төрт түлігі мыңғырған, көшпелі өмірін есіне алады. Бірақ ол өткеннің бәрі жақсы еді деп жоқтамайды. Қайта өткен заманның көлеңкелі жақтарын сыншыл көзбен, сарапшыл оймен таразыға салып, бүгінгі мүшкіл халіміздің бір себебін сол кездегі бейқамдық пен берекесіздіктен іздеген ақын.

«Оян, қазақ!» жинағы – осындай реалистік сипатымен күрес рухына, қацрат пен жігерге толы, ұлттық намыс пен сана – сезімді оятумен, ағартушылық – демократтық сипатымен құнды туынды.

## **М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы**

М. Дулатовтың өз дәуірі үшін маңызды ірі еңбегі ол – «Бақытсыз Жамал» романы. Ол 1910 жылы Қазан қаласында басылып шықты. Бұл қазақ әдебиетінде алғашқы романы болып саналады. Шығармада басты кейіпкер – Жамал, романдағы оқиғалар Жамал тағдырымен сабақтас өрбиді. Жамал әкесі Сәрсенбайдың мойнына бұршақ салып,



құдайдан жалбарынып сұрап алған баласы. Шолпан - әкесінің бір перзентке зар болып жүріп үйленген екінші әйелі. Қиын кезеңде қызы үшін шырылдап отқа түсетін осы ана.

Заман өзгерістері қазақ ауылына жаңалық әкеледі. Соның бірі – қолға мал ұстап, балалардың сауатын ашу, хат таныту. Осындай әрекетке кіріскен Сәрсенбай да алақанға салып еркелетіп, тіпті ұл балаша киіндіріп қойған Жамалын молдаға оқуға береді. Жамалға қыл тұзақтай болып, әкесі мен Байжан арасындағы құдалық құрығы түседі. Жамал бір тойда Ғалимен танысады. Сөйтіп, бір-біріне ғашық болған екі жас, тез тіл табысады, хаттар жазылады. Ғали Жамалды алып қашып, қаладағы ниеттес татар байы Фатихулланың үйін паналайды. Бірақ екеуінің бақыты ұзаққа созылмайды. Аяқ астынан ауырған Ғали он үш күн төсек тартып, кенеттен дүние салады.

Жамалдың жалғыз қалуы еріксіз Байжан босағасына барып, Жұманнан зорлық көруі, қайғылы махаббат уын ішіп, оның боранды түнде адасып өлуге барған себептері шығармада сенімді суреттеледі.

Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы алғашқы қазақ романы ретінде әдебиетімізде өзіндік ерекшелігімен көрінетін шығарма.

### **Ж.Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы.**

Жүсіпбек Аймауытов қазақ әдебиеті мен мәдениетінде ақын, драматург, әнші, журналист-публицист, сазгер, ғалым, психолог ретінде танылады.

Ж.Аймауытов 1889 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. Аймауыт өзіндік шағын күн көрісі бар момын шаруа адамы болған.

Ж.Аймауытов қазақтың біртуар перзенттері – А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов секілді саңлақтармен бірқатар әлеуметтік өмірге де, әдебиет әлеміне де ерте араласқан.

Жүсіпбек алғашқы білімді ауыл шаруашылығына байланысты алған. Сонан кейін Баянауылда, Павлодарда орыс-қазақ мектептерінде оқиды. Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітіреді. Алашордамен тығыз қарым-қатынаста болады. Біраз жылдар халық ағарту саласында қызмет істейді, кейін біртіндеп баспа, әдебиет әлеміне ауысады. «Қазақ тілі» газетінің редакторы болып, «Ақ жол» газетінің редакциясында қызмет атқарады.

1926-1929 жылдары Шымкент Педагогикалық техникумда оқытушы, директор қызметін атқарған.

Алғашқы романы – «Қартқожа», 1926 жылы Қызылорда қаласында басылып шықты. Романда революция қарсаңы, 1916 ж және одан кейінгі жылдардағы қазақ халқының тағдыры көрсетілген. Ж.Аймауытовтың ең ірі туындысы – «Ақбілек» романы. Романда азамат соғысы жылдарында қазақ қызының басынан кешкен қайғылы тағдыры, кеңестік кезеңде теңдікке қол жеткізген өмірі суреттелген. Тағы бір көлемді туындысы – «Күнікейдің жазығы» атты повесі. Шығарма әйел теңсіздігі тақырыбында жазылған. Ж.Аймауытовтың драматургия саласында 1926 жылы «Қанапия – Шәрбәнү» пьесасы Мәскеуде басылып шығады. «Ел қорғаны» 1925 жылы Ташкентте басылып шығады. Пьесалардың ішіндегі көлемдісі, мазмұндысы 1926 жылы Семейде басылып шыққан – «Шернияз» драмасы. Шернияздың түп-тұлғасы, прототипі – ақын С.Торайғыров «Қанапия – Шәрбәнү» пьесасында 16 жылдың оқиғасын көрсетеді. Негізгі тартыс бірін-бірі сүйген екі жастың қосыла алмауына байланысты.

### **Ж.Аймауытовтың «Қарт қожа», «Ақбілек» драмалық шығармалары.**

Ж.Аймауытовтың алғашқы романы «Қартқожа» 1926 жылы Қызылорда қаласында басылып шықты. Романда революция қарсаңы мен одан кейінгі жылдардағы қазақ халқының жаңа өзгерістері баяндалады. Мұндағы мақсат – қоғамдағы өзгерістерді қарапайым адамның көзқарасы, қабылдауы арқылы көрсету. «Қартқожа» романы – автор қиялынан емес, болған оқиға негізінде жазылған. Жүсіпбек Аймауытов өмір шындығынан алынған оқиғаны көркемдік қиялмен ұштастыра отырып, дәуір келбетін ашатын шығарма қылып жазды. Романның бас кейіпкері - өмірде болған, ұзақ жылдар ұстаздық етіп, кейін репрессияға ұшыраған Қартқожа Жананұлы деген азамат.

Ж.Аймауытовтың тағы бір керемет романы – «Ақбілек». Романда азамат соғысы жылдары қазақ қызының басынан кешкен қайғылы тағдыры мен кеңестік кезеңде қол жеткізген өмірі суреттелген. Өз заманының ең бір құбылмалы тұсында сынға түскен қарапайым қазақ қызының жігер – қайраты мен ақыл – парасаты арқасында өз ортасынан озып шығып, биік қоғамдық сатыға көтерілуі көркем бейнеленген.

Романның бас кейіпкері Ақбілек - әке-шешесінің көзінің ағы мен қарасындай ерке өскен, ажарына ақылы сай елге сыйлы ару. Бұл туралы сөз болмағанымен, біз Ақбілекті осылай қабылдаймыз. Ол романдағы қат-қабат оқиғалар тұсында әр кезде-ақ сезіліп тұрады. Кейіпкердің жан дүниесі, өз басынан өткерген қиындығы мен қияметі жетерлік оқиғалар барысында ашылады.

«Ақбілек» романы – қазақ халқының ұлы өзгерістер тұсында көрген қасірет – тауқыметін, қорлық-зорлығын, жаңа өмірге бет бұрысын қарапайым қазақ қызының тағдыры арқылы кең көлемде көрсеткен туынды.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. М.Дулатов «Оян, қазақ» жинағының мазмұнын ашу
2. «Бақытсыз Жамал» романының қазақтың алғашқы романы екеніне тоқталу
- 3.«Қарт қожа», «Ақбілек» романдары, драмалық шығармалары туралы
4. Ж.Аймауытов өмірі мен шығармашылығы.

### **11-сабақ.**

**Мағжан Жұмабаевтың** өмірі мен шығармашылығы, лирикасы. «Жазғы таң», «Толқын», «Туған жер», «Сен сұлу», «Шолпы өлеңдері»

Қазақ поэзиясында лирикасының сыршылдығымен әдебиет әлеміне өшпес мұра қалдырған ұлы ақын – Мағжан Жұмабаев.

Ақын 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Жұмабаев ауданының Мағжан ауылында дүниеге келген. Өз ауылында молдадан мұсылманша сауатын ашады. Одан соң Қызылжардағы медресеге түседі. Мағжан 1910 жылы М.Дулатовпен кездеседі. Міржақып Мағжанның орысша сауатын ашқан адам.

Мағжан 1911-1917 жылдары Уфадағы атақты «Ғалия» медресесінде оқиды. Сол тұста татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовпен танысып, ақындық өнер жолына біржола бет бұрады. Ол Омбыдағы мұғалімдер семинариясын бітірді. Мағжан алғашқы өлеңін 12 жасында жазады. Көп ұзамай жас ақынның «Шолпан» атты өлеңдер жинағы жарық көреді. Содан бастап М.Жұмабаев қазақ әдебиетінің поэзия көгінде жарқыраған жарық жұлдызына айналады.

М.Жұмабаев 1917 жылдан бастап «Алаш» қозғалысына белсене араласады. 1921 жылы Қызылжарда «Бостандық туы» газетінде редактор болып істейді. 1922 жылы Ташкент қаласына барып «Ақжол» газетінде, «Шолпан» журналында қызметтер атқарады.

1936 жылы ол Қызылжар қаласындағы мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. 1937 жылы Алматыға келеді. 1937 жылдың 30 желтоқсанында қайтадан жазықсыз тұтқындалып, 1938 жылдың 19 наурызында атылады.

«Сағындым» өлеңін ақын түрмеде отырғанда жазады. Өлеңде қара жерді, туған елді сағыну сезімі ерекше берілген.

«Мен кім?» өлеңінде Мағжанның ерекшелігі, романтик ақын екені байқалады. «Арыстанмын, жолбарыспын, көкте – күнмін, жерде - желмін» деген метафора сөздерді қолдану арқылы ақынның мінез ерекшелігі, ештеңеден, ешкімнен жасқанбайтын мінезі «Халық жауы» емес нағыз халық ұлы екені байқалады.

Ақынның бұдан басқа «Түркістан», «Орал тауы», «Сүйемін», «Сен сұлу», «Толқын», «Жел» т.б. өлеңдері бар.

**М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы Баян батыр мен тұтқын қыз бейнелері.**

Поэmanın ең басты жетістігі – Баян батырдың шынайы көркем образының жасалуы. Ол Сыздықтай, Кенесарыдай, Қорқыттай аңызбен, ертегімен байланысты кеткен бейне емес, өмірдің шынайы шындығынан жаралған толыққанды тұлға. Баянды алғаш хан Абылай сипаттауынан танимыз. Жорық алдындағы хан кеңесіне Баян келе алмай қалады. Бір жорықта қолға түскен қалмақ қызының аянышты тағдыры себебімен Батыр Баян хан кеңесіне кешігеді. Қолға түскен қалмақ қызына Батыр Баянның туған інісі Ноян ессіз ғашық болады. Екі жас уәде бойынша, қалмақ еліне қашуға тәуекел етеді. Бұған қатты ашуланған, күйінген батыр Баян ашу үстінде қуып жетіп, екеуін де өлтіреді. Поэmanın осы арадағы суреттеуінде Батыр Баянның психологиялық портреті мен ішкі мінездемесі, оның інісі Ноянға қатысы арқылы терең аша түседі. Бар ақылы сезімінде жүрген ғашықтықтан естен танған жас Ноянның сұлу қыздың «Сиқыр» сөзіне көзсіз көбелектей елітіп, елінен безіп, соңына еруі қай жағынан болса да нанымды, шындықтан алыс емес. «Сұм сұлудың» осы бейнесі Ноян түгілі Баянның жүрегіне де шоқ түсіріп, ақылын ашуға жеңдіртеді. Поэмадағы Батыр Баян бейнесі де, тұтқын қыз бейнесі де аса шеберлікпен сипатталған.

**Бақылау сұрақтары.**

1. М.Жұмабаев поэмаларының сипаты.

2. М.Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасындағы Баян батыр мен тұтқын қыз бейнелері

1. М.Жұмабаев өмірі, өлеңдерінің ерекшелігі «Мен кім?», «Сағындым» өлеңдерін талдау

4. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдеріндегі романтизм.

**12-сабақ.**

**Бақылау жұмысы**

**I нұсқа:**

1. Махамбет - от жүректі, батыр ақын.

2. Б. Алтынсарин өлеңдері мен әңгімелерінің тақырыптық-идеялық сипаты.

3. Абайдың поэмалары және Қара сөздері.

4. Ахмет Байтұрсыновтың «Маса», «Қырық мысал» жинақтарына тоқталу.

### II нұсқа:

1. «Қазақ әліпбиінің атасы – Ахмет» екенін дәлелдеу.

2. М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романының қазақтың алғашқы романы екеніне тоқталу және талдау.

3. Ш. Уәлихановтың азаматтық, ғалымдық жолы.

4. Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмасы.

### 13-сабақ.

**Сұлтанмахмұт Торайғыров** өмірі мен шығармашылығы, «Туған еліме», «Оқып жүрген жастарға», «Сарыарқаның жаңбыры». «Қамар сұлу» романы

С. Торайғыров әлеуметтік оқиғалардың күрделі кезінде өмір сүрген, өз заманының шындығын табуға ұмтылған қазақтың белгілі ақыны. Алғашқы өлеңдері халықтың қараңғылықтағы күйден шығуына жастарды оқу білімге шақыруға арналады.

1. «Оқып жүрген жастарға»

2. «Оқуда мақсат не?»

3. «Шығармын тірі болсам, адам болып»

4. «Ендігі бет алыс» деген өлеңдері бар.

Ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздікті көрсететін өлеңдері: «Қымыз», «Тұрмысқа», «Айт», «Бір адамға» өлеңдері.

«Тұрмысқа» деген өлеңінде келешектен үміт үзбеген романтикалық сезім күйін асқақ армандарын көрсетеді.

#### Шәкірт ойы

Қараңғы қазақ көгіне,

Өрмелеп шығып күн болам.

Қараңғылықтың көгінде

Күн болмағанда кім болам?

Мұздаған елдің жүрегін

Жылытуға мен кіремін,

деген өлеңінде ақын болашаққа сенім артады.

### С. Торайғыровтың романдарының тақырыптық-идеялық сипаты.

«Қамар-сұлу» – ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ өмірінің шындығын жарқын да жан-жақты суреттеген шығарма. Жазушы мұнда аянышты қыз тағдырын мысалға келтіре отырып, негізінен феодалдық салтқа қарсы үн көтереді. Халықтың түбіне жетіп отырған қараңғылықты шенейді. Халықты надандық пен қараңғылықта ұстау үшін дінді бетіне перде етіп ұстап отырғандарды Сұлтанмахмұт ашына жазып, романның көп беттерін соларды әшкерелеуге арнайды. «Қамар-сұлу» романы өткен өмірді, ондағы әділетсіздікті реалистікпен суреттейді, романның еңбекші халықты надандыққа, феодалдық кертартпа салт-санаға қарсы күреске үндеуде ерекше маңызы бар. Роман проза мен поэзия араласуы түрінде жазылған. Онда, әсіресе, кейіпкерлерді мінездеу, портрет жасау, қатысушылардың біріне-біріне айтар сыр-ықыласы, көңіл-күйі өлең түрінде беріледі. Мысалы басты кейіпкер Қамарды:

Жіңішке сымға тартқан әні қандай,

Балауыз балбыраған тәні қандай!

Ақыл, ой, көрік түгел келіп,

Толықсып толып тұрған сәні қандай.

деп суреттейді. Қамардың өлер алдындағы қоштасу сөзі де, молдамен айтысы, бақсылық сарындары – бәрі де өлеңмен айтылады. Қамар мен Нұрым тойында Ахмет айтқан «жар-жар» «зар-зар» үлгісінде жұмбақталып беріледі.

Қарт қара құс сұңқарға

Қалайша тең зар-зар.

Бірің-күнде, бірің-түн,

Бір кемеге салсаң да,

Сиысу жоқ зар-зар.

Сұлтанмахмұт мұндай тойдың зарлы күйін таныту үшін «жар-жар» орнына «зар-зар» айтқызады. Роман тұрмыс-салттың жан-жақты сипатын суреттейді. Қазақ әдебиетінде С.Торайғыров шығармашылығының маңызы ерекше.

«Кім жазықты» романы – өлеңмен жазылған роман. Романда ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамында өмір сүрген Тасболаттың үш ұрпақ буынының өмірі жалпы көрсетіледі. Жазушы қазақ ауылының тіршілігін, ел арасындағы салт-дәстүрді кеңінен қамтиды. Романның негізгі кейіпкерлері қазақтың билеуші топ өкілдері. Олар Тасболат, баласы Әжібай, немересі Қабыш. Олардың тәрбие алған ортасы, ел басқарудағы мінез-құлықтары – роман оқиғасының негізін құрайды. Романда орта шаруаның өкілі Байбол, ауылдағы жастар Әнуар, Күлтай бейнелері де жасалған.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. С.Торайғыровтың романдарының тақырыптық – идеялық сипаты
2. С.Торайғыровтың «Шәкірт ойы» өлеңі не туралы?

### **14-сабақ.**

**Спандияр Көбеевтің өмірі мен шығармашылығы, ағартушылық қызметі Сәбит Дөнентаевтың өмірі мен шығармашылығы**

Спандияр Көбеев – Ы.Алтынсарин үлгісіндегі педагог – жазушы. Өз ұстазына еліктеп, ол ұстаздық қызметін ағартушылық ісін дамыту үшін пайдаланған, қазақ халқы арасында озық елдердің мәдениетін, әсіресе, орыс әдебиетін насихаттаған. Сол арқылы Спандияр ұлы Абай мен Ы.Алтынсарин негізін салған қазақ әдебиетіндегі демократтық-ағартушылық бағытты әрі қарай жалғастырды және жаңа жағдайда лайықты дамытты. Спандияр 1878 жылы 1 қазанында бұрынғы Торғай облысы, Николай уезі, Обаған болысына қарасты №3 ауылда туған. «Менен бұрын бес баласы, бір қызы бар ата-анам мен туылғанда сірә қуана қоймаған» дейді жазушы. Өзім ес біліп қалған кезде анам маған «Сен аязды, күннің қаһарлы күні және мұқтаждық кезде дүниеге келгенсің» деп айтып отыратын.

Менің әкем Көбей – мұсылманша хат танып, қол өнерімен күн көрген адам. Оның бар ойы бізді оқытсам, осыларды білімді қылсам деп армандап жүретін. Ал анам Айтбоз өз ауылымызға сыйлы, сол ауылдың анасы болған.

Спандияр мектеп жасына жетіп қалған кезде ауылда Ы.Алтынсарин мектеп ашады деген хабарды естіп, сол мектепке оқытуды армандайды. Бірақ ол мектеп ісі ұзаққа

созылып кеткен соң, Спандиярдыескіше оқуға береді. Бірақ ол көп оқымай, оқуды тастап кетеді. Себебі, онда тәртіп өте қатал болып, ұрып, соғып оқытқызған.

1887 жылы уәделі Ыбырай мектебі ашылады да, сол мектепке Ыбырайдың көмегімен сол мектепке орналасады. Оны 1892 жылы бітіреді. Содан кейін Қарағайлы деген жерде 4 жылдық болыстық мектепте, Қостанайдағы 2 жылдық орыс-қазақ мектебінде оқиды. Болашақ педагог бұдан әрі қарай оқып, мұғалім болуды армандайды. «Ыбырайдың өлімі, менің оқытушы боламын деген ынтамды басып бекітті» дейді ол. Қостанайдағы 2 жылдық курсқа түсіп, оны бітіріп, 1901 жылы мектеп мұғалімі болып шығады.

Жасынан Ыбырайдың ағартушылық, ұстаздық жолын үлгі тұтқан Спандияр енді мақсатына жеткенін өз естеліктерінде былайша еске алады.

«Алдымда туып - өскен ауылым. Мәдениетпен кенжеқылған қараңғы ауылым. Менің ендігі өмірім сол ауылда өтпекші. Сол ауылда қолымнан келгенше мәдениет шамшырағын жақпақшымын. Бір кездегі өзім сияқты, кіршіксіз таза, уыз тілекті жас жеткіншектерді оқытып, олардың көзін ашып, ғылым жолына, мәдениет соқпағына түсіремін деп асығып келемін».

1903-1905 жылдар ішінде Спандияр Петропавл уезіндегі Нілді болыстық мектебінде істейді. 1905 жылы жазда Омбы қаласында бір айлық ауыл шаруашылық курсында оқиды. Бұдан кейін Спандияр Петропавлдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне орналасады. Онда 1910 жылға дейін мұғалім болып істейді. Осы жылдарда (1908/09) ол өзі Кішіқұмда бастап аударған Крылов мысалдарын көбейтіп, жөндеп, баспаға ұсынады. Ол аудармалары 1910 жылы қазанда «Үлгім тәржімә» деген атпен басылады.

Крылов мысалдарын кезінде Абай мен Ыбырай, одан кейін Спандиярдың замандастары А.Байтұрсынов пен Өтетілеуов аударған.

### **С.Дөнентаевтың мысал өлеңдері.**

Сәбит Дөнентаев ХХ ғасырдың бас кезінде демократтық-ағартушылық әдебиеттің көрнекті өкілдерінің бірі. Жас кезінде ауыл молдасынан хат таныған. 1907-1908 жылдары Маралдыда Нұрғали деген молдадан төте жазумен білім алған. Одан кейін Павлодар қаласындағы Қасым қажының медресесінде оқыған, мұнда ол татар әдебиетімен танысады. 1913 жылы «Айқап» журналында С.Дөнентаевтың алғашқы өлеңі «Қиялым» жарық көреді.

Ақынның «Менің жайым», «Талап», «Замандастар», «Болашақ», «Биік тау» т.б өлеңдері бар.

С.Дөнентаевтың мысалдары: «Ауырған арыстан», «Көзі тоймайтын ит», «Екі теке» сатира үлгісінде жазылған.

«Ауырған арыстан» мысалының идеясы: біреуге ор қазсаң, өзің түсесің деген мағынамен жазылған.

«Көзі тоймайтын ит» деген мысал өлеңі өзінде бар нәрсені бағаламай, менде болса болды деген дүние қоңыз адамдарды сынап жазылған.

«Екі текеде» бірін-бірі сыйламай, екеуі де суға кеткен текелер туралы.

С.Дөнентаевтың сыншыл өлеңдерінде сатира үлгісі көп дамыған. Мазмұны қысқа өлеңдердің шебері атанған ақын, қазақ әдебиетінде өзіндік орнымен ерекшеленді. Мысал өлеңдері арқылы ақын өз қоғамындағы келеңсіз жайттарды, адамгершілікке жатпайтын мінез-құлықты әжуалап көрсетуді мақсат еткен.

## **Бақылау сұрақтары.**

1. С.Дөнентаевтың мысал өлеңдері («Екі теке» т.б.)
2. Көбеевтің ағартушылық қызметі туралы жазыңыз.

## **15-сабақ.**

**Сәкен Сейфуллиннің** өмірі мен шығармашылығы. «Нұра», «Біздің жігіттер», «Сыр сандық», «Шаһит **Бейімбет Майлиннің** қазақ әдебиетінде алатын орны.

Әлеуметтік лирикасы. **Ілияс Жансүгіровтың** өмірі мен шығармашылығы, лирикасы.

### **С.Сейфуллин – күрескер ақын.**

Сәкен Сейфуллин 1894 жылы қазіргі Қарағанды облысының Жанарқа ауданында дүниеге келген. 1908-1913 жылдары Ақмолада Приходская школада, қалалық училищеде, 1913-1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқыған. Жас дарын қазақ фольклорын, Абай шығармаларын, орыс, Еуропа әдебиеттерін, классикасын игеруге талаптанды. 1914 жылы 20 жасар семинарист С.Сейфуллиннің «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағы Қазан қаласында басылып шығады.

С.Сейфуллин ХХ ғасырдың басында Қазақстанда болған саяси күреске белсене қатысады. Ақын «Асау тұлпар», «Домбыра» (1924ж), «Экспресс» (1926ж) атты өлең, поэмалар инағын жариялап, «Көкшетау» поэмасын (1922ж) жазған. С.Сейфуллиннің 1927 жылы «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық романы, 1928 жылы «Жер қазғандар» повесі, 1933 жылы «Альбатрос» (поэма) т.б. кітаптары жарияланды. Сәкеннің жинап, құрастырумен ауыз әдебиетінің көптеген нұсқалары жарияланған. «Көкшетау», «Қызыл ат», «Айша» т.б шығармалары орыс тілінде аударылған. С.Сейфуллин 1938 жылы сталиндік репрессияға ұшырап, опат болды Күрескер ақын кейіннен ақталып, шығармашылығы ел-жұртымен қайта қауышты.

### **С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасын талдау (Адақ, Қалмақ қызы)**

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы – ақынның аса көрнекті шығармаларының бірі. Поэмада сұлу Көкшетаудың көз тартар табиғаты мен осы жерде болған оқиғаларға, атақты адамдарға шолу жасалады.

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында «әнші ақындар» бөлімінде Көкшетау аймағында өмір сүрген ақындар мен әншілер: Балуан Шолақ, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Біржан сал портретін жасаған. Автор Көкшетаудың бүгіні мен болашағы туралы жазады. Поэmanın композициясы күрделі, бірнеше сюжеті бар, бірнеше образдар суреттелген (Адақ, Қалмақ қызы, Абылай хан т.б).

Қалмақ қызының қазақ батырларына қойған үш шарты:

- шың басындағы орамалды атып түсіру (Оқжетпес оқиғасы)
- төрт жігітті арқалап жартасқа шығу (Жеке батыр)
- жұмбақ шешу (Жұмбақтас)

Адақ деген батырдан басқа бұл үш шартты ешкім орындай алмайды. Адақ шыңның басындағы орамалды атып түсіреді. Төрт жігітті арқалап жартасқа шығады. Жұмбақты шешеді. Жұмбақтың шешуі қалмақ қызының басқа жерде атастырған сүйетін жары бар екенін ашады. Адақ қалмақ қызын бостандыққа жібереді. «Көкшетау» поэмасында сұлу табиғат, сол тұстағы қазақ халқының өмірі жайлы бейнеленген. Поэмада табиғат сұлулығынан басқа, зұлымдықты махаббат жеңеді деген идея бар.

«Көкшетау» – Сәкен Сейфуллиннің ең ірі туындыларының бірі. Поэма 4 бөлімнен, 47 тараудан тұрады.

### **Бейімбет Майлин (1894-1938)**

Бейімбет Майлин – көрнекті ақын, прозаик, драматург. Оның поэзиялық, прозалық, драмалық шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алады.

Бейімбет (Бимағамбет) Жармағамбетұлы Майлин 1894 жылы қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданында туған. Ол 1910-1912 жылдары медреседе оқиды. 1913 -1914 жылдарда Троицк, Уфа қалаларында оқуын жалғастырады. 1914 жылы алғашқы туындысы «Шұғаның белгісі» повесін жариялайды. 1922 жылдан бастап баспасөз қызметінде болады. 1934-1937 жылдарда «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы.

Мәселен, «Сексен сом» атты әңгімеде бас кейіпкерлердің кедей екені айтылмайды, суреттелінеді: «Егеубай ертеңгі шайын ішіп, тысқа шықты. Жапырайған қорасының құлап жатқан бұрышы көзіне шалында. Көк шолақ ат Егеубайды танып, жем іздеп оқыранып қойды».

Осылар – жай сөз емес, жанды сурет. Егеубай тысқа шығып еді, көргені – жапырая құлаған қора, мал дегенде көзге ілінгені – жалғыз ат, үйге кірсе – қатыны Егеубайдың тозған киімін жамап отыр, естігені – қатынының: «Осы үйде бүгін бір түйір шай жоқ», - деген сөзі.

Жазушының «Күлпашы»- осы тектес шындықты бейнелейтін туынды. Онда Бейімбет 1920-1921 жылдардағы аштық суретін бір отбасының тағдыры арқылы ашады.

Ал «Аштық құрбаны» (1927) әңгімесінде бір семьяның аштыққы ұшырап, қызын байға тоқалдыққа беру арқылы ғана бұл зұлматтан құтылғанын көрсетеді.

Бейімбеттің өмір сүрген дәуірі - әлеуметтік өзгерістерге толы қоғамдық жүйенің алмасуы іске асқан қайшылықты кезең. Бір тап биліктен қуылып, екінші тап оның орнына билікке ұмтылып жатты.

Қысқасы, Бейімбет әңгімелерінде ауылада болып жатқан күрделі оқиғалардың бәрі дерлік сөз болып, суреткердің қаламына ілігіп отырды. Бейімбеттің бұл қасиетін Мұхтар Әуезов: «Бейімбет әңгімелерін қазақ ауылында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі деуге болады», деп әділ бағалаған.

**Драматургиясы.** Бейімбет – қазақ драматургиясының негізін қалаушы жазушылардың бірі. Қазақ драматургиясында комедияның алғашқы үлгі – нұсқалары трагедиямен қатар пайда болды.

Егер қазақ драматургиясында трагедия жанрының тууы Мұхтар Әуезовтің шығармашылығымен басталса, комедияның қазақ сахнасында көрінуі жазушы Бейімбет Майлиннің шығармашылығымен тікелей байланысты.

Бейімбет Майлин – қазақ драматургиясындағы комедия жанрының негізін қалаушылардың бірі.

Жазушының қаламынан туған: «Амангелді», «Жалбыр», «Біздің жігіттер», «Майдан», «Талтаңбайдың тәртібі», «Шұға» атты көлемді де көрнекті шығармалары – қазақ әдебиетінің драматургия саласындағы үлкен табысы.

Бейімбет Майлиннің отызыншы жылдардағы драматургиясының негізгі тақырыбы – 1916 жылғы ұлт- азаттық қозғалысы («Жалбыр» атты операға жазылған либеретто), Қазан революциясы мен азамат соғысының қазақ даласындағы көрінісі («Амангелді», «Біздің жігіттер»), ірі байларды конфискулеу негізінде ауыл кедейлерін



колхозға ұйымдастыру мәселесі («Майдан», «талтаңбайдың тәртібі»), әйел бостандығы («Шұға»).

Бейімбет колхоздастыру дәуіріндегі ауыл кедейлерінің өмірін суреттеуге арнап, «Майдан» драмасын жазды.

### **Әлеуметтік лирикасы.**

Б. Майлин – поэзия, проза, драматургия саласында бірдей жемісті еңбек етті. Ол көркемдік жағынан құнды, көлемі жағынан мол, тәрбиелік мәні зор мұра қалдырды. Оның өлеңдері мен поэмаларында, әңгімелері мен очерктерінде новеллалары мен фельтондарында, повестері мен романдарында, скетчтері мен пьесаларында қалың бұқараның өмірі суреттеледі.

Б. Майлин дүниетанытқыштық мәні бар өлеңдер жазды. Оның өлеңдеріндегі Мырқымбайдың типтік бейнесі – қазақ әдебиетіндегі еңбек адамы бейнесін жасаудың үлгісі.

Б. Майлиннің атақты «Шұғаның белгісі» және «Раушан - коммунист» атты повестері қазақ әдебиетінің табысы.

Б. Майлин қаламынан «Майдан», «Талтаңбайдың тәртібі», т.б. тәрізді пьесалар туды.

**Ауыл шындығының жыршысы.** Б. Майлин ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанда ауыл өмірінде болған өзгерістерді өзінің өлеңдерінде жан – жақты суреттейді. Ақын өзінің идеясын жалпы айтпай, нақты бір кейіпкердің тағдырын суреттеу арқылы ұсынады. Осы орайда, ақынның Мырқымбай деген кейіпкердің айналасында жазған бір топ өлеңдерді идеялық тақырыптық ортақтығымен цикл құрайды.

Қысқасы, Бейімбет поэзиясындағы Мырқымбай – бүкіл ауыл кедейлерінің басынан кешкен тарихын баяндап беретін, оның санасында болған өзгерістерді көз алдына елестете алатын шебер жасалынған жиынтық бейне.

Бейімбет – ауыл өміріне арналған көптеген сюжетті өлеңдер жазған ақын. Оның әрбір қысқа өлеңдеріне бір поэманың мазмұны сыярылық. Қайсыбір өлеңін алмайық, оның оқиға желісі, идеялық мазмұны, кейде тіпті, бас және қосалқы кейіпкерлері де бар деуге болады. Мұның өзі ақынның лирика шебері екендігін танытады.

Ауылдағы өзгерістерді көрсетуге Б. Майлин әзіл – қалжың мен сатираны шебер қолданады.

Сонымен, төңкерістен бұрынғы және кейінгі жылдардағы ауыл шындығының – Бейімбет поэзиясының ең басты маңызды тақырыбы екенін айқындайды.

«Майданда» қызықты да тартымда жасалынған көркем образдың бірі- Зәуре. Зәуре де кеңес заманы тұсында сауатын ашқан әйел. Драматург Зәуренің өсу жолдарын суреттейді, ол жаңа құрлысқа тікелей араласқан әйелдердің әкімдердің бірі саналады. Пьесаның алғашқы көріністерінде – Зәуре үй – ішінің кішігірім шаруасына жетік, қарапайым әйел. Баласын сүйеді, Әліштің ақ көңіл аңқаулығын да жақсы біледі, сол үшін де оны қатты қадірлеп, құрметтейді. Оқиға тартысы үстінде әрбір көрініс сайын оның ширай түскенін сеземіз.

Зәуренің өз күйеуі Әлішпен қарым – қатынасы да қызық. Әліш ақ көңіл, аңқау әрі ашықауыздық әлсіздігі бар. Оны тап жаулары талай рет әйеліне айдап салып, Зәуренің ел арасындағы беделін түсірмек болады., бірақ Зәуре оның түсінеді, сондықтан ашулану

орнына Әлішке мәселенің мәнжайын түсіндірумен болады. Зәуре де, Әліш те шынайы бейнелер.

Пьесадағы Бекболат, Көдебай, Мамық, Демесін тәрізді ұнамсыз кейіпкердердің бейнелері қызықты штрихтармен шынайы бейнеленген.

Бекболат қастандық құратын, ақыл – айла, зұлымдықтың иесі екендігін танытса, Көдебайдың да өз қулығы өзіне жетерлік. Тілі мен жағына сүйенген ол талай қулық – сұмдығын іске асырады. Аңқау Әлішті те неше құбылтып, Зәуреге айдап салып, бұзып жүрген – Көдебай.

«Майдан» - Бейімбет драматургиясындағы шоқтығы биік, көркемдігі жоғары пьеса.

Қорыта айтқанда, Бейімбет Майлин – қазақ әдебиетінің барлық жанрының да негізін қаласқан үлкен суреткер.

Б. Майлин 1938 жылы репрессияда жазықсыз атылады.

### **Б.Майлиннің қазақ әдебиетінде алатын орны.**

Б. Майлин дүниетанытқыштық мәні бар өлеңдер жазды. Оның өлеңдеріндегі Мырқымбайдың типтік бейнесі – қазақ әдебиетіндегі еңбек адамы бейнесін жасаудың үлгісі.

Б. Майлиннің атақты «Шұғаның белгісі» және «Раушан - коммунист» атты повестері қазақ әдебиетінің табысы.

Бейімбет Майлин – көрнекті ақын, прозаик, драматург. Оның поэзиялық, прозалық, драмалық шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алады.

Бейімбет (Бимағамбет) Жармағамбетұлы Майлин 1894 жылы қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданында туған. Ол 1910-1912 жылдары медреседе оқиды. 1913 -1914 жылдарда Троицк, Уфа қалаларында оқуын жалғастырады. 1914 жылы алғашқы туындысы «Шұғаның белгісі» повесін жариялайды. 1922 жылдан бастап баспасөз қызметінде болады. 1934-1937 жылдарда «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы қызметін атқарады.

Б. Майлин 1938 жылы репрессияда жазықсыз атылады.

Б. Майлин – поэзия, проза, драматургия саласында бірдей жемісті еңбек етті. Ол көркемдік жағынан құнды, көлемі жағынан мол, тәрбиелік мәні зор мұра қалдырды.

### **«Майдан» пьесасына тоқталу.**

Драматургиясы. Бейімбет – қазақ драматургиясының негізін қалаушы жазушылардың бірі. Қазақ драматургиясында комедияның алғашқы үлгі – нұсқалары трагедиямен қатар пайда болды.

Егер қазақ драматургиясында трагедия жанрының тууы Мұхтар Әуезовтің шығармашылығымен басталса, комедияның қазақ сахнасында көрінуі жазушы Бейімбет Майлиннің шығармашылығымен тікелей байланысты.

Бейімбет Майлин – қазақ драматургиясындағы комедия жанрының негізін қалаушылардың бірі.

Жазушының қаламынан туған: «Амангелді», «Жалбыр», «Біздің жігіттер», «Майдан», «Талтаңбайдың тәртібі», «Шұға» атты көлемді де көрнекті шығармалары – қазақ әдебиетінің драматургия саласындағы үлкен табысы.

Бейімбет Майлиннің отызыншы жылдардағы драматургиясының негізгі тақырыбы – 1916 жылғы ұлт- азаттық қозғалысы («Жалбыр» атты операға жазылған либеретто), Қазан революциясы мен азамат соғысының қазақ даласындағы көрінісі («Амангелді»,

«Біздің жігіттер»), ірі байларды конфискулеу кезінде ауыл кедейлерін колхозға ұйымдастыру мәселесі («Майдан», «Талтаңбайдың тәртібі»), әйел бостандығы («Шұға») туралы жазылған.

Бейімбет колхоздастыру дәуіріндегі ауыл кедейлерінің өмірін суреттеуге арнап, «Майдан» драмасын жазды.

Б. Майлин қаламынан «Майдан», «Талтаңбайдың тәртібі», т.б. тәрізді пьесалар туды. «Майданда» қызықты да тартымды жасалынған көркем образдың бірі- Зәуре. Зәуре де кеңес заманы тұсында сауатын ашқан әйел. Драматург Зәуренің өсу жолдарын суреттейді, ол жаңа құрылысқа тікелей араласқан әйел әкімдердің бірі саналады. Пьесаның алғашқы көріністерінде – Зәуре үй-ішінің кішігірім шаруасына жетік, қарапайым әйел. Баласын сүйеді, Әліштің ақ көңіл аңқаулығын да жақсы біледі, сол үшін де оны қатты қадірлеп, құрметтейді. Оқиға тартысы үстінде әрбір көрініс сайын оның ширай түскенін сеземіз.

Зәуренің өз күйеуі Әлішпен қарым-қатынасы да қызық. Әліш ақ көңіл, аңқау әрі ашықауыздық әлсіздігі бар. Оны тап жаулары талай рет әйеліне айдап салып, Зәуренің ел арасындағы беделін түсірмек болады, бірақ Зәуре оны түсінеді, сондықтан ашулану орнына Әлішке мәселенің мән-жайын түсіндірумен болады. Зәуре де, Әліш те шынайы бейнелер.

Пьесадағы Бекболат, Көдебай, Мамық, Демесін тәрізді ұнамсыз кейіпкердердің бейнелері қызықты штрихтармен шынайы бейнеленген.

Бекболат қастандық құратын, ақыл-айла, зұлымдықтың иесі екендігін танытса, Көдебайдың да өз қулығы өзіне жетерлік. Тілі мен жағына сүйенген ол талай қулық – сұмдығын іске асырады. Аңқау Әлішті де неше құбылтып, Зәуреке айдап салып, бұзып жүрген –Көдебай.

«Майдан» - Бейімбет драматургиясындағы шоқтығы биік, көркемдігі жоғары пьеса.

Қорыта айтқанда, Бейімбет Майлин – қазақ әдебиетінің барлық жанрының да негізін қаласқан үлкен суреткер.

### **Ілияс Жансүгіров (1894-1938)**

Ілияс Жансүгіров - әдебиеттің барлық жанрында бай мұра қалдырған жазушы. Ақынның көркем шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні үлкен. Олар оқырманға эстетикалық ләззат береді, ойын дамытады, сезімін оятады, гуманистік, адамгершілік идеяларын дарытады.

І. Жансүгіров 1894 жылы қазіргі Алматы облысы, Ақсу ауданында туған.

І. Жансүгіровтың ақындық дарынының ашылуына Абай өлеңдері ықпал етеді. Абайдың өлеңдер жинағымен 1916 жылы танысқан Ілияс өлеңді қалай жазу керектігі туралы қатты ойлана бастайды. «Оған шейінгі көрген, оқыған әдебиеттің бәрін Абай кітабы жоққа шығарғандай болды», - дейді Ілиястың өзі және «Ойым ояна бастады, қанбай, қайта-қайта оқи беретін болдым. Жүрегім жаңалық сезгендей болды. Жазуға талабым оянды»-дейді.

1920 жылы Алматыда, одан кейін Ташкентте мұғалімдер даярлайтын 1928 жылы Мәскеудегі Журналистика институтын бітіреді. Қазақстан Жазушылар ұйымын басқарады. «Қазақстан» баспасының директоры қызметін атқарады. Ақын 1938 жылы репрессия құрбаны болады.

**Ілияс – лирик ақын.** Ілияс – үлкен лирик ақын. Ақын айнала қоршаған ортаның ғажап сұлулығын жырлады. «Ағынды менің, Ақсуым», «Жаз», «Ауылдың алды айдан көл» және т.б. өлеңдерінде туған жер суретін жасайды.

Жайлауым желді қарағай,  
Жайлауында елі жарасқан.

немесе

Ауылдың алды айдын көл,

Айдын көлде шағала.

Айдын көлді жағалай,

Айнала қонған қалың ел, - деп, табиғат пен ел өмірін байланыстырып суреттейді.

Ілиястың табиғат лирикасы ішіндегі ерекше шығармасы – «Жетісу суреттері» өлеңі. Жетісу тауларын, Жетісу өзендерін жырлайды. Жетісуда мекендейтін жан – жануарлар жөнінде баян етеді, онда өсетін ағаштар мен шөп түрлерін сипаттайды. Өлеңмен берілген мұндай суреттер Жетісудың майлы бояумен салынған үлкен полотносындай әсер етеді. Сондықтан да ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: «Мен Ілиясты бұрын да білуші едім, өлеңдерін де оқып жүретінмін. Бірақ оның шын мағынасындағы дарынды ақын екенін мойындағаным сол – «Жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін», - деп жазған (1929 жылы).

Ілияс жырлары – қазақ халқының этнографиялық шежіресі іспетті. Ақын жеке затты, тұрмыс –салт құралдарын, тіпті техника түрлеріне дейін (трактор, экскаватор) көркем сөзбен, шебер бейнелеген көптеген өлеңдер жазған.

І. Жансүгіров поэма жанрында да айрықша жемісті еңбек етіп, он беске жуық поэма жазған. Ол халық басынан өткерген кешегі тарих пен бүгінгі заманды байланыстыра суреттейтін «Дала» поэмасын жазды.

«Дала» поэмасында қазақ халқының өмір – тарихындағы бірнеше кезеңдер қамтылады. Жалпы, І. Жансүгіров шығармаларында Дала – халақ бейнесінде алынатын тұрақты кейіпкер. Мұнда Дала – символдық кейіпкер.

Жүрегім, жырым сенікі

Кеңесті далам, кең далам.

Тудым, өстім, өсейдім,

Ен далам – анам, мен – балаң.

деп, ақын өзін дала перзенті етіп көрсетеді.

Ақын тарихи оқиғаларды бір – бірімен өзара байланыстыра жазады. Ол үшін шартты түрде алынған тарих – шалға тарихи оқиғаларды кезең – кезеңімен баяндатады. Тарих – шал 1723 жылдардағы Жоңғар хандығының қазақ жеріне шапқыншылық жасаған оқиғасын айтады. Одан соң патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты, 1916 жылғы ұлт – азаттық қозғалыс, Ақпан, Қазап революциясы, Кеңес өкіметті орнаған он жыл ішіндегі өзгерістер сөз болады.

Қазақ халқының рухани мәдениетінің үлкен бір саласы - музыкалық өнері. І. Жансүгіров ән мен күйге, әнші мен күйші өміріне «Күйші», «Құлагер», т.б. поэмаларын арнаған.

«Күйші» - музыканың адамның рухани өміріндегі атқаратын рөлін көрсетуге арналған әйгілі поэма.

Ілияс Жаансүгіровтың «Құлагер» поэмасы -әйгілі әнші, сазгер, ақын Ақан сері (Ақжігіт Қорамсаұлы) жайында жазылған шығарма.

Поэмада қазақ халқының ас беру дәстүрі кең суреттеледі. Асқа жиналған ел, бәйге, күрес – барлығы да реалистік тұрғыда бейнеленген.

«Құлагерде» аттардың сыны, бәйгеге қосылған жүйріктердің шабысы, Құлагердің қайдан келгені, озып келе жатып, кенеттен мерт болуы, Ақан қайғысы, ел қайғысы сөз болады. Ат бәйгесімен бірге балуандар күресі де суреттеледі. Поэманың негізгі рухы - өнер иесін дәріптеу. Күресте дүлей қара күш иесі өнері, әдісі бар балуаннан жеңіледі. Поэмада қазақ халқының рухани өмірі тұрмыс – салты, мінездері жанжақты бейнеленген. Сондықтан да М. Әуезов: «Құлагер» дастанын: «әрі поэма әрі өлеңмен жазылған роман» деп бағалаған.

### **I. Жансүгіров – «қазақ поэзиясының құлагері» екенін дәлелдеу.**

Ақынның «Әнші», «Домбыра» атты өлеңдері музыка өнерін суреттеуге арналған. Музыка қандай сүйкімді болса, Ілиястың музыкаға арналған өлеңдері де сондай көркем. «Әнші» өлеңінде «сөз - жаңбыр», «даусым - дауыл», «әнім – ескек» деген сияқты тамаша метафоралар көп қолданылады.

Ән салсаң, өзімдей сал аңыратып,  
Жайлантаып, қоңырлатып, жамыратып.  
Аққудай аспандағы әнді өрлетіп,  
Қондырған қоңыр қаздай мамырлатып.

Мұндай эпитеттердің, теңдеулердің ғажап үлгілері Ілияс жырларында көптеп кездеседі.

I. Жансүгіровтей эстетикалық талғамы биік, шалқар шабытты ақынның лирикасы оқырманның ет- жүрегін елжіретіп, көзін ашты.

Қазақ өлеңінде ұйқастық түрлері, үлгілері көп. Ұйқас тандау, жасау мәселесі әр ақынның өзіндік стиліне байланысты.

I. Жансүгіров ең қажетті сөзді өлең жолының соңынан қояды да, оған керекті ұйқасты табады. Оның поэзиясының ұйқастары келуі болса, I. Жансүгіров ұйқастың бұл түрін көбірек қолданған.

Жар қабақ, жауырынды, қаршыға көз,  
Биік бой, өктем дауыс, жігерлі сөз,  
Жылы жүз, теңіз ойлас терең кісі.  
Үйірсек, көпшіл, көсем, таңдайы жез.

Қазақ поэзиясында ұйқастар не бірыңғай дауысты, не бірыңғай дауыссыз дыбысқа бітіп отырады. Ол құбылыс Ілияс өлеңінен де көрінеді. Мысалы:

Соққан жел айдын көлді шайқамас па?  
Мүмкін бе күйдің тілін байқамасқа?

Орыс әдебиетінде ұйқас екпінге құрылатындықтан, сөздің соңғы дыбысы онда шешуші рөл атқара бермейді.

I. Жансүгіров басқа да қазақ ақындары сияқты өлеңнің жалпы әуенділігіне ерекше мән берген ақын.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Жансүгіровтың поэмаларына жалпы сипаттама, «Күй», «Күйші» поэмаларын талдау.

2. I. Жансүгіров – «қазақ поэзиясының Құлагері» екенін дәлелдеу

3. Ілияс Жансүгіровтың өмірі мен шығармашылығы, лирикасы.

4. С. Сейфуллин – күрескер акын.
5. С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы Адақ бейнесін талдау.
6. Б. Майлин әңгімелері, драмалық шығармалары. Әлеуметтік лирикасы.
  7. Бейімбет Майлиннің қазақ әдебиетінде алатын орны.
8. «Майдан» пьесасына тоқталу.

## **16-сабақ.**

**М. Әуезовтың «Абай жолы» романы, драмалық шығармалары «Абай жолы»- ғасырлық туынды.**

### **Мұхтар Әуезов (1897-1961)**

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең биік тұлғасы – Мұхтар Омарханұлы Әуезов. Ол – қазақ әдебиетіндегі алғашқы роман – эпопеяның авторы, шын мәніндегі тұңғыш драмалық шығарма жазушы, әлем әдебиетінің классикалық туындыларын қазақ тілінде сөйлетуші. Бір сөзбен айтқанда, қазақ әдебиетінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ұлы тұлға.

Мұхтар Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте қазіргі Семей облысының Абай ауданында (бұрынғы Шыңғыс болысы) дүниеге келген. Оның атасы Әуезов Абаймен замандас болған. Мұхтар атасы Әуездің тәрбиесінде өскен. Атасы Мұхтарға Абайдың қолжазба өлеңдерін оқытып, жаттатып отырған. Бұл болашақ жазушының әдебиетке құштарлығын оятқан.

1922 жылы Ташкент мемлекеттік университетінде тындаушы болады. 1923 жылы Санкт – Петербург университетіне ауысып, оның филология факультетін 1928 жылы бітіріп шығады. Одан соң 1930 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университеті Шығыс факультетінің аспирантурасын аяқтайды.

Мұхтар Әуезовтің алғашқы көлемді көркем шығармасы -1917 жылы жазылған «Еңлік-Кебек» пьесасы. Шәкәрімнің осы поэмасы негізінде жазылған бұл туынды кейін біраз түзетіліп, қазақ драматургиясының классикасына айналды. «Еңлік - Кебек» пьесасы бүгінге дейін театрлар репертуарынан түспей келеді.

Жиырмамыншы жылдары ол көптеген мақалалар жазып, әңгіме және драмалық шығармаларымен таныла бастайды. Оның қазақ әдебиетінің озық туындылары ретінде танылатын «Қорғансыздың күні» әңгімесі, «Қараш – қараш оқиғасы» повесі осы жылдары жеке кітап болып басылып шықты. «Еңлік - Кебек» пьесасынан кейінгі «Бәйбіше – тоқал», «Қарагөз» тәрізді драмалық шығармалыра театр репертуарынан тұрақты орын алды.

Отызмыншы жылдардан бастап, М.Әуезов бірыңғай кәсіби жазушылықпен айналасып, шығармашылық еңбекке түбегейлі бет бұрды. Ел аралап, жер көріп, ел тарихына, ұлт тағдырына қатысты көптеген зерттеулер жүргізіп, оны өзінің жазушылық еңбегіне шығармашылықпен пайдаланды. Орыс және батыс классикалық әдебиетін зерттеп үйренді.

**Проза жанрындағы ізденістер.** Мұхтар Әуезовтің алғашқы әңгімесі – «Қорғансыздың күні» көркем прозадағы ізденісінің басы. Осы сияқты әңгімелерінде шынайы сурет, көңілді селт еткізер эпизодтар мен әсерлі образдар бар. Кейіпкерлерінің ішкі әлеміне терең бойлап, жан құбылысын ашуға деген ұмтылыс, табиғат құбылыстарын адам сезімімен астастыра суреттеудегі нәзік лиризм. М. Әуезов

прозасының табиғатына тән нәрсе. Заманның құрбанына айналған қорғансыздар тағдыры жазушының жүрегін ерте бастан –ақ толғандырған.

М. Әуезов көлемі шағын «Көксерек» повесін жазды. Символдық мәні бар бұл повесть адаммен табиғат арасындағы байланысты көрсетуді мақсат етеді. Мұнда адамдар табиғатқа қатыгездік жасайды. Қасқырдың күшіктерін өлтіріп, біреуін алап асырайды, оны Құрмаш деген бала үлкен мейіріммен күтеді. Бірақ күшік есейген соң, далаға қашып кетеді. Ол басқа қасқырлармен бірігіп, ауылдарға шабуыл жасайды. Қой бағып жүрген Құрмашқа шабады. Қатыгездікке қатыгездікпен жауап береді. Мұнда Дж. Лондонның «Ақ азу» атты шығармасының сарыны бар. Бірақ «Көксерек» - таза қазақ өмірің танытатын шығарма. Және ол аса ірі білгірлікпен сипатталып, көркем суреткерлікпен бейнеленген.

**М.Әуезов – драматург. «Еңлік - Кебек», «Бәйбіше - тоқал».**

М. Әуезов барлығы 32 пьеса жазған. Олар: «Бәйбіше - тоқал», «Қарагөз», «Еңлік - Кебек», т.б. «Бәйбіше - тоқал» драмасы ескілік қалдығы: көп әйел алушылық кесірінен өріс алған қайшылықты көрсетеді.

Драматургтің «Қарагөз» трагедиясына ескі әдетғұрыптың құрбаны Қарагөз тағдыры арқау болған. Сонымен бірге өнер адамының еркіндікүшін заманың әділсіздігімен арпалысы көрсетілген. Пьесада сүйгеніне қосыла алмай, ауруға шалдыққан Қарагөз, өнеріне өріс таппай, сүйгенінен айырылған Сырым трагедиясы кімді болсын бей – жай қалдыра алмайды. Жазушының көркем тілі мен жан тербеттер нәзік лиризмі пьесаның өн бойына өзгеше жылылық береді.

М. Әуезовтің драматург ретіндегі дарынын танытқан да, оның классикалық дүниесі ретінде мәңгілік мұрасы болып сақталатын да – «Еңлік -Кебек». «Еңлік - Кебек» - қазақ драматургиясының мандай алды туындысы.

«Еңлік – Кебек» Семей өңіріндегі Шыңғыстауда XVIII ғасырда орын алған тарихи оқиға негізінде жазылған. Кезінде осы бір қанды оқиғаны Абай қайта –қайта еске алып, інісі Шәкәрімге тақырып етіп беріп, поэма жаздырғаны белгілі. Шәкәрімнің жазған мерзімінен бір ғасырдан соң, бұл тақырып Мұхтарды да қызықтырып, қаламын қолға алғызады.

**М.Әуезовтың «Абай жолы» туралы айтылған пікірлер.**

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман –эпопеясы - әлемдік сөз өнеріне қосылған асыл мұра. Өзінің шығармашылық ғұмырының ширек ғасырын арнаған бұл ұлы туындысын жазушы көп ізденіс, терең зерттеу, ұзақ дайындықтан кейін жазды. Яғни, М.Әуезов Абайға бүкіл ғұмырын арнады десе болағандай. Қазақтың ұлы ғалымы Қаныш Сәтбаевтың сөзімен айтқанда, «жарты ғасырлық қазақ өмірінің энциклопедиясын жасап шықты».

Роман – эпопея Абай жайлы болғанымен, ол бүкіл қазақ қоғамының жарты ғасырлық даму жолымен бірлікте алынып көрсетіледі.

«Абай жолында» сан алуан образдардың бай галереясы жасалған. Қазақ қоғамының XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген түрлі әлеуметтік топтардан шыққан типтік бейнелер мен түрлі характерлер бар мұнда.

Романның басты кейіпкерлері, орталық тұлға – ұлы Абай. Абай өмір жолы күнделікті тіршілікпен шектеліп қала алмайды. Ол жол – Абайдың да, Абай өмір сүрген қоғамының да өсу, даму жолдары. Ойшыл ақынның ой- сана өрісінің өсу жолы, прогресшіл идеяларға қарсы топтың құлдырау жолы. Ол жалаң баяндалып қана қоймай,

кейіпкердің жан дүниесіне, ішкі сезім иірімдеріне, мінез- құлық астарына бойлау арқылы суреттеліп, ақынның көркем образы жасалады. Ақын болғандықтан да, романда Абайдың ішкі толғанысы, көңіл күйі, шабытты шақтағы тебіренісі романда кенірек көрініс табады.

Роман – эпопея - өзбойына роман жанрының барлық белгісін үйлестірген өте көлемді шығарма. Мұнда психологиялық, әлеметтік, философиялық, т.б. роман жанрының белгілері көрініс тапқан. Роман кейіпкерлері – көп қырлы. Суреті – кең көлемді

Романның тілі де аса бай. Дәуір тынысын нақты жеткізу мақсатында автор бай тілдік материалды қолданысқа енгізген. Ағып тұрған шешендік те, жоғары пафостағы өрт – жалын монолог та, ұстайтын жерін андып баққан сөз сайыс та мұнда жетерлік.

Романның адамның көңіл күйімен астасқан табиғаттың естен кетпес керемет те әсем суреті молынан орын алған. Бұл жазушының суреткерлік шеберлігінің құдыретінен жаралған сұлу өрнектер.

«Абай жолы» роман – эпопеясы – қазақ әдебиетінің ғана емес, әлемдік әдебиетінің де үздік туындысы. Ол қашанда, қай кезеңде болсын классикалық шығарма болып қалады.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. М.Әуезов – классик жазушы. «Қорғансыздың күні», «Көксерек»
2. Әуезов – драматург. «Еңлік - Кебек», «Бәйбіше -тоқал»
3. Әуезовтың «Абай жолы» - туралы айтылған пікірлер

## **17-сабақ.**

**Ж. Жабаев.** «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» дастандары **Сәбит Мұқановтың** өмірі мен шығармашылығы, өлеңдері, поэмалары «Сұлушаш»

### **Жамбыл Жабаев (1846- 1945)**

Жамбыл Жабаев – қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алатын халық ақыны. Ол он жасынан бастап жүз жасқа келгенге дейін өлең шығарған ірі дарын иесі.

Жамбыл Жабаев 1846 жылы қазіргі Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданында Жамбыл, Хантау деп аталатын таулардың баурайында туған. Ақын өзінің айтуынша, оған осы Жамбыл тауының аты берілген. Әкесі кедей болып, Жамбыл бала кезінен мал бағады. Ол домбыра тартып, ән салуды ерте үйренеді.

Қазақ халқының дәстүрінде өнер жолына түкен жас атақты адамдардан бата алуға тиіс болған. Жамбыл да сол дәстүр бойынша, Жетісу өңіріндегі атақты ақын Сүйінбайдан бата алған. Жамбылдың өлеңдері Сүйінбайға қатты ұнайды. Содан соң ол жас Жамбылға бата беріп, ақындық өнерге үйретеді. Ұстазы оған: «Сенің өлеңдерін ақиқат пен әділдікті айтатын болсын», - дейді. Жамбыл ұстазының бұл кенесін өмір бойы орындап өтті.

Жамбыл жырлары елінің өмірбаян тарихымен тығыз байланысты. Ақын халқының басынан кешкен оқиғаларды қолма-қол өлең етіп жырлаған. 1916 жылғы Қазақ даласындағы ұлт –азаттық қозғалыс Жетісу өлкесін де қамтиды. Халық Ресей отаршылдық саясатына қарсы көтеріліс жасаған кезде, Жамбыл халқымен бірге болады. Ақын ел басына түскен ауыр күндерде олпұға күш беретін патша саясатын әшкерлейтін өлеңдер шығарады. «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды», «Халық кегі», «Халықтың еркі кетті басынан», т.б. өлеңдері соның дәлелі. «Патша әмірі тарылды» дейтін өлеңінде



1916 жылы патшаның он тоғыз бен бір жас аралығындағы қазақ жастарын солдатқа алу туралы жарлығына наразы болған халықтың мұңын айтады.

Жамбылдың әдеби мұрасындағы ақындар айтысы- қазақ әдебиетінің айтыс салысының мақтанышы. Жамбыл айтыстарының мазмұны бай, тілі көркем. Ол Құлмамбет (1897ж.), Досмағамбет (1907), Сарбас (1895), Бөлтірік (1890) сияқты көптеген атақты ақындармен айтысқан және айтыстың бірді – бірінде жеңілмеген.

Айтыс – қазақ халқының аса құрметтейтін сүікті сөз өнері. Онда ақындар тапқырлық, білімділік, сөзге шешендік танытады.

Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы – үздік айтыс ретінде бағаланады. Үлкен бір жиында Құлмамбет тоғыз ақынды қатар жеңіп, Жамбылды айтысуға шақырады.

Жамбыл Сұраншы, Саулық сияқты елін жаудан қорғаған батырларды ардақ тұтып, өзінің Құлмамбеттен парасатының биік екенін танытады.

Халықтың ақысын жеген байларды мақтамай, еліне қамқор ерлерді құрметтеу керек екенін айтады. Айтысты Жамбыл жеңеді.

### **Сәбит Мұқанов (1900-1973)**

Қазақ сөз өнерінің аса көрнекті өкілдерінің бірі – Сәбит Мұқанов.

Сәбит Мұқанов 1900 жылы Ақмола губерниясы Қызылжар уезі Таузар болысында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданына қарасты Сәбит ауылы) кедей отбасында дүниеге келген. Сәбит жастай жетімдік пен кедейліктің тақсиретін тартып өскен.

Сәбит жетіге толғанда әкесі Мұқаннан айырылып, сегізге келгенде шешесі қайтыс болып, Мұстафа деген әкесінің інісінің тәрбиесінде өседі. Алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашып, кейін өз бетімен оқудан толықтырады. Қиссадастандарды жаны сүйіп оқиды. Ол 1919 жылы Омбыдағы мұғалімдер курсына түсіп, бітіріп шығады. Мұғалімдік жұмыс істеп, қоғамдық жұмыстарға араласа бастайды.

1922 жылы жас ақын сол кездегі Қазақстан астанасы Орынбордағы жұмысшы факультетіне оқуға түседі. Осы жылдары ол қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сәкен Сейфуллинмен танысып, достасады. Бұл достық Сәбиттің шығармашылық тұрғыдан өсуіне игі әсерін тигізеді.

1926 жылы рабфакты бітіреді. Бұл кезде С. Мұқанов қаламынан бірнеше көлемді туындылар туған еді. «Батырақ», «Октябрь өткелдері», «Сұлушаш» поэмалары сол кезде жазылған болатын.

С. Мұқанов лирикасындағы үздік өлеңнің бірі – «Майға сәлем». Өлең 1933 жылы жазылған. Ақын осы өлеңі арқылы өзінің жаңа мазмұнға жаңа түр таңдай білетін лирик екенін танытты. Өлең табысы, әң алдымен, ондағы көрікті ой, көркем тілі еркін ұйқасы болды. Өлеңде май айы ме 1 Май мерекесін адамкейпінде суреттейді. Оларды «жолдас май» деп атайды. Ол лирикалық қаһарманға күрескерлік және жасампаздық сапа дарытады. Ақын он бір буынды қара өлең өлшемінен шығып, өзгеше өлшем жасайды.

Ақынның эпикалық жанрдағы туындыларының ең озығы – «Сұлушаш» поэмасы. Мұндай ескі өмірдің көрінісі, ондағы қайшылықты қарым – қатынастар, ескілікті көзқарас құрсауындағы жастардың еркіндік күресі өрілген. Романның сюжеттік арқауы ел аузындағы аңыздан алынып, Алтай мен Сұлушаш атты бас кейіпкерлердің махаббат трагедиясына құрылған.

**Прозалық туындылары.** Сәбит Мұқановтың көлемді прозалық шығармалары – «Адасқандар» («Мөлдір махаббат»), «Жұмбақ жалау» («Ботагөз»), «Сырдария», үш томдық «Өмір мектебі», «Аққан жұлдыз» романдары.

С. Мұқанов романдарының арқау еткен тақырыптары, айтар ойы әр алуан. Онда ескі өмірдің әлеуметтік мәселелері, революция тұсындағы азаттық күрес, кеңестік өмір шындығы, ұлтымыздың ұлы тұлғаларының тағдыры көрініс тауып жатады.

Жазушының соңғы көлемді көркем туындысы – «Аққан жұлдыз». Бұл шығарма қазақтың тұңғыш ағартушы – ғалымы Шоқан Уәлиханов туралы. Автор Шоқанның өмір жолы, өскен ортасы арқылы ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының ой-ана, білім- таным өріскөрсетуге ұмтылады. Жазушы өзінің өмірлік мақсаты санаған бұл шығарма аяқталмай қалды.

Мұхтар Әуезовтың Сәбит шығармашылығына: «Әрі ақын, әрі романшы, драматург және әдебиет тарихын зерттеушісі Сәбиттің аты қазақ оқушысының мол қауысына өте даңқты, анық қымбат аттың бірі», - деп берген жоғары бағасы - әділ баға.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Ж.Жабаев шығармашылығы, өлеңдері мен айтыстары.
2. Мұқановтың қазақ әдебиетіндегі орны.

### **18-сабақ.**

**Ғ. Мүсіреповтың өмірі мен шығармашылығы.** «Қазақ солдаты» романы

**Ғ. Мұстафиннің өмірі мен шығармашылығы**

**Ғабит Мүсірепов (1902-1985)**

Ғ. Мүсіреповтің қазақ әңгімесіне қосқан үлкен үлесі – оның ана туралы әңгімелер топтамасы. Ғ. Мүсіреповтің ана тақырыбына жазуына М. Горькийдің әсері болған. Ол алдымен М. Горькийдің «Адамның анасы», «Өлімді жеңген ана» новеллаларын аударып, сонан соң ана тақырыбына арнап әңгімелер жазады. Олар 1934 жылы жеке кітап болып шықты.

Ана жайлы әңгімелерінің алғашқысы – «ананың анасы», соңғысы – «Ақлима». Бұл топтамадағы әңгімелерде ана қасіреті, ана қуанышы, ана ерлігі, ана ақыны, анаға деген махаббат сезімі көрсетіледі. «Ананың анасы», «Ақлима», «Ашынған ана» әңгімелеріне ана мейірімі, оның өз ұрпағы үшін отқа да, суға да түсер батылдығы суреттелсе, «Ананың арашасы», «Ел ана» атты әңгімелерінде 1916 жыл мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аналар ерлігі сөз болады. Жаңа ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде зарлы-мұңлы әйел бейнесі орын алса, ал жиырмамыншы жылдардағы әдебиетте тек коммунист әйелдер бейнесі орын алған еді. Ғабит Мүсірепов өз шығармаларында әйел – ана бейнесін сомдауға өзінше жол тапты. Ол жол - әйел – анаға ғана тән биік рухтың ұрпаққа деген өзгеше сезім күшінде жатқандығын ашу. Бұл – Ғ. Мүсіреповтың ана тақырыбындағы әңгімелерінің ерекшелігі.

**Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романына кейіпкерлік талдау. Игілік, Жұман бейнелері.**

Ғабит Мүсірепов – қазақ әдебиетінің дамуына өлшеуіз үлес қосқан сөз зергері, шынайы суреткер.

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов 1902 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданының «Жаңа жол» ауылында орта шаруа отбасында дүниеге келген. Алдымен

ауыл молдасынан хат таниды. Содан соң 1916 жылы Қостанай уезінің Обаған деген жеріндегі 2 сыныптық орыс мектебіне оқуға түсіреді.

Бұл мектепті бітірген соң, болашақ жазушы Пресногорьковтегі жоғары бастауыш училищеге түседі. Ол мектептен 7 жылдық көлемінде білім алып шығады.

1923-1926 жылдары Орынбор жұмысшы факультетіне түсіп, оны бітірген соң, Омбы ауыл шаруашылығы институтында оқиды. 1930 жылдан бастап Ғабит Мүсірепов әдеби шығармашылықпен айналысады. 1956-1966 жылдары «Ара -Шмель» сатиралық журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы қызметтерін атқарады. Одан соңғы өмірін шығармашылық өнерге арнады. Жазушылық еңбекке 55 жылдық ғұмырын арнаған. Ғабит Мүсірепов осы уақыт аралығында қазақ әдебиетінің алтын қорына үлкенді – кішілі, озық үлгідегі бірталай дүниелерін қосты. Олар: «Қос шалқар», «Күсен», «Талпақ танау», ана топтамасындағы әңгімелері, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері - Ақтоқты», «Амангелді» пьесалары, «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Жат қолында» романдары, «Ұлпан» повесі, т.б. Жазушы 1985 жылы дүниесін салды.

Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы ХІХ ғасырдың аяғындағы отаршылдық қыспағындағы қазақ қоғамының шындығын суреттейді.

Роман басталған сәтте – ақ: «Тағы да таласып келіп, тағы да тақасып келіп жатқан екі жатқан екі бай ауыл...» көші –қон көрінісі екі түрлі өмірді, екі түрлі әлемді көзге елестеткендей. Жылқылы бай Жұман ауылының тыныс – тіршілігі – ескі өмір белгісіндей. Ал Игілік би ауылы жаңа өмірдің, болашақтың символы сияқты.

Игілік бейнесі өзгеден оқшау, биік тұр. Ол –жаңа өзгерістің иісін сезген дала көкжалы. Ақылды, айлалы, өмірдің өзгерісін өз шаруасының жайын жақсартуға қолдана білген білікті жан. Сырт құбылысынан іштің білуге болмас, әр сөзі – байлам, әр кесімі – үкім, әр қозғалысы – белгі –бағдар, тұла бойы тұнған құпия. Айтқанына жүргізіп, айдауына көндірген елдің басшысы. Дегенмен Игілікте еркіндік жоқ. Ол өзінің басты жауын Жұман емес екенін анық біледі. Ал отаршылдармен күреске күш жоқ. Сондықтан да Ушаков пен Рязановтардың айдуына жүріп, айтқанына көнбеске шарасы жоқ.

Ал Жұман – күні өткен жан. Оның ашуы – іс - әрекетінің берекесіздігі айқайы – лажсыздық. Байлығының құны бір күндік екенін аңғара алмайды. Кертартпа мінезі, ақыл-амал аздығы оны замана көшінен ығыстырып тастайды.

Екі кейіпкерді бейнелеудегі жазушы тәсілі екі басқа. Игілікті суреттеуде жылылық болса, Жұманды үнемі мысқылдай, сықақтай суреттейді.

«Оянған өлке» романында заман дүбіріне құлақ түріп ояна бастаған сананың шындығы бар. Сондықтан да роман «Оянған өлке» деп аталған.

Қазақ әдебиетінің сөз зергері танылған Ғабит Мүсірепов – үлкен дарын иесі. Оның қаламынан туған көркем туындылары жазушының өзіне ғана тән стилімен, көркем тілімен, кестелі суретімен тамсандыра береді. Ғ. Мүсіреповтың шығармасының ерекшелігі туралы Сәбит Мұқанов: «Тілге үнемшіл, сипаттап отырған оқиғасына жәрдемі жоқ сөзді қолдайнбайды... адам портретін жасауда қазақ жазушыларының ең шеберінің бірі», - деп жазған.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Ғ.Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығы туралы. Оның ана тақырыбындағы әңгімелері «Ер ана», «Ананың анасы»

2. Ғ.Мүсірепов «Оянған өлке» романына кейіпкерлік талдау. Игілік, Жұман бейнелері

### **Ғабиден Мұстафин (1902-1985)**

Ғ. Мұстафин -өз заманы туралы көркем шығармалар қалдырған дарынды жазушы.

Ғабиден Мұстафин 1902 жылы бұрынғы Қарағанды облысының Тельман ауданында дүниеге келген. Тельман ауданында дүниеге келген. Ол Спасск қаласындағы орысша-қазақша мектепті 1918 жылы бітіріп шығады. Одан әрі оқуға мүмкіндігі болмайды. Ғ.Мұстафиннің 1929 жылы «Ер Шойын» деген атпен тұңғыш әңгімелер жинағы жарық көреді. 1930 жылы Қарағандыға келіп, үш жыл уақыт қара жұмысшы болып жұмыс істейді 1933 жылы «Қарағанды пролетариаты» газетінде бір жыл, одан соң Новосибирьде қазақ тілінде «Қызыл ту» газетінде 1938 жылға дейін қызмет істейді. 1938 жылы Алматыға келеді. Өзі жақсы білетін Қарағанды кеншілерінің өмірінен «Өмір мен өлім» атты роман жазып, оны 1940 жылы жариялайды. Тарыдан мол өнім алу жөнінен бірнеше дүркін дүниежүзілік рекорд жасаған әйгілі дикан Шығанақ Берсиев өмірінен алып жазылған «Шығанақ» (1945) және колхоз құрылысындағы өзгерістер туралы «Миллионер» (1948) романдарын жариялайды.

1952 жылы жеке кітап болып шыққан «Қарағанды» романы – қазақ әдебиетіндегі өндіріс тақырыбына арнап жазылған ең үздік көркем туынды ретінде бағаланады. Содан кейін «Дауылдан кейін» роман (1960) дүниеге келді. Жазушының соңғы көрнекті туындысы - өмірбаяндық «Көз көргендер» романы.

#### **«Қарағанды» романының тақырыптық-идеялық сипаты.**

Ғ. Мұстафин «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналында қызмет етеді. 1953-1957 және 1961-1964 жылдары Қазақстан Жазушылар одағын басқарады. Жазушыға Абай атындағы мемлекеттік және Жамбыл атындағы сыйлық берілген Ғ. Мұстафин 1985 жылы дүние салады.

Жазушының Шығанақ, «Қарағанды», «Миллионер», «Дауылдан кейін», «Көз көргендер» романдары -өз дәуірінің шындығын терең ашып, оны реалистік түрде шебер суреттеген туындылар. Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» романындағы Мейрам, Жанәбіл, Щербак бейнелері шынайы суреттелген. Өндіріс тақырыбына арналған бұл романда қазақ қоғамындағы алғашқы жұмысшы табының қалыптасуы сенімді көрсетіледі. Кен орындары, көмір қазатын жердің бір ғана құдықтан бастау алуы тарихи шындық екені рас. Ғ.Мұстафин өзі көрген, сол жұмысшылармен бірге еңбек еткендіктен шығарма суреттері нанымсыз болуы мүмкін де емес еді.

#### **Бақылау сұрақтары.**

1. Қазақ әдебиетіндегі өндіріс тақырыбы.
2. Мұстафиннің «Қарағанды» романының тақырыптық-идеялық сипаты.

### **19-сабақ.**

**Қ.Аманжолов** «Ақын өлімі туралы аңыз»,

**Ә.Тәжібаев** «Портреттер», «Монологтар»

*Қыран қанатты ақын Қасым Аманжолов*

Халықтың рухани бай әдеби мұрасынан күш – қуат алған Қасым қазақ әдебиетіне, қазақ поэзиясына шалқар шабытпен, қаламдас достарының ішінен ерекше өз үнімен оқшау келген дара тұлға.

*«Хакім Абай –қазақ жырының қасиетті Алатауы болса, ақиық ақын Қасым –қазыналы Қаратауы»*

Серік Ақсұңқарұлы

Ақын туралы ақынның өзінен артық кім айта алар? Алғашқы сөзді ақынның өзіне берейік. («Өзім туралы» )

*Қасым Аманжолов 1911 жылы 10 қазанда қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Қызыларай қыстауында дүниеге келген. Әке-шешеден жастай жетім қалған, ол біраз жыл ағасының қолында өседі. Қасымның аталары Арғын Қаракесек ішіндегі Қара деген рудың Оразқұл деген атасынан тарайды (шежіреге назар аударыңыз)*

Алғашында жаңадан ашылған ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады. Кейін, 1924 жылы, ағасы Қасымды Семей қаласындағы интернатқа орналастырады. Қасым онда 1927 жылға дейін тәрбиеленеді. Одан әрі қарай үш жыл Семей мал дәрігерлік техникумында оқиды. Алғашқы өлеңдерін де осы кезде жазады. 1930 жылы Алматыға келіп, біраз уақыт "Лениншіл жас" газетінде істейді. 1931 жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түсіп оқиды. Бірақ, денсаулығына байланысты және түскен оқуын да онша ұната қоймағандықтан, бірер жылдан кейін елге оралып, Орал қаласында "Екпінді құрылыс" газетіне қызметке орналасады.

1933 жылы міндетті әскер қатарына алынып, оны сол Орал қаласында өтейді.

Қ. Аманжоловтың ақын, азамат болып қалыптасуына *Орал қаласы үлкен әсер етті.*

Осы қалада ол ең алғашқы махаббат, жастық жырларын жазды. 1935 жылы әскер қызметінен босасымен Қасым *Оралдың театр труппасын ұйымдастырып, өзі көркем басқарушысы болады.* Бұл труппа тез өсіп, аз уақыт ішінде театр болып құрылды. Мұндағы ақынның еңбегі өте зор еді. Осы кездері Қ.Аманжоловтың ақындық, әншілік, артистік таланты жұртшылыққа танылды.

1936-1941 жылдары Қ. Аманжолов Алматыға барып, "Социалистік Қазақстан", "Лениншіл жас" газеттерінде, Жазушылар Одағында қызмет істейді. Бұл кездері ол өлеңмен қатар әр түрлі тақырыпқа мақала, очерк, фельетон жазады.

1938 жылы тұңғыш өлеңдер жинағы "Өмір сыры" деген атпен жарық көреді.

1939-1941 жылдар арасында Қ. Аманжоловтың шығармашылық елеулі өрлеу дәуірі басталады. Осы кездерде жазған "*Нар тәуекел*", "*Дауыл*", "*Көкшетау*", "*Орамал*", "*Заула, заула Турксиб*", "*Сұлтанмахмұт туралы баллада*" сияқты өлеңдерінде өрісті ойлар, терең сезім қуаты, өткір тіл байлығы байқалады. Және де Пушкин, Лермонтов, Шевченко, Байрон, Маяковскийдің шығармаларын *қазақ тіліне аударуы Қасымның шығармашылық өнерінің өсу жолын анықтай түседі.* Қасым қалың жұртшылыққа өзінің ақындығы, аудармасымен ғана емес, сонымен қоса *әнімен, домбра, сырнай, скрипка, пианино тартатын әдемі өнерімен де танылған.* Ол өз өлеңіне ән шығаруды өте қызық көрген. "*Дарига*", "*Туған ел*" атты өлеңдері бүгінгі жақсы әндер тізіміне қосылады. Қ.Аманжоловтың бірінші өлеңдер жинағы. 1940 жылы Қасым Маяковскийдің он шақты өлеңін аударып 1941 жылы "*Бар дауыспен*" деген атпен жеке жинақ етіп жариялады.

Қ. Аманжолов тек қана лирик емес, сонымен қоса эпик ақын. "*Дүние қандай жап-жарық*", "*Сақыпжамал*", "*Күйім тасып барады, күйім тасып*", "*Жаным сәулем, еркешім, қызыл гүлім*" атты өлеңдері Қасымның лириктігін танытса, "*Ақын өлімі*

туралы аңыз", "Боран", "Біздің дастан", "Жамбыл тойында" атты поэмалары оның эпиктігінің дәлелі.

Ақын 1941 жылы армия қатарына шақырылады. 1941-1943 жылдары Қиыр Шығыста болған Қасым 1943 жылы батыстағы майданға ауыстырылады, содан соғыс аяқталғанға дейін "қанды қырғын, қып-қызыл өрттің ішінде" болады. Намыскер, өр, қайсар Қасым жауынгерлік міндетін жан аямай атқарады, абыройлы болады. Қиыр Шығыс пен батыстағы майдан аралығындағы ұзақ сапар, атамекен – Қазақстанын қақ жарып өтетін жол әсершіл, ұшқыр қиялды ақын жанын қатты тебірентеді. *Соның нәтижесінде "Орал", "Сарыарқа", "Байкал", "Өтіп бара жатырмын" тәрізді тек Қасымның ғана емес, сол кездегі бүкіл қазақ поэзиясының жетістігі болып саналатын өлеңдері дүниеге келеді.*

Соғыс майданында жүріп Қасым көптеген лирикалы өлең жазған. "Үстімде сұр шинелім", "Мартбек", "Жеңіс дауысы", "Орал", "Ертіс", "Сибирь", "Сарыарқа" сияқты өлеңдері туған жердің сыр-сипатын, сұлулық бейнесін, соғыс өмірін суреттейді. Ал "Елге хат", "Достар қайда жүрсіңдер?", "Ағайға" деген өлеңдері туған елді, дос жорандарын, ағайын-туыстарын сағынған солдаттың сезім дүниесін жырлайды. *1943 жылғы сұрапыл кезеңде дүниеге келген Қасымның бір ерекше, өлмес туындысы – "Ақын өлімі туралы аңыз" атты поэма.*

Ұлы Отан соғысы аяқталған соң Қасым майдан өлеңдерін газет-журналдарға көптеп бастырумен қатар жаңа өлеңдер жазды. Осы кездері оның "Біздің дастан" поэмасы жазылып, таңдамалары өлеңдер жинағы "Дауыл" деген атпен жарық көрді. 1949-1952 жылдары Қ. Аманжоловтың "Балбөбек", "Нұрлы дүние" жинақтары "Таңдамалы шығармалар" жинағы басылып шықты.

М. Лермонтовтың "Маскарад" драмасын, А. Твардовскийдің әйгілі "Василий Теркин" атты ұзақ та күрделі поэмасын өте шебер аударды. 1948 жылы да Қасым көп жазады, "Дауыл" атты жинағы жарық көреді. Осы жылдары Пушкин мен Лермонтовтың бірсыпыра өлеңдеріне қоса, Пушкиннің "Полтава" поэмасын аударды. "Балбөбек", "Нұрлы дүние" жинақтарын шығарады. 1952 жылы "Таңдамалы шығармалары" жарық көреді.

1947 жылдан бастап Қасым сырқаттанып, ара-тұра жатып қалып жүрді. Бірақ қандай ауыр қалде жатса да, өлең жазуын тоқтатқан жоқ. Сырқаты дендеген кездерде Қасым өлеңдерінде өзінің ақындық өмірі туралы жазатын. Бұған дәлел оның "Өзім туралы" атты өлеңі. 1954 жылы қыркүйек-қазан айларында Қ. Аманжолов Қазақстан Жазушыларының III съезінің ашылуына қатынасты. Осы жылдың желтоқсан айынан бастап сырқаты мендей түсті. *1955 жылы 18 қаңтарда Қасым мәңгілікке көз жұмды.*

### **ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ (1909-1998)**

Әбділда Тәжібаев – осы заманғы қазақ поэзиясының аса көрнекті шебері, ірі драматург және белгілі әдебиет зерттеушісі. Әдебиеттегі алғашқы қадамын өткен ғасырдың 20-жылдарының соңына ала өлең жазудан бастаған ол қазақ сөз өнерінің озық дәстүрлерімен дүниежүзілік әдебиеттің үздік жетістіктерінен үйрене отырып, 30-жылдардың орта шенінде-ақ айтулы ақын, республикада әдебиет ісін ұйымдастырушы қайраткерге айналды.

Ә.Тәжібаев – поэзияда лирика мен поэма жанрын қатар алып жүрген ақын. Оның қаламынан туған 30-дан астам поэма мен өте көп сандағы өлеңдері сыршылдық, ойшылдығымен, шыншылдық, оттылығымен ерекшеленеді. *Ә.Тәжібаев поэзиясын*

*басқа бірде-бір ақынның туындыларымен шатастыру мүмкін емес. Оның поэзиясы – тың ізденістің, жоғары мәдениеттің, кәнігі шебердің поэзиясы.*

1909 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Атақты ақын Нартай келіп, Әбділданың анасы Айманкүлмен айтысқа түскен. "Сыр елі-жыр елі" атанған Сырда туып-өскен Әбділдаға іргелі ақындардың жыр додасы да өзіндік әсерін тигізсе керек. Әбділда Тәжібаев "Күй атасы", "Ақын", "Портреттер" аталатын дастандар жазумен бірге, лирикалық поэмалардың қазақ әдебиетінде озық үлгілерін қалыптастыруға да үлкен үлес қосты. Әдебиетті зерттеумен де айналысты. Балалар тақырыбына да қалам тартты.

Ә.Тәжібаев атақты драматург те. Драмалық шығармалар жазуды 30-жылдардың соңына ала бастап, әдебиеттің бұл күрделі жанрында айтулы туындылар берді. Әдебиеттану саласында да жемісті еңбек етіп, Ә.Тәжібаев талантты ғалым екенін танытты. Оның, әсіресе, поэзия мен драматургия саласындағы зерттеулері терең ғылымилығымен, талдауларының нәзіктігімен тәнті етеді.

Ә.Тәжібаев ұзақ шығармашылық ғұмырында тынымсыз ізденіп, үздіксіз еңбектеніп, тұтас бір дәуір шындығын жан-жақты, жоғары көркемдікпен бейнелеген өте мол мұра қалдырды.

Өмірбаяны. Әбділда Тәжібаев 1909 жылы Ақмешітте (қазіргі Қызылорда қаласында) дүниеге келеді. Әкесі Тәжібай 1915 жылы қайтыс болады да, шешесі Айманкүл күнкөріс жағдайына байланысты алты жасар Әбділданы қала сыртындағы Қараөзек деген жерде тұратын төркініне алып кетеді. Содан болашақ ақын он үш жасына дейін шешесі Айманкүл мен нағашы атасы Далдабайдың тәрбиесінде өседі. Жас Әбділданың өлеңге, әдебиетке деген құштарлығын оятқан да өз анасы мен нағашы атасы болады. Айманкүл араб, парсы тілдерін жақсы білетін сауатты, көзі ашық, көңілі сара кісі екен, Әбділдаға өзі хат танытып, әдебиет үлгілерін оқытып үйретеді. Кейін белгілі халық ақыны болып, өлеңдер жинағы да жарық көрген Айманкүл, ол кезде әкесі Далдабай қарттың өтінішімен ауыл адамдарына Шығыстың қиссалары мен қазақтың неше алуан жыр-дастандарын оқып беріп отырған. Соларды қыбыр етпей, құмарта, үнсіз тыңдаушыларының бірі – Әбділда болған. Кейінірек үйлеріне келген қонақтары мен ауыл адамдарына, кішігірім жиын-топта әлгі қисса, дастандарды атасының айтуымен Әбділда оқып беретін болған. Оның үстіне бұл ауылға, әсіресе осы нағашы атасының үйіне Сыр елінің атақты ақын-жыршылары жиі келіп тұрған. Бір жолы Әбділда ауылдарына келген атақты ақын әрі әнші Нартай Бегежановпен Айманкүлдің ұзақ айтысын тындап, шешесінің айтқыштық, ақындығына қуанып, тапқыр сөздерін есінде ұстап қалған. Анасы жастай дүниеден қайтқан күйеуін байырғы қазақ салтымен жыл бойы жоқтағаны, шешесінің өзі шығарған ұзақ жоқтау поэмасын дауыстап жатқа айтқанын төсекте жатып тындап, мұңды-шерлі әуеніне іштей үн қосатын болған.

Жаңа бір түсіп, шам сөнді,

Ашыла түсіп, гүл солды, –

деген, ол кезде мағынасын өзі жете түсінбеген жолдарын да есінде сақтап қалған.

Ал ақылды, мейірбан нағашы атасы 1919 жылдың қысында сүзектен қайтыс болғанша Әбділданы қасынан тастамай, қайда барса да бірге алып жүрген. Әбділда атасына көмектесіп, ау жайысып, тарысын суғарысқан. Той-томалаққа да бірге барып, атасының жанында төрде отырып, үлкендерден қазақтың ескілікті қызық әңгімелеріне қаныққан. Неше түрлі аңыз, ертегілерді көп білетін атасы да тыңдауға құмар жиеніне айтып

беруден жалықпайды екен. Ақын кейін өзінің "Еске алу" деген шағын поэмасында отбасының жетім-жесірлік қайғылы тағдырын, беті-жүзін түстеп тани алмай да қалған әкесі туралы жүректе шер боп қалған аңсары жайында

Есімде жоқ шын суреті,

Әкем менің қандай кісі.

Тек елестей бұлдырайды

Әлдекімнің көлеңкесі, –

деп еске алады. Ол таңғажайып шығыс поэзиясынан да, туған халқының бай да көркем ауыз әдебиеті мұраларынан да таусылмас әсер, ләззат алып өседі. Жалпы, тумысынан дарынды, зерек те сергек Әбділданың ауылда алған әсері бай да құнарлы болған. Оны ақын шығармашылығынан байқау қиын емес.

Жоғарыда аталған поэмасының кейіпкері қаладағы оқу орнына аттанғаны туралы:

Қар да құйды жапалақтап,

Тоқтамастан бастым алға.

Тұңғыш ізім бақыт құған

Тұңғыш жауған түсті қарға, –

дейді. Бұл Әбділданың өзі туралы айтылған сөз еді. Шынында да, ол 1922 жылы Қызылорда қаласында жаңадан ашылған жетім балаларға арналған интернатқа қабылданып, сауаттылығының арқасында бірден интернат жанындағы бастауыш мектептің 3-сыныбынан бастап оқып кетеді. Әбділданың алғашқы өлеңдері осы интернаттың қабырға газетінде жарияланады. Одан кейін Шымкенттегі жеті жылдық мектепте, 1929-1932 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогика институтында оқиды, 1953-1956 жылдары Мәскеудегі жоғары әдебиет курсы бітіреді Еңбек жолын "Еңбекші қазақ" (қазіргі "Егемен Қазақстан") газетінде алдымен пошта тасушы (1926), содан кейін корректор болып істеген (1927-1928) ол небары 4-5 жылда "Лениншіл жас" (қазіргі "Жас алаш") газеті редакторының орынбасары (1932-1934) дәрежесіне дейін көтеріледі. Әбділданың "Жұмысшының гудогі" өлеңі 1926 жылы "Жұмысшы" газетінде басылады. Бұл – оның баспа бетін көрген тұңғыш туындысы. Әрі қарай өлеңдері "Жұмысшы" және "Еңбекші қазақ" газеттерінде шығып тұрады. Жиырма бес жастағы Әбділда 1934 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының хатшылығына, ал 1939 жылы оның төрағалығына сайланады.

30-жылдары ақын көп оқу, тынымсыз іздену үстінде өндіре де жазады, шығармаларының көркемдік сапасы жағынан да айтарлықтай биікке көтеріледі. "Жаңа ұрпақ" (1935), "Лирикалар" (1936) деп аталған жинақтары бірінен соң бірі жарық көреді. Белгілі "Оркестр", "Абыл", "Толағай" сынды романтикалық поэмалары мен М.Әуезовпен бірігіп жазған "Ақ қайың" деп аталатын тұңғыш пьесасы да сол жылдардың жемісі. Қазақ әдебиетінің сол кездегі маңдай алды таланттарының біріне айналған Әбділданы дарын сырын танығыш көреген М.Әуезов: "Қазақ поэзиясына әсерлі, сапалы көркем бір ағым кіргізіп келе жатқан ақын" деп (1939) бағалайды. Ә.Тәжібаев 1945-1948 жылдары Қазақ ҚСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының Жамбыл бөлімін басқарады. "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы болады. 1963 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты және Қазақ ҚСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының мүшесі болып сайланады. Филология ғылымының докторы Ә.Тәжібаев жазушылығына қоса біраз жылдар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданып, өмірінің соңғы



жылдарын бірыңғай шығармашылыққа арнайды. Қарт ақын Ахмет Байтұрсынұлы бастаған арыстарымыздың ақталғанын көріп, тоталитарлық жүйенің сеңі бұзылғанын сезініп, 1998 жылы 90-ға қараған шағында дүние салды.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Қ. Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығы.
2. Ақын өлеңдеріндегі туған жерге құрмет, батылдық пен сүйіспеншілік. «Туған жер» өлеңін жазыңыз.
3. Әбділда Тәжібаевтың қандай дастандары бар және не туралы?

### **20-сабақ.**

#### **Қазақ поэзиясының дамуы**

(С. Мәуленов, Ж. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиев өлеңдері).

Поэзия - әдебиеттің жүрек соғысы іспетті. Оның лүпілі бүкіл әдебиетке жан бітіріп, ерекше серпін береді. Өлең – жыр – қазақ қазақ болғалы оның серіктесі, халақтың рухани болмысының қайнар көзі. ХХ ғасырда да ол өзінің жетекші орнын ешкімге берген емес. Алпысыншы жылдардан кейінгі кезеңде прозаның өзге кезеңдерге қарағанда биіктерге көтерілгені шындық, дегенмен поэзия да өзінің өміршендігін жан-жақты таныта білді. Өйткені, поэзия - өмірдің тамыр соғысы. Сол себепті де, қоғамдағы кез келген жаңа өзгерістің лебін, бетбұрыстың белгі – нышанын алғаш сезініп, ойға қозғау салатын да осы поэзия. Әсіресе оның лирикаға жататын түрі өте елгезек. Адамның ішкі сезіміне әсер етіп, жүрек қылын шертіп, жан сырын жеткізуге одан оңтайлы әдеби жанр жоқ. Ол – ойшыл, ол – сыршыл, ол – сезімтал. Лирикалық қаһарманның жан дүниесін жарқырыта ашып, адами болмысын жайып салатын да осы лирика.

Қазіргі қазақ поэзиясы ХІХ ғасырдағы Абайдың, ХХ ғасырдың басындағы Мағжан мен Ілиястың дәстүрін жаңашылдықпен дамыта түсуде.

ХХ ғасырдың 60- жылдарынан кейінгі әдебиет өлең өлкесіне небір көркем дүние туғызған өнерпаз ұрпақты әкелді. Лирика жанры ХХ ғасырдың 80- жылдарындағы қайта құру серпілістеріне де, 90- жылдардағы тәуелсіздік туын желбіреткен бүкіл елге ортақ қуанышқа да айрықша үн қосты.

Қазақ поэзиясындағы өнер тақырыбына қалам тартқан Ілияс Жансүгіров дәстүрін жалғастыруға ақын Жұбан Молдағалиев та қомақты үлес қосты. Бұған «Кісен ашқан» атты лирикалы поэмасы куә. Поэмада күй атасы Құрманғазының өнерпаздық құдыретін танытарлық көркемдік қуат бар.

«Мен - Қазақстан» поэмасы Ж. Молдағалиев шығармашылық шыңы десе болғандай. Поэмадағы оқиға лирикалық кейіпкерлер атынан баяндалады.

Поэма он тараудан тұрады. Әр тарау қазақ халқының тарихының белгілі бір кезеңіне негізделген. Ақын ұлт тарихының ең бір елеулілерін екшеп алып, шығарма сюжетіне аоқау етеді. Кезінде поэма әдеби қауым арасында үлкен резонанс туғызды. Жұбанның «Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген» дегшен поэма бастауындағы өлең жолдары ел арасында қанатты сөзге айналып кетті.

Поэма орыс тіліне екі рет аударылды.

Алпысыншы жылдардан кейінгі поэзияға жарық пен жылылық дарытқан ақынның бірі – Мұқағали Мақатаев. Ол ұлттық рухани болмысын жанына терең сіңіріп, туған жер табиғатынан нәр алып өскен ақиық еді. Туа біткен дарынның әр өлеңі ой мен

сезімнің бірлігінен жаралып, оқырман жүрегіне жол тауып, ой – санасына ерекше әсер етеді. Мұқағали – орыс ақыны Сергей Есенинмен тағдырлас. Ол да өзі өмір сүрген қоғамнан рухани өрісіне тірек таба алмай өмірден өтті.

60- жылдардан кейінгі қазақ поэзиясында ойшылдықпен келген ақын – Қадыр Мырза Әли. Қадыр поэзиясында ұлттық дәстүр мен таным, ұлттық талғам тән. Оның жыр жинақтарының: «Күміс қоңырау», «Ой орманы», «Дала дидары», «Бұлбұл бағы», «Ақ отау», «Домбыра», «Көш», «Жерұйық», «Көкпар», «Қорамсақ», т.б. деп аталуының қазақы табиғатын танытады.

60- жылдардағы поэзияда орны ерекше, өлеңдері сезімге құрылып, көңіл түпкіріне терең ұялайтын, лирик акынның бірі – Тұманбай Молдағалиев. Ақынның «Қош көктем», «Жаңа дәптер», «Жүрек ояу қашанда», «Махаббат оты сөнбейді», «Жүрегім менің сапарда», «Мен де жиырма жаста едім», «жүректегі жазушылар, т.б. жыр жинақтары – мөлдір сезімге толы, өзіндік өрнегі бар поэзия қазынасы. Тұманбай ақын қандай тақырыпқа жазса да, бар болмысымен беріле нәзік сезіммен жазады. Сондықтан оның поэзиясы – қарапайым оқырманға өте жақын

Тұманбай Молдағалиев – поэзия жанрының барлық түріне қалам сілтеген кең құшақты ақын. Бірақ оның ең жанына жақыны – лирика. Мөлдір махаббат, кіршіксіз сезім, шуақты жастық шақ ақын лирикаларының үлкен арнасы. Жүретін нәзік сырлары, сүйген жанға деген адал да аяулы сезім ақынның өлең шумақтарының әрқайсысынан «мен мұңдалап» тұрады.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Қазіргі қазақ поэзиясының көрінісі (М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, М.Шаханов
2. Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, М.Шаханов шығармашылығынан бір өлең жазып, талдаңыз
3. Жұбан Молдағалиев шығармашылығы.
4. Жұбан Молдағалиев «Мен қазақпын» поэмасының негізгі идеясы не?

### **21-сабақ.**

**М.Шаханов** «Желтоқсан жаңғырығы», «Түсінісу теоремасы», **М.Мақатаев** «Қайран Қарасазым-ай» өлеңдері

**Мұхтар Шаханов** 1942 жылы 2 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шілік ауылында дүниеге келген. Мамандығы тракторшы, филолог. 1969 жылы Шымкент педагогикалық институтын сырттан оқып бітірген. КСРО Жазушылар Одағының мүшесі (1969), КСРО Жазушылар Одағының пленум мүшесі (1978), «Жалын» альманахының (1984), «Жалын» журналының бас редакторы (1986), Қазақстанның халық жазушысы (1996), Қазақстан Жазушылар Одағы Басқармасының хатшысы (1986), Республикадағы тұңғыш құрылған экологиялық қозғалыс - Арал және Балқаш проблемалары жөніндегі қоғамдық комитеттің төрағасы (1988), 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі аясында қазақ халқына «ұлтшыл» деп кінә таққан КОКП Орталық комитеті Саяси Бюросының қаулысына қарсы және сол Желтоқсан кезіндегі шындықты қалыптастыру жөнінде тұңғыш рет Қазақстан Жазушылар Одағының Пленумында (1988), КСРО халық депутаттарының І-ші съезінде (Кремль, 1989) батыл мінез көрсетті. КСРО билігі бұған құлақ аспаған соң белгілі ғалым, Нобель сыйлығының лауреаты А.Сахаровтың, кейіннен Ресейдің тұңғыш

Президенті болған Б.Ельциннің қолдауымен бұл проблеманы КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясында екінші рет қайта көтеріп, КСРО Президенті М.Горбачевты Желтоқсан оқиғасын зерттеу және оған түбегейлі баға беру жөнінде жаңа комиссия құруға мәжбүрледі. Бұл комиссия КСРО билігі жүріп тұрған кездің өзінде-ақ КОКП Орталық комитетінің Саяси Бюросына Одақта бірінші боп саяси айып тақты...

М.Шаханов 1926 жылы ислам дінінің қалдығы деген желеумен Кеңестер Одағының тоталитарлық жүйесі тойлауға тыйым салған «Наурыз» мерекесінің 62 жылдан соң қайта салтанат құруына мұрындық болды (1988 ж.). 1989 жылы 22-қарашада Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі орыс және қазақ тілдеріне бірдей мемлекеттік дәреже берген заңды қабылдап, тіпті оған дүркірете қол соғып қойғанда, екінші рет қайта шығып сөйлеп, депутаттарды қазақ тілін жеке мемлекеттік тіл жасауға үндеді және қабылданған заңның үлкен зардабы болатынын ескертті. М.Шаханов ұсынысы Президенттің қолдауымен дауысқа қайта салынып қазақ тілі жекедара мемлекеттік мәртебе иеленді. Ақын соңғы жылдары «үш тұғырлы тілге» де, тікелей қазақ халқын және республикадағы аз ұлттарды тікелей жоюға алып баратын, бастауын «американдық ұлттан» алатын «қазақстандық ұлтқа» да батыл қарсылық танытып келеді.

М.Шаханов 1989-91 жылдар аралығында КСРО халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, 1990-93 жылдары - республика Жоғарғы Кеңесінің, 2004-2007 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды. 1992 жылы М.Шаханов Олжас Сүлейменовпен бірлесіп «Халық конгресі» партиясын құрды. Бірақ екі тілде тәрбиеленген екі тұлға арасында ұлттық мүдде мен космополиттік ағым жүйелі көзқарас таба алмағандықтан партия ұзақ ғұмыр кеше алмады. 1993-2003 жылдар аралығында М.Шаханов Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болды. 2001 жылдан «XXI ғасыр және Руханият» атты халықаралық элита клубының президенті, 2004 жылдан «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының төрағасы, 2010 жылдан «Тәуелсіздікті қорғау» атты 50-ден астам қоғамдық ұйымдардың, партиялардың, баспасөз орындарының басын қосатын халықтық-демократиялық қозғалыстың төрағасы және республикалық «Жалын» журналының Бас редакторы.

М.Шахановтың «Өркениеттің адасуы», «Жазагер жады космоформуласы» (Шыңғыс ханның пенделік құпиясы) атты романдары ЮНЕСКО шеңберінде қаралып, әлемдік деңгейде қызу пікірталас тудырды. Оның шығармалары дүниежүзінің 50-ден астам тілдеріне аударылды. Автордың Ш.Айтматовпен бірлесіп жазылған «Күз басындағы аңшының зары» атты кітабы мен «Сократты ескеру түні» атты драмасы да бірнеше елдің кітап дүкендерінен, сахналарынан орын тепті.

Ақын өз елінің мемлекеттік дәрежедегі сыйлықтарынан, «Халық қаһарманы» атағынан, орден, медалдарынан жүйелі түрде бас тартты. Ол оны былай түсіндіреді. «Отан біздің ең үлкен анамыз. Әркім өз анасына еткен қызметі үшін жылу дәметпеуі керек. Отан да өзінің дараланған перзенттерін марапаттап отыруы шарт. Бірақ ол өте әділетті түрде шешім табуы тиіс. Қазір елімізде кез-келген заңдастырылған немесе заңдастырылмаған ұрылардың ең кемі екі орден, үш медалі бар. Солардың қатарында болғым келмейді. Ал шет мемлекеттер ұсынған сыйлықтарды алатын себебім, ел перзентіне көрсетілген, есепке құрылмаған риясыз құрмет сәл де болса республикамыздың рухани мәртебесін өсіреді».

Мұхтар Шаханов- «Қырғыз Республикасының халық ақыны», жиырмадан астам шет елдік академиялардың, университеттердің құрметті докторы, профессоры. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған Орта Бағдарламасы сыйлығының, Қазақстан және Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлықтарының, Түрік Республикасының «Түрік дүниесіне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының, Қырғыз Республикасы халықаралық «Руханият», Түрік дүниесі жазушылар бірлестігінің «Шахрияр», ЮНЕСКО-ның «Боорукер» клубы сыйлықтарының, Түркия, Әзірбайжан, Солтүстік Кипр мемлекеттері тағайындаған «Түрік әлеміне сіңірген ерен еңбегі үшін» атағының иегері. 2002 жылы М.Шахановқа «Жазагер жады космоформуласы» атты шығармасы үшін Калифорния Ғылым, Индустрия, Білім және Өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы Алтын медалі мен Түркияның Гебзе қаласында «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» атағы берілді. «Нобель» сыйлығының 100 жылдығына орай Тамбов қаласында өткен «Нобель» сыйлығы лауреаттары мен нобелшілердің халықаралық конгресінде «Нобель» ақпарат орталығы, «Нобель» қоры, Ресей жаратылыс ғылымдары академиясы бірлесіп бекіткен «Нобельдің Алтын медалімен» марапатталды.

Желтоқсан алаңы

Сәл аялдап, тағзым етпей бұл алаңнан өтпеңдер...  
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел,  
Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,  
Қайта ояңған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер,  
Ерте есейген ару қызды шаштан сүйреп, тепкен жер,  
Жатты мұнда естен танып, күзге айналған көктемдер...  
Алаң шетін қоршап тұрған шыршаларға ала көк,  
Жас бүлдіршін, сезімді жанар етіп қарап өт.  
Сол арадан сатқындық та елестейді қара бет,  
Қара беттің көбі бүгін дара тұлға, дара бет.  
Жас бүлдіршін, мұз құрсанған шыршаларға қарап өт,  
Заманыңның жеңісі мен жеңілісін санап өт.  
Ұлттың бағы жанар ма екен хас тұлпары, нары жоқ,  
Ал біреулер намысы жоқ, жігер, қауқар, қары жоқ  
Кемсітпекші "желтоқсанның жалаң аяқтары" деп.  
Жоқ!!! Кешегі сын сағатта көкірегінде жанып от,  
Тұрған солар аяз сорған қызыл беттің ары боп,  
Дәуірінің тауығына шашылмаған тары боп.  
Тірліктегі әр ісіңнің жаңғырығы болады,  
Бұл табиғи жасырын заң өзгеріссіз қалады,  
Сол заңға сай сені бақыт не сор іздеп табады.  
...Дүниені дүр сілкінткен жас толқынның саналы  
Даңқын ешкім, ешкім бүркей алмас.  
Оны да еске салады,  
Желтоқсанның бас алаңы, қайсар рух алаңы.

**Бақылау сұрақтары.**

1. М.Шахановтың қандай еңбектеріне марапаттаулар берілді?

2. М.Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңін жазып, талдаңыз.

## **22-сабақ.**

### **1960 жылдардан осы кезге дейінгі әдебиет**

#### **Прозаның дамуы (І. Есенберлин, Қ. Нұрпейісов, Т.Ахтанов,Х.Есенжанов)**

Қазақ әдебиетіндегі тарихи романдар.

Бұл тұста қазақ әдебиеті жаңа бетбұрыстар жасап, сан жағынан да сапалық тұрғыдан да биік табыстарға қол жеткізеді. Бұрынғы кезендерде әдебиеттің белгісі бір жанры айрықша ерекшеленіп тұратын еді. Мәселен, ХХ ғасыр басында поэзия өзге жанрдан озық жүрсе, 30- жылдарда прозаға деген ынта зор болды. Онан кейінгі кезеңде драматургия жанры күрт алға баса бастады.

Осынау 40 жылдай уақытта қазақ прозасы биік көркемдік деңгейге көтерілді. ХХ ғасырдың бас кезінде әдебиетімізге енген бұл жанр құлашын кеңге жайып, ұлы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы арқылы 50 жылдар аяғында әлемге танылды. Осыдан бастап әдебиетіміздің кемелдену кезеңі басталды. М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин сынды қазақ әдебиеті классиктері салған жол прозаның өркендей түсуіне әсер етті. Мұнда алдымен роман жанры өркен жайды. Өмір шындығын өнер шындығына айналдырудағы ең озық әдіс ретінде танылған реализм әдісінде қазақ жазушылары күрделі жанрдағы шығармалар тудырды.

60-90 жылдар прозасындағы әдеби қауымды елең еткізген еңселі туындылар тарихи тақырыпқа жазылды. 30-50 жылдар әдебиетіндегі тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларда таяу мерзімді қамтып, әрі кеткенде, ХІХ ғасырдағы тарихи оқиғалар суреттелсе, 60-90 жылдардағы әдебиетте ел тарихының небір терең қатпарлары ашылып, қазақ жұртының ұлт болып ұйысу, мемлекет болып қалыптасу бастауларына көркемдік сапарлар жасалып, тарихтың тұңғық тереңіне бойлау ізденістері қалыптасты. Ел тарихының шындығын ашуға деген жазушылар ұмтылысы – ұлттық ой –сананың жаңа бір сілкінісінің, әдебиеттің кемелдене түсуінің көрінісі.

60-90 жылдарда тарихи тақырыпқа едәуір мол романдар жазылды. Х. Есенжановтың «Ақ Жайық» романында азамат соғысы мен одан кейінгі қазақ халқының азапты тағдыры бейнеленді. Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен терінде» Қазақ төңкерісінің алдындағы аласапыран жылдарындағы қазақ қоғамының шындығы ашылды. Т. Әлімқұловтың өнер адамдары жайлы әңгіме – повестерінде кейіпкердің ішкі тебірінісі, көңіл күйіндегі, жан дүниесіндегі сезім күйі бейнелі жеткізілді. Жазушы өнер адамдарының асқан рухын биік адамгершілігін сомдады.

Қазақ тарихи, оның өткен өткеллері орыс тілді жазушыларды да қызықтырады. Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романында ақын Махамбеттің күрескерлік рухын суреттеді. Жазушының тарихи романдарының суреттеу ерекшелігі публицистикалық екпін мен ой толғау бірлігінентұрады. Ол жалпы шығармашылығына тән осы тәсілді «Махамбеттің жебесінде» кеңінен пайдаланады. Жазушы жалынды ақын Махамбеттің өмірін бейнелеу арқылы ұлттың күрескерлік рухы мен рухани болмысының бірлігін суреттеп, сырын ашты.

**Ілияс Есенберлин «Көшпенділер», Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романдарының қазақ әдебиетінде алатын орны.**

Елеулі тарихи романдардың бірі – көптеген шетел тілдеріне аударылып, әлем таныған Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы болды. І. Есенберлин - XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі.

Илияс Есенберлин «Көшпенділерден» басқа он шақты роман жазды.

«Айқас», «Алтын құс» романдарында қазақ интеллигенциясының іс - әрекеттерін, түрлі көзқарастарын суреттейді. Қазақстанның қазба байлықтарын пайдалану проблемеларын көтереді, тың жерлерді игерудің мәселелерін жан – жақты ашады, жеке адам өмірін әсерлі бейнеледі. Адам мінез – құлқындағы қайшылықтар дәуірдің, уақыттың саяси - әлеуметтік жағдайлардың көрінісі екенін ұғындырады.

Жазушы 1969-1974 жылдары «Көшпенділер» деп аталатын трилогиясын жазды. Ол «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» деген үш романнан тұрады.

Сөйтіп, XX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиетке І. Есенберлин әдебиетінің әлеуметтік зерттегіштік сапасын қосты, оның эстетикалық нормаларын кеңітті, сол арқылы қоғамдық қайшылықтардың жаңа беттерін ашты.

«Алмас қылыш» романында XVI – XVII ғасырлардағы қазақ даласындағы тарихи оқиғалар, жаугершілік, әлеуметтік тартыстар, Қазақ хандығының құрылуы суреттеледі. Онда халық өмірінің шындығы дәл тарихи директерге, аңыздарға, эпостық материалдарға, белгілі қайраткерлердің (хандар, батырлар, билер) өміріне сүйеніп отырып көрсетілген.

«Жанталас» романы – «Көшпенділер» тарихи трилогиясының екінші бөлімі. Онда XVIII ғасырдағы Қазақстандағы әлеуметтік – қоғамдық тартыстар, халық басында өткен сан алуан шапқыншылық оқиғалар бейнеленеді. Романда Абылай хан, Бұқар жырау және т.б. тарихи қайраткерлердің образы жазылған.

«Қаһар» романы – «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы. Романда қазақ халқының тарихи тағдыры шындылықпен суреттелген. Романдағы патшалық Ресейдің Қазақстан жерін отарлау саясатына байланысты түрлі тарихи және әлеуметтік тартыстар айтылады. Отарлауға қарсы Кенесары Қасымовтың күрескерлік образы жасалады. Романда Наурызбай батыр бейнесі де нанымды әрі тартымды шыққан.

«Көшпенділер» трилогиясы арқылы жазушы Илияс Есенберлин тарихи тақырыптың жаңа бетін ашты. Бұған дейін XVI – XVIII ғасырлардағы қазақ тарихына, қазақ ұлтының қалыптасуы, қазақ мемлекетінің құрылу тарихына ой жіберген, осы көркем әдебиетте көтерген шығарма болған жоқ.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы да «Ымырт», «Сергелдең», «Күйреу» атты үш кітаптан тұрады. Оның мазмұны – қазақ халқының Қазан төңкерісі қарсаңындағы және одан кейінгі өмірі. Ә. Нұрпейісов бұл шығарманы он бес жылдан астам уақыт жазған болатын. Еңбек өз нәтижесін беріп, роман қазақ әдебиетінің мақтанышына айналды.

Шығармадағы бүкіл тартыс екі кейіпкердің, екі жиынтық характердің арасында өтеді. Оның бірі –Еламан, екіншісі – Тәңірберген. Бірі - әлеуметтік тұрғыдан алғанда, кедейліктен көз аспаған, қарапайым балықшы, екіншісі – атақты бай Мырза.

Біріне – бірі қосылмас қос арнаны тоғыстырған және ажырамастай етіп біріктірген, өмірінің соңына дейін біріне – бірі қас қылып қойған тартыс – ірі қоғамдық - әлеуметтік астары бар тартыс.

Романның басталуында осы екі кейіпкер екі түрлі сипатта көрінеді. Еламан қарапайым тірлікке көндіккен, қиындығына мойынсұнған көптің бірі. Өзіне деген

жылуы жоқ жары Ақбаламен қосақталып, тіршілік кешіп жатқан жан. Ал Тәңірберген – керісінше, өр мінез, тәкаппар, айлалы, мерейі биік азамат. Сонымен қатар романдар Кәлен, Мөңке, Дос, Ақбала, Судыр Ахмет сияқты қарапайым жандар да дара тұлға ретінде сомдалған. Үстемдік пен жауыздық іс - әрекет өкілдері Құдайменде, Феодоровтардың, аярлық пен айуандықты серік еткен озбыр қылығы аяусыз әшкереленген.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Қазақ әдебиетіндегі тарихи романдар.

І. Есенберлин «Көшпенділер» Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» романдарының қазақ әдебиетінде алатын орны.

1. Ә. Нұрпейісовтің шығармашылығы туралы.

2. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» романында балықшылар өмірінің сипатталуы

### **23-сабақ.**

**Ш. Мұртаза** «Қара маржан», «Қызыл жебе», **С. Жүнісов** «Ақан сері»,

**Қ. Жұмаділов** «Дарабоз»

*Ш. Мұртаза 1932 жылы 28 қыркүйекте Жуалы ауданы, Мыңбұлақтағы Талапты ауылында дүниеге келді. Әкесі Мұртаза 1937 жылы Сталиндік репрессия құрбаны.*

*Анасы Айша өмір бойы колхозшы болып, 1988 ж дүниесіз қалды. Ш. М. 1950 жылы Тараз қаласындағы қазақ орта мектебін бітіріп, 1955 жылы Мәскеу мемлекеттік университетін тәмамдап, журналист-редактор мамандығына ие болды.*

*1955 жылдан бастап Алматыдағы «Көркем әдебиет» баспасының редакторы, 1956 жылының күзінен 1960 жылға дейін «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің әдеби қызметкері Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі. 1960-1963 ж «Социалистік Қазақстан» (қазіргі Егемен Қазақстан) газетінің әдеби қызметкері, Қостанай облысы бойынша меншікті тілшісі. 1963-1969 жылы «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы. 1970-1972 жылы «Жалын» журналының, 1972-1975 жылы «Жұлдыз» журналының бас редакторы.*

*1975-1980 жылы Қазақстан жазушылар одағының 2-хатшысы.*

*1980-1989 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы.*

*1989-1992 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы.*

*1992-1994 жылы Қазақстан мемлекетінің телерадиокомпаниясының төрағасы.*

*1990-1995 жылы Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты.*

*1999 жылынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.*

Ш. М. – Қазақстанның халық жазушысы. Ол көптеген әңгіме, повесть, роман пьесалардың авторы: «41-жылғы келіншек», «Мылтықсыз майдан», «Қара маржан», «Қызыл жебе», «Ай мен Айша», «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Жетім бұрыш», «Домалақ ана», «Елім, саған айтам, Елбасы, сен тыңда» т.б.

Ш. М. Ш. Айтматовтың «Ботакөз», «Қос Гүлсары», «Боранды бекет», «Жан пида» роман, повестерін қазақшаға аударды.

Мемлекеттік сыйлықтың, «Алаш» сыйлығының және Т. Рысқұлов атындағы сыйлықтың иегері, «Отан» орденімен марапатталған.

Жамбыл облысының Түркістан, Астана қаласының құрметті азаматы

*«Қызыл жебе» романы. Ш. М. «Қ. Ж.» романы ірі мемлекет қайраткері Тұрар*

*Рысқұловтың балалық шағын, өскен ортасын суреттеуге арналған. Қатал тағдыр*

қалыптастырған жас Тұрардың шағын іс-әрекетінен-ақ болашақ революционердің бұлтартпас мінезі, алғырлығы осы романда аңғарылған.

«Тамұқ» романы. Жазушының отыз жыл ғұмырын арнаған кесекте, қабырғалы туындысының соңғы осы кітабынан қаламгердің жан сырын, Т.Рысқұловқа деген іңкәр көңілі мен махаббатын айқын аңғаруға болады.(соңғы түйін- автордың Т.Рысқұловпен қоштасуының қысқаша мазмұны)

«Мылтықсыз майдан» романы. Жазушы бұл романын өзінің туып өскен ауылы «Талаптыдан» қан майданға аттанып, қайтпай қалған, есім ерлерге, ағаларына арнап жазған. (қысқаша мазмұны)

«Қара маржан» романы. Ш.Мұртазаның «Қара маржан» романында адамдардың тағдыры, ой-арманы, орайласқан өмірлері шын шеберлікпен бейнеленген. Қарасай комбинаты мен Нәртас кенінің өркендеу жолы, ондағы интелегенция мен қарапайым еңбекшілердің өмірі мен еңбекте табысқан достық романда әсерлі шешімін тапқан. (қысқаша мазмұны)

«Ай мен Айша» романы. Жазушының бұл романында шешесі Айша мен жазушының өзінің өмірі баяндалған. Бірнеше бөлімдерден тұрады. Мысалы «Боз ала таң», «Қарау қанат балапан», «Бір тарының қауызы», «Бақа жұтқан жылан», «Әмірекұл», «Шырақ», «Алғашқы сынақ», «Фамилия дауы» т.б. (қысқаша бір бөлімнен үзінді)

«Соғыстың соңғы жесірі» әңгімелер. Ш.М бұл жинағында әр жылда жазылған әңгімелері топтастырылған. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және одан кейінгі ауыл өмірі, адам тағдыры мен мінезінің қилы-қилы қалтарыстары адамгершілік, достық пен махаббат, табиғатты қорғау жайлы жазылған. *Осы жинақтағы әңгімелері:* «41 жылғы келіншек», «Бір нәзік сәуле», «Сол бір күз», «Интернат наны», «Қыз бен бота», «Көкемарал гүлдегенде», «Соғыстың соңғы жесірі».

Біз бүгін Ш. Мұртазаны қазақ халқы, замандастары қалай бағалағанын, халқы үшін қандай тұлға болғанына көз жеткізу үшін- «Ағалар айтқан...» «Інілер ілтипаты» және «Замандастар лебізіне» құлақ түрейік.

«Ағалар айтқан...»: Қалтай Мұхаметжан жазушы:

Ш.Мұртазаның бойынан кесек тұлғаны, кенен дарынды және барша көпке сыйымды әрі керемет сыйлы бірқұйма сипаттарды көремін, бағалаймын. Өйткені Шерхан шын мәнінде көрнекті суреткер, асқаралы азамат, батыл қайраткер.

Қазақ драматургиясы және қазіргі уақыт.

XX ғасырдың бас кезінде пайда болып, 60- жылдардан кейінгі әдебиетте өркен жая бастаған қазақ драматургиясы қарқынды дамыды. Көптеген драмалық туындылар жазылып, олар театр сахналарында қойылып, көрермен ілтипатына бөленді.

Таланты драматургтер Т. Ахтановтың тарихи тақырыпқа жазылған «Ант», Қ. Мұхаметжановтың соғыс өрті өмірін сергелдеңге ұшыратқан шеттегі бауырларымыздың қиын тағдырын арқау еткен «Жат елде», С. Жүнісовтің төңкерістің ұлт өміріне әкелген өзгерісін көрсеткен «Ажар мен ажал», Ш.Мұртазаның кеңестік құрылыс әкелген құрылыс қасіретті ашатын «Сталинге хат» пьесалары осы саладағы елеулі табыс екені анық.

Қазіргі драматургиядан бүгінгі өмір тынысын жан- жақты көрсетуге және замандас басына түскен қат – қабат қиындықтың түпкі себеп – салдарына үнілуге, қаһарманның жан дүниесі мен рухани өрісіне бойлауға деген ұмтылыс айқын танылады.



Д. Исабековтың «Әпке», О. Бөкеевтің «Текетірес», С. Жүнісовтың «Күнгей мен көлеңке» пьесалары осы талаптан туған туындылар.

60- жылдардан кейінгі драматургияда, әсіресе тарихи тақырыпқа көбірек назар аударыла бастады. М. Әуезовтің «Абай» трагедиясынан бастау алған бұл дәстүр С. Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», «Сәкен Сейфуллин», Ә.Тәжібаевтің «Майра», Т. Ахтановтың «Ант», Ш. Құсайыновтың «Біздің Ғани», «Үкілі Ыбырай», Ш. Мұртазаның, «Бесеудің хаты», т.б. пьесаларымен іштей үндесіп, өз жалғасын тапты. Олардың біріне тарихи тұлғалардың өнегелі өмірі арқау болса, екіншісінде ел тағдырының қиын – қыстау кезеңіндегі аса бір аянашты тарихи шындық қаз – қалпында бейнеленеді.

### **Бақылау сұрақтары.**

1.Т. Ахтановтың тарихи тақырыпқа жазылған, Қ. Мұхаметжановтың соғыс өрті өмірін сергелдеңге ұшыратқан шеттегі бауырларымыздың қиын тағдырын арқау еткен, С. Жүнісовтің төңкерістің ұлт өміріне әкелген өзгерісін көрсеткен, Ш.Мұртазаның кеңестік құрылыс әкелген құрылыс қасіретті ашатын қандай шығармалары бар? .

### **24-сабақ.**

**Ә.Кекілбаев** «Аңыздың ақыры», «Бір шөкім бұлт»,  
**М.Мағауин** «Таының өлімі», **О.Бөкеев** «Біздің жақта қыс ұзақ» **Әдеби жанрлар.Әдебиет танытушылар**

Әбіш Кекілбайұлы 1939 жылы 6 желтоқсанда Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде дүниеге келген. Алғашқы өлеңдер жинағы «Алтын шуақ» 1962 жылы, «Бір шөкім бұлт» 1965 жылы жарық көрген. Оның көптеген шығармалары ТМД халықтары мен шетел тілдеріне аударылған. Біз бүгін жазушының қазақ әдебиетінің үлкен табысы ретінде бағаланған "Үркер" романына тоқталамыз. Романда кіші жүз руларының Ресей империясына қосылған кездегі жағдайы суреттеледі. Шығарма негізгі 4 бөліктен тұрады: Тығырық, Елшілік, Арбасу, Айқас Үркер романы - қазақ елі басынан өткерген аса ауыр кезеңдерді, XVII-XVIII ғасырларда орын алған ірі-ірі оқиғаларды тарихи деректерге сүйеніп жазылған, көп қанатты, тарих шежіресін жырлайтын тамаша туынды. Ол әдебиеттегі тарихи шығармалардың қатарында белді жерден орын алатын, көркемдік дәрежесі жоғары, айрықша орамды шығарма. Роман мазмұны, ең басты, нағыз өзекті мәселесі – қазақ елінің өз жері, өз бостандығы, дербес ел болып қалыптасуы үшін талай жылдар бойы табан тіресіп жүргізген күресінің жайы, айбынды асулары. Шығармада талай тар жол, тайғақ кешулер арқылы өткен өткелдер жалпы алғанда дәлелді де, әділетті де айтылған. Шығарманың басты кейіпкерлері – Тәуке, Әбілқайыр, Бөкенбай, Тевкелев немесе бірдің емес бүкіл елдің атынан сөйлеген билер: Қазыбек, Төле, Әйтеке. Бұдан басқа персонаждар ойдан шығарылған адамдар емес, өмірде, тарихта болған, қоғам өмірінде өшпес із қалдырған тұлғалар, қайраткерлер. Бұл шығарманың басқа шығармалардан ерекше айырмашылығы мен артықшылығы – ол түгелдей өмірде болған оқиға желісінде жазылғандығы. Сондықтан да бұл шығарма шын мәнісінде тарих шежіресіне құрылған тарих жанрына жататын туынды. Мұның өшпес маңызы мен тарих төрінен алатын орны орасан зор. Қазақ хандықтарының Ресей империясына деген көзқарасы, бұған байланысты бұл мемлекетпен жақындасуға, мүмкін болса тіпті одақ жасауға бағытталған ниеттері мен әрекеттері әр жақты әңгімеленген. Бұл да, әлбетте, әбден

орынды, екі ел арасындағы елшілік қатынастырды көрсету арқылы баяндалған. Бұл - тарихи шындыққа әбден жақын. Шығармада суреттелген шытырман жағдайларда, қазақ жері мен елінің тағдыры қыл үстінде тұрғанда, бостандығы мен дербестігінің сақталуы қауіпті жағдайда болып жатқанда, халық кемеңгерлігінің көрінісі керемет көрсетілген. Өмірлік мән бұл мәселелерде жан-жақты, орынды айтылған. Бұл арада ел ойы мен тілегі, замана талаптары тапқан Әбілқайыр ханның, оның толып жатқан жақтастарының әрекеттері жан-жақты талданып, барлық жақтарынан бірдей, қайшылықтарымен бірге баяндалған. Әбіш Кекілбаев алдымен кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресейге қосылу жөніндегі антын әр жақты сипаттап, қазақ елінің Ресейдің қол астына қарау процесін сипаттайды. Бұл – нағыз өмір шындығы.

Бұл роман қазақ елі өміріндегі аса қиын, асулы кезеңдерді қамтитын, әлеуметтік дамудың өзекті мәселелерін әңгіме ететін кең шығарма. Тарихи тақырыбы мен атқаратын идеялық рөлінің маңызы жағынан да, көркемдігі мен тіл тартымдылығы жағынан да "Үркер" романы қазақ әдебиетінің нағыз төрінен өзіне лайық орын алған құнды шығарма.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. "Үркер" романда кіші жүз руларының қандай жағдайы суреттеледі?
2. Шығарма неше бөліктен тұрады?

## **25-сабақ**

### **Бақылау жұмысы**

#### **Шығарма, мазмұндама жазу.**

### **Оқушылардың білімін бағалау көрсеткіштері.**

Ауызша (жазбаша)

«5» (өте жақсы)-оқу материалдарының мазмұнын толық және терең меңгергені үшін, өз ойын жүйелі, нақты жеткізгені, қатесіз жазғаны және қосымша әдебиеттерді пайдаланып өз пікірін айта алғаны үшін. Жазба жұмысында 1-2 қате жібергені үшін.

«4» (жақсы)-оқу материалын толық меңгерген, дегенмен қосымша жауап беру үшін 2-3 сұрақты қажет ететіндігі үшін. Жазба жұмысында 2-3 қате жібергені үшін.

«3» (қанағаттанарлық)-оқу материалын біледі, түсінген, бірақ баяндау мен өз ойын жеткізудегі кемшіліктері, тақырыптан ауытқу. Жазба жұмысында 5-6 қате жібергені үшін.

«2» (қанағаттанарлықсыз)-жүйесіз білім, сөйлем құраудағы кемшілігі, өз ойын жеткізе алмауы, жазба жұмысындағы стилистикалық, грамматикалық қателердің мейлінше көп болғандығы үшін қойылады.

### **Әдебиеттер мен оқу құралдарының тізімі.**

## **Негізгі:**

1. Қазақ әдебиеті. Оқулық. 10, 11 сынып. Техникалық және жаратылыстану бағыты. «Мектеп, 2014ж.»
2. Қазақ әдебиеті. Қосымша. 10, 11 сынып. Техникалық және жаратылыстану бағыты. «Мектеп, 2015ж.».
3. Әдебиеттану терминдер сөздігі.
4. С.Қирабаев, Мырзалиев. Оқулық «Қазақ әдебиеті» (10-11 сынып). Алматы, «Рауан», 2014.
5. Х.Әдібаев, З.Қабдолов, Р.Нұрғалиев. Оқулық «Қазақ әдебиеті», Алматы, «Рауан», 1914ж.
6. Қазақ әдебиетінің хрестоматиясы (10-11 сынып). «Рауан», «Атамұра».

## **Қосымша:**

1. А.Қыраубаева. «Ғасырлар мұрасы». Алматы, «Мектеп», 1998ж.
2. М.Әуезов «Абай жолы» I, II том. Алматы, «Жазушы», 1980ж.
3. Баспасөз материалдары: «Қазақ әдебиеті» газеті «Жалын», «Жұлдыз», «Абай» журналдары.

## **Оқытудың қосымша ұсыныс құралдары:**

1. Компьютерлік сынып.
2. Интерактивтік тақта.
3. Әдістемелік көмекші құралдары ( кестелер, сызбалар )
4. Әр түрлі деңгейге арналған тест тапсырмалары.
5. Бақылау жұмыстарының жиынтығы.
6. Видео, аудио материалдары.